

А.А. Жакупов, Д.И. Джангельдина.



Өлкетану

Оқу құралы



Алматы, 2021

ӘОЖ 908 (504)

КБЖ 26.89 (5)

Ж 22

*Қазақ технология жыне бизнес университетінің
Ғылыми-әдістемелік кеңесімен
баспаға ұсынылды (хаттма №2 24.01.2019ж)*

Пікір сарапшылар:

О. Б. Мазбев – география ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Физикалық және
экономикалық география» кафедрасының профессоры

Қ. Б. Жуманазаров – экономика ғылымдарының кандидаты,
доцент Қазақ технология жыне бизнес университетінің «Менеджмент және
туризм» кафедрасының қауымдастырылған профессоры

А. Секенұлы – PhD доктор, ЖШС «Еуразия-Астана» директоры

Жакупов А.А, Джангельдина Д.И.

Ж 22 Өлкетану: оқу құралы / автор.: А.А.Жакупов, Д.И. Джангельдина
–Алматы: Лантар Трейд ЖШС, 2021. – 105 б.

ISBN 978-601-326-352-6

Бұл оқу құралында туризм дамуының тарихи алғышарттары, туризм термині мен оған қатысты ұғымдар айтылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы тарихи-өлкетану пәні, міндеттері, мақсаты мен негізгі ұстанымдары, тарихи өлкетану - дереккөздерінің түрлері, археология ғылымының тарихи өлкетанудағы рөлі, тарихи өлкетануды оқытуда этнография және этнология ғылымдарының орны, Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану және т.б. тақырыптар қарастырылады.

Оқу құралы жоғары оқу орнының география жыне туризм мамандығы бойынша студенттеріне, жалпы білім беретін орта мектеп, гимназия, лицей оқушыларының географиядан алған білімін толықтыруға және алған білімін сарапауға көмектеседі. Студенттерге туризм жыне өлкетану негіздерімен таныстыратын мамандыққа кіріспе болып табылады.

ӘОЖ 908 (504)

КБЖ 26.89 (5)

ISBN 978-601-326-352-6

© Жакупов А.А., Джангельдина Д.И., 2021

© Лантар Трейд ЖШС, 2021

Kиpисе

Заманауи өлкетану зерттеулерінде ең басты орынды аймақтың табиғатын зерттеу және көрғау болып табылады. Есте қалатын оқиғалардың фактілерін анықтауға, адамдардың еңбек және әскери ерліктері, тарихи құжаттарды, өткен материалдық мәдениеттердің объектілерін іздеуге және т.б. айналысады.

Өлкетану мен туризм бір-бірімен өте тығыз байланысты. Өлкетану туралы сенімді және алуан түрлі мәліметтер болмаса, экскурсия мен туристік маршруттарды әзірлеу мүмкін емес. Сондықтан туризмнің негіздерін және өлкетану жұмыстарын білу болашақ туризм менеджерлерін даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Өлкетану бұл жан-жақтылықты ғылыми негізіндегі территориясын білу. Әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени ауыл, қала, аудан, облыстық дамуы осы объектілерді білу болып келеді. Өз өлкесінің тарихи, археологиялық, этнографиялық, географиялық, геологиялық зерттеулерін жүргізу.

Бағыттың максаты - студенттерді өлкетану негіздерімен таныстыру, оларды өз өлкесін танып білуге үрнету. Осы термин «Тұган өлке» танып білуге сабак кезінде және экскурсияда танып білінеді. «Тұган өлке» түсінігі екімшілік аудан, ауыл, қала ретіндегі қалалық аудан, жасыл аймақ. «Тұган өлке» деген термин бұл өзінің облысының аумағы, онымен танысуы және өлкетану әдебиетімен, картографиялық мәліметтермен, сонымен катарап экспурсия кезіндегі зерттеуі.

Курстың міндеті тарихи архивтік құжаттармен, мемуарлармен, географиялық және тарихи карта, туристік карта, мерзімдік басылым бойынша білімдерді алу. Рекреация және туристік экскурсиятану мәселесі бойынша акпарат дайындауды үррену. Өлкетану және мұражай акпаратты туристік экскурсиялық жұмысқа дамыту. Студенттерде өлкетану географиялық жұмысты методикалық жүйемен үйімдастыру және қалыптастыру, өлкетану материалдарын практика немесе басқа оку барысында жүзеге асыру.

Пән сипаттамасы студенттер саяхаттаудың маршруттын білу керек, тоңты жинақтау, снарядтарды дайындау, бірінші кажеттілікті қамтамасыз ету. Мектептік және өлкетанудағы құрамы мен практикалық жұмысты дайындау керек. Географиялық және тарихи карта, туристік карта, мерзімдік басылым және тарихи архивтік акпараттармен дұрыс қолдану. Өлкетану, мұражайтану акпаратты практикалық жұмыста дайындалап білу.

1-Такырып. Қазақстан Республикасының өлкетанудың негізгі мәні мен мақсаттары

Жоспар

1. Өлкетану пәнінің негізгі мәні мен бағыттары.
2. Өлкетанудың зерттелуі.
3. Өлкетану зерттеу нысандары.

Бірде – бір ұлт өз елінің тарихын, мәдениетін силамайынша, өз өлжесінің тарихи және рухани мұрасын қайта қалыптастырып өркендетпейінше, азаматтық және рухани тәрбие жүргізбейінше дамып, өмір сүруі мүмкін емес.

Өлкетану ұғымы М.В.Ломоносовтың кезінде пайда болып еліміздің тарихымен бірге ұзақ даму жолын жүріп өтті, соның негізінде оның өміршөндігі қогамымыз берілгенде қалыптастырылғанда.

Өлкетанудың негізіне, тәлім – тәрбиелік мәніне, білімдік мазмұнына Қоркыт – ата, М. Қашқари, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, А.Иассауи, А. Науай және т.б ғұламалардың еңбектерінде ерекше мән берілсе, казак даласының төл перзенттері, акын – жазушылар А.Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Үәлиханов, М. Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов шығармаларында өлкетану мәселесі көрсетілгенде қарастырылады.

Оз өлжесін тану идеясы мен педагогикалық процесте өлкетану материалдарын қолдану, ұлы ағартушылар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д. Ушинский, А.Я.Герд және басқалардың еңбектерінде негізі қалыптастаскан болатын.

Өлкетану ғылыминың негізін салушы К.Д.Ушинский оның туган тілге және адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызын көрсетіп, жергілікті өлжені танудың педагогикалық мәнін айқындады. Ғылымның бұл саласын К.Д.Ушинский «Отанттану» дег аныктама берді.

К.Д.Ушинскийдің идеялары мен көзқарастары XIX ғасырдың II-і жартысында педагог - әдіскерлердің А.Я. Гердтің (ең алғаш практикаға экскурсияны оқыту әдісі ретінде кіргізді), В.П.Вехтеревтің (балаларды табигатта белсенді оқытуға шақырыш, олардың өзіндік ғылыми іс - әрекеттерін қалыптастыруды), Л.С.Севруктің (табиғат туралы ұғымның біртұтастығын негізделеп енгізген) еңбектерінде жалғасын тапты.

Өлкетану ғылыминың дамуына көптеген педагог - ғалымдар П.П.Блонский, Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.П.Пинкевич, С.Т.Щацкий өз үлестерін косты, олардың еңбектері барлық даму кезеңдерінде тәрбиелік және білім беруде үлкен маңызы болды.

Қазіргі кезде педагогикалық өлкетанудың әртүрлі жақтарына ариалған ғылыми жұмыстар бар. Өлкетануды оку - тәрбие процесінде қолдану мәселеісін, әртүрлі жылдарда бірқатар И.И.Бескоровайный, П.В.Иванов, Д.В.Коцюба және т.б. галымдардың назарын аударды.

Д.В.Коцюба мен В.Дихтерев өлкетануды оқушылар ұжымын тәрбиеледің құралы ретінде қарастыrsa, П.Р.Атуров, М.Н.Скаткин, К.А.Иванович және т.б. өлкетануды оқушыларды еңбекке тәрбиеледің максатында қарастырған.

Өлкетану дегеніміз - белгілі бір аумакты, ауданды, қаланды, селоны, облысты, регионды мемлекет территориясының жеке бөліктерін жан жақты зерттеумен және оқып танумен айналысатын қоғамдық құбылыс. Өлкетану пәні қазіргі таңда қажетті піндердің бірі. Ол бірнеше ғылымдармен тығыз байланысты соның ішінде туризм саласымен тығыз байланыста. Мәселен, туризм және өлкетанудың жақын келетін жақтары біріншіден, екеуінде де тәрбие, білім беру қуралы ретінде қарастыруға болады. Екіншіден, кейбір жұмыс істеу құралдары ортак (экскурсия, жорықтар).

Өлкетану дегеніміз - көлемі жағынан шағын, белгілі бір аумактарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б.) жан жақты оқып білүмен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі.

Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір-бірімен байланысты дүние ретінде қараған жән. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, мәсуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей практикалық маңыздылыққа ие болады.

Өлкетану зерттеу нысандарын салыстырмалы түрде 4 топқа бөліп қаруаға болады:

1. Өлкені табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке табиғат компаненттерін (геология, жер бедері, рельеф, гидрографиясы, климат немесе ауа-райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар (дүниесі), олардың қоғамы әсерінен өзгеру деңгейі мен сипатын және табиғатта жүретін басқа да үрдістерді зерттеу.

2. Өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан халықтардың қосаңытқы ерекшеліктерін анықтау.

3. Өлкенің және онда тұрып жатқан халықтардың тарихы жайлы, тарихи оқигалар жайлы деректер, экспонаттар жинау, өлкеге территориясындағы археологиялық орындарды, тарихи ескерткіштерді, олардың ерекшеліктерін оқып тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдерімен байланыстыру

4. Халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктеріне олардың тілі, діні, салт дәстүрі, фольклоры, халықтың өнері т.б. жатады.

Өлкетанудың жеке түрлері бойынша зерттеу немесе бақылау мақсаты әр түрлі болады. Мемлекеттік және қоғамдық өлкетану бойынша зерттеу көбінесе практикалық, нақты мақсаттар үшін жүргізіледі және бұл өлкетану үшін қолданылатын жұмыс формалары. Негізінен экспедициялар және мұражай жұмыстары болып табылады.

Кейбір мұрағаттарға сүйенсек революцияға дейінде Қазакстанда мектеп өлкетану элементтерінің болғанын байқауға болады. Қазакстанда өлкетанулық зерттеулерді жүргізу XIX ғасырдың аяғында оған орыс география қоғами, академиясы, орыс археологияның шығыс бөлігі және антропология және этнография қоғамдары үлес кости.

Өлкетану пәннің жалпы мақсаты: белгілі бір өлкенің табигаты, тарихы, орналасқан жері, аумағы, шаруашылығы, тарихи жерлері, тарихи ескерткіштері т.б. жерлерін көру және зерттеу мақсаттарында ұйымдастырылады.

Туристік өлкетану пәннің негізгі міндеттері: негізгі рекреациялық ресурстар болу үшін ішкі және халықаралық туризмді нығайту болып табылады. Өлкетану пәннің негізгі әдісі: табиғи ресурстар, материалдық, мәдени ескерткіштері туралы акпаратты анықтау және жүйелеу.

Қорытынды. Өлкетану пәннің қазіргі таңдағы ең маңызды пән екенін түсіндіртіміз келді. Бұл пән туризм мамандығымен тығыз байланыста екенін, осы пән арқылы көптеген өлкенің тарихымен, табиғи ескерткіштерімен, әсем табигатымен өз көзімізben танысуға болатынын айтқым келді. Әрі мен өлкетану пәннің түлери мен формаларына тоқталдық. Оның төрт түрі болады.

Жалпы өлкетану дегеніміз - көлемі жағынан шағын, белгілі бір аумақтарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б.) жан жақты оқып білумен, зерттеумен айналысадын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі.

Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір-бірімен байланысты дүниe ретінде караған жән. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми. әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін.

Өлкетану пәннің жалпы мақсаты: белгілі бір өлкенің табигаты, тарихы, орналасқан жері, аумағы, шаруашылығы, тарихи жерлері, тарихи ескерткіштері т.б. жерлерін көру және зерттеу мақсаттарында ұйымдастырылады.

Туристік өлкетану пәннің негізгі міндеттері: негізгі рекреациялық ресурстар болу үшін ішкі және халықаралық туризмді нығайту болып табылады. Өлкетану пәннің негізгі әдісі: табиғи ресурстар, материалдық, мәдени ескерткіштері туралы акпаратты анықтау және жүйелеу.

Жалпы, Қазакстанның әрбір өлкесі сұлу әрі көркем. Әрбір өлкені одан әрі дамыту үшін, біз, аянбай еңбек етіп, болашак үрпакқа

тапсыруымыз қажет. Өлкені дамыту арқылы туризм саласын Қазақстан елінде карыштап дамуына үлесімізді қосуымыз қажет [1].

2-Такырып. Өлкетанудың тарихи негіздері

Жоспар

1. Тарихи өлкетанудың негізі мен мәні.
2. Өлкетанулық зерттеулердің негізгі ақпарат көзі.
3. Тарихи географиялық ізденістер.

Өлкетану дегеніміз көлемі жағынан белгілі бір аумактарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б) жан – жақты оқып білүмен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі. Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір – бірімен байланысты дүние ретінде қаралған жөн. Өлкетану бойынша жүргізілеттің зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, әлеуметтік, *тарихи географиялық* тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей маңыздылыққа ие болады.

Өлкетану жұмысының салааралық құрамдас белгілі болып – тарих танылады. Оның мақсаты – тарихи ескерткіштер мен қандай да бір өрерриорияның, қаланың, жергілікті жердің тарихын, мәдениетін сақтау болып табылады.

Өлкетанудың ерекше түрі – тарихи өлкетану. Ол – белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқигаларды, тарихи белгілі қоғам қайраткерлерінің өмірін, тарихи–мемуариалдық және тарихи архитектуралық ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін, археологиялық орындарды зерттеумен, оқып–танумен айналысатын өлкетану түрі. Кейбір мамандар сондай–ақ этнографиялық, геопонимикалық, кешенді географиялық және физикалық географиялық өлкетану түрлерін бөледі.

Өлкетанудың зерттеу нысандарын салыстырмалы түрде 4 топка боліп қарасты болады:

1. өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке табиғат компоненттерін.
2. өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан халықтардың қосіптік ерекшеліктерін анықтау.
3. өлкенің және онда тұрып жатқан халықтардың тарихы жайлы, тарихи оқигалар жайлы деректер, экспонаттар жинау, өлкеге өрерриориясындағы археологиялық орындарды, тарихи ескерткіштерді, олардың ерекшеліктерін оқып – тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру.

4. халыктың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу.

Экономика және туризм өзара тығыз байланыста дамиды. Экономикага туризмның әсер етуі мүмкін, сонымен катар керісінше туризм дамуына кең көлемде, зор ықпалды экономика жасайды. Осыдан экономикалық факторлардың туризмға әсері, ең бастысы туризм және экономика дамуының тенденциялары арасында өзара тығыз байланыс болуымен негізделеді. Жоғарыда аталып кеткендей, экономикалық факторлар он және теріс ықпал көрсетеді.

Туризм дамуына оң әсер тигізетін факторлар:

- нақты табыстың өсуі;
- табыстың тең белінің;
- валютаның тұрактылығы;
- тиімді конъюктуралық жағдай.

Туризм дамуына теріс әсер тигізетін факторлар:

- экономикадағы дағдарыс құбыльстары;
- өндірістің құлдырауы (жұмыссыздықтың өсуі, жалақының қыскаруы, уакытша жұмыс жасау);
- валютаның тұраксыз болуы;
- тиімсіз конъюктуралық жағдай.

Елдің экономикалық дамуымен, оның азаматтарының ұлттық табыс көлемімен және материалдық әл-ауқатымен (дәүлестімен) тұра тәуелділік бар. Сондықтан да экономикасы дамыған мемлекет, әлемдік нарыкта өз азаматтарының туристік сапарларының саны жағынан ілгері болады

Мемлекеттің экономикалық жағдайынан тек қана халықтың табысы ғана емес, сонымен катар материалдық-техникалық база және туризм инфрақұрлымы да тәуелді.

Сонымен катар экономикалық факторлар катарына инфляция, пайыздық көрсеткіш, нақты валют айырбас курсының тербелісі де қосылады. Айырбас курсының өзгеруі қүшті және әлсіз валютасы бар елдер арасындағы туристік ағымның көлеміне әсер етеді [2].

Туризмның дамуы тек қана ұлттық қана емес, сонымен катар әлемдік экономика экономикалық циклдың қай фазасында - өркендеу немесе құлдырауда – болуына да сезімтал. Бұған мысал ретінде, айтып өттін жайт XX ғасырдың 80-жылдары экономикалық күйреу кезінде әлемдік туристік саяхаттар едәуір қыскарды.

Әлеуметтік факторлар ішінен бірінші кезекте аталып өтілетін, бұл халықтың бос уакытының артуы (жұмыс уакытының қыскаруы, жыл сайынғы демалыс ұзақтығының артуы), бұл халықтың өмір деңгейінің артуымен қосылып келе жана әлеуетті туристердің ағымын арттырады.

Бос уақыттың артуы қазіргі заманғы ғылыми–техникалық тоғызкеріспен байланысты, бұнда ой еңбегінің маңыздылығы артады да ондірістік және түрмисстық көрнекілер күшіне түседі. Бұның бәрі адамдардың дене тұлғаларының және психологиялық шаршауына экеледі. Үлі қабілеттілікті арттыру үшінкосьымша шараларды қабылдауды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруға көбіне туризм өз септігін тигізеді.

Халықтың бос уақыттының ұзактығы артуына байланысты туризмде екі тенденция байқалды – демалыс кезеңінің бөлшектенуі және қысқа мерзімді саяхаттардың артуы.

Туристік сапарлар ұзактығы жағынан азайғанмен, жиілігі артты. Шілтегі әдебиеттерінде бул құбылыс «аралыкты саяхат» («путешествия с интервалами») деген атауға ие болды.

Жылдағы бір ұзак саяхат орнына, көптеген адамдар бірнеше рет қысқа мерзімді (жаз айында – екі апталық теніз жағалауына саяхат; қыс піиында – бір апталық тау шанғылы саяхат; демалыс және мерекелердегі отбасылық сапарлар) саяхатты таңдайды. Бұндай саяхаттар туристердің белсенділігі мен қозғалысының (мобильділігінің) артуын көрсетеді.

«Қысқа мерзімді» келушілер әдетте бір күнде, келген елді-мекенінде бір күн ғана болатындықтан, ұзак мерзімді сапар шегуші туристерден гөрі көп шығындалады. Сонымен қатар «аралыкты сапарлар» бір жыл аралиғында болғандықтан, туризмның ең бір негізгі киындықтарының бірі – сұраныстың маусымдық өзгерісін жөнделдуге көмектеседі.

«Аралыкты сапарлар» үшінші мынжылдықтағы туризм дамуын инициаторлайты. Бұндай кортындыны «Ховат УК» ағылшын консалтингтық фирмасы жасады. Олар Бұқіләлемдік Туристік Ұйым (БТҰ) тапсырмасы бойынша туристік шығынның 70% келетін келетін әлемдегі 18 елдің демалыс уақыты динамикасының зерттеуін жүргізді. Нәтижесінде, XXI ғасырдағы туристік сапарлар ұзактығы 3-4 күнге дейін қыскарады, бірак демалысқа деген үзіліс және адамның өмірлік күшін қалпына келтіруге құнштарлық артады деген болжам жасады.

Әлеуметтік факторлар қатарына, сонымен қатар білім деңгейінің, мәдениет, халықтың эстетикалық қажеттіліктерінің артуы жатады. Зерттеулерге жүгінсек, адамдардың білім деңгейі мен саяхатқа деген икемділігі арасында тәуелділік бар. Үлі мәдениет және білім деңгейі жоғары адам өзінің бос уақытын туризм көмегімен қоршаган органды таптуға, басқа елдер мен халықтардың тарихы, өмірі, тұрмысы, фольклоры және енерімен танысуға рациональды жүмсайды.

Соңғы уақытта, яғни XX ғасырдың соңғы онжылдығында экономикалық және әлеуметтік факторлар әсерінен батыс Еуропа етаптерінде коғамдық сана елеулі өзгерістерге ұшырады: рухани құндылықтар материалдық құндылықтардан маңыздырақ. Қазіргі таңда

адам материалдық игілікті тұтынудан бұрын, жаксы әсер, өмірден ләззаталуға талпынады. Осыдан шығар кортынды, қоғамның тұтынушылық құрылымында туризмның орны және рөлі өзгерді.

Туристердің қажеттіліктері де өзгерді: төменгіден-жоғарыға, жұмысқа қабілеттілікте арттырудан – адамның өзінің жекелей қабілеттерін жүзеге асыру және интеллектуалды сұранысын қанағаттандыру.

Әр окульпта туризм дамуына әсер етуші әлеуметтік және экономикалық факторларды әр түрлі қасиеттерімен сипаттайтыны. Көбінде оларды топтастыра қарастырады, мысалы. Әлеуметтік-демографиялық және каржылы-экономикалық. Әлеуметтік-демографиялық факторларды тұрғылықты халықтың жасы, бос болу деңгейі, жеке басты адамдардың болуы, баласыз отбасылар, неке киодагы жастиқ тенденция, зейнетакы жасы, білім, мәдениет деңгейі, тұрғындардың эстетикалық талғамы, қоғамдағы материалдық және рухани қажеттіліктердің қатынасы, урбанизация және тағы да баска көрсеткіштер құрайтыны. Бұл көрсеткіштер туризм үшін зор ықпал иесі.

Тарихи өлкетану нысаны, пәні, міндеттері, мақсаттары мен негізгі ұстанымдары.

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың бір саласы ретінде өзіндік тарихи пән болып табылады. Ол сондықтан екі ерекшелікке ие: 1) тарихи оқиғаларды жекешелей қарайды және 2) өзіндік жеке сала болып табылады. Бұл тарихи-өлкетану саласындағы: танушылық, қайта караушылық, бағалы-бағыттылық, коммуникативтік сиякты әртүрлі бағыттар бойынша бөлінеді:

Тұған өлкені зерттеу ерекше қанағаттандырылыш алатын, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала болып табылады. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік дерек және оның механизмі ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол әртүрлі себептермен зерттеушінің қызығушылығын туғыздады. Өлкенің тарихы – бұл өте құрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді, жұмыстың көптігімен, уақыт кезеңінде де өте құрделі болып келеді. Өлкетануды зерттеудің негізі-жергілікті жердің тарихы. Зерттеу нысандары: ауылдың, қаланың, ауданының, облыстың, республиканың әлеуметтік экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, сонымен қатар олардың табиги ерекшеліктерінің дамуы болып табылады.

Өлкетанудың негізгі анықтамасы – әр елдің өзіндік жеке тарихы саналады. А.С.Барковтың берген ғылыми анықтамасы бойынша, «Өлкетану - бұл бірнеше ғылымның кешенді жиынтығы. Ол әртүрлі әдістері мен мазмұнына қарамастан, өлкенің тарихын жан-жақты қарастыруға бағытталады».

«Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуын

түжкырымдамасында»: «Тарихи ағарту және тәрбиелеу жастарды өз халықының рухани әлеміне баулуға, оның мәдениетінің, тарихының пімірларын үйрету, халық поэзиясы, музыкасын, бейнелеу өнерін үсінуге ықпал ету. Осы мақсаттарға орай олкетану жұмысын жаңғырту, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін корғауды күшайту керек», - дедінген.

Қазіргі уақыттың ұлгісінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық тарих туыстық сезімі арқылы өтіп жаткан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру үдерістері. Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жаңа көнам құрылышшыларының касиетті күш-куаты, патриотизм, бабалар ісіне деген мактаныш сезімі жинақталған.

Өлкетанудың көрнекті өкілдері ойларының шығармашылық мұрасын зерттеу, отандық мектептің өзгешелігін анықтау, осы мәселелермен айналысу, тарих ғылымы бос сөздерден біртіндеп айырлып көле жаткан кезде, тарихи шындықты орнату ұмыт қалған есімдерді қайтару қажет.

Өлкетану әлеуметтік-мәдени тәжірибелің көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи-мәдени мұраны сактау мен зерттеу, мемлекеттік мұрағат, музей корларын жинақтау, халықтың тарихи сезімін қалыптастыру көп жағдайда соған байланысты болады.

Маңызды мәселе бірақ, әлі күнге дейін казақстандық өлкетану әдебиеттерінде көрініс тапшаған, отандық музейтану және өлкетану ойларын зерттеу тарихи мәселелері болып табылады. Оның үстінен көрнекті ғалымдардың Қазақстанды зерттеуге қосқан үлесін талдау күжеттілігі, баяғыдан бері пісіп-жетілді.

Бұндай шараларсыз кейбір маңызды мәселелерді анықтау, ғылыми зерттеулердің болашақ бағыттарын белгілеу және қазіргі өлкетану саласында өңдеу жұмысын жүргізу мүмкін емес.

Қадір-касиеттік деп шартты атауға болады, ол отандық өлкетану ойын шыныайы басымдылыққа жеткізу қажеттілігі мен өлкетану ісінің теориясының тарихы мен өркендеуіндегі көзге көрінбейтін билік құруылуына байланысты.

Зерттеудің негізгі формалары мен әдістері. Әдіс – зерттеу мазмұндау ісілі, жолы және тарихи өлкетанудың түрлі салаларының менгеру имадепаралының жиынтық ретінде өте маңызды. Сол немесе басқа да сипаттарды менгеруге қойылған міндеттерге байланысты ол әртүрлі болып келеді. Ал міндеттер менгеру пәнніне байланысты анықталады.

Әдіс табиғат, қогам мән ойлаудың құбылыстары мен зандылықтарын менгеруге бағытталған ережелер мен тәсілдер жүйесі ретінде де көрініс тибанды. Белгілі бір нәрсені орындау әдістерінің жиынтығы әдіснаманы құрғайды.

Тарихи факторлардың мәселелік әдісіне негізделген анализі (сараптама) мен синтезін тіркеу жасалады. Тарихи білімдерді талдау қорыту әдісі өте маңызды. Білім жүйелеу қажеттілігін тудырады.

Классификациалау (сыныптау) кешенді өндеу методикасын кайта өндеу, деректерді зерттеу мен колдану, табу тәсілдерін анықтау өте өзекті мәселе болып тұр.

Тарихты зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, арнайы маманданған археология және этнология кафедралары бар республикалық алдыңғы қатарлы жоғарғы оку орындарының (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Е.Бекетов атындағы ҚазМУ, Х.А.Яссасуи атындағы ХҚТУ, С.Торайғыров атындағы ПМУ т.б.) ұйымдастырылумен жүргізілген тарихи-археологиялық, этнографиялық, тарихи-тұрмыстық, экспедициялары нәтижесінде жиналған мол материалдар өлкетануда маңызды рөл атқарады. Экспедициядан жиналған заттай материалдар, ереже бойынша, облыстық өлкелік музейлердің корлары мен экспозицияларына жіберіледі.

Өлкетану тарихпен, археологиямен, этнографиямен, демографиямен, косалқы тарихи пәндермен байланысты. Сондыктан өлкетанумен айналысу ғылыми зерттеу жұмысына жағдай жасайды.

Зерттеуші өлкетанушылардың коғамдық өмір тарапынанда жаратылыстану тарапынан да коршаған ортаға, құбылыстарға, дәлелдерге қызығушылық танытуы осы мәселе бойынша болмыстардың пайда болуына алыш келді. Оларға біз мерзімдік және басылымдарды баспаларды жатқызамыз.

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың бір саласы ретінде өзіндік тарихи пән болып табылады. Ол сондыктан екі ерекшелікке ие:

- 1) тарихи оқиғаларды жекешелей қарайды;
- 2) өзіндік жеке сала болып табылады.

Сондыктан тарихи өлкетану саласындағы танушылық, кайта караушылық, бағалы бағыттылық, коммуникативтік сиякты әртүрлі бағыттар бойынша бөлінеді.

Тарихи өлкетану коғамдық ой пікірді ерекше қанағаттандыра және қалыптастыра алатын сала болып табылады. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік және оның механизмі жергілікті дәстүр болып табылады. Яғни ол әртүрлі себептер мен зерттеулердің қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы бұл құрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді. Жұмыстың көптілігі мен уақыт кезінде де құрделі болып келеді. Өлкетанудың зерттеу негізіне

жергілікті жердің тарихы жатады.

Олкетану – мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ, бір тақырыштық жиынтықты құрай отырып, оның ішінде тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін (жол ашытын) бірнеше ғылыми пәндер кешені.

Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын шарттайтін кешендік географиялық өлкетану болып болінеді. Өлкетанудың негізгі әдісіне аумак туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, гомырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу кіреді [3].

3-тақырып. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы. Негізгі кезеңдері

Жоспар

1. Орыс саяхатшылары мен тарихшыларының қазақ халқының тарихын зерттеудегі ролі
2. Ш.Ш. Уәлихановтың өлкетану ісіне қосқан үлесі.
3. А.Құнанбаев, І.Алтынсарин және олардың туған өлкені зерттеп-тапудағы ролі

1. Қазақстанда өлкетану ісінің басталуы. Өлкетану бұл жаңа құбылыс емес, оның тамыры адамзат тарихының көне дәүрінен бистауда. Бұл жұмыстар XVIII-ғасырдың басталу кезеңі, сол кездегі кілік халқының экономикасы мен мәдениетін, тарихын зерттеумен айналысқан орыс және жергілікті зиялыштардың демократиялық бөлігінің прогрессивті ролінің күштейген кезеңі.

Қазақстандағы өлкетанудың пайда болуы – XУІІ ғ. Өлкетану XVІІІ ғасырда әсіресе кең құлаш жайған. Географияның гүлденген уақыты деп атапады. Өлкетану зерттеулерінің нәтижесі жергілікті әкімшілік құжаттарында, губернатор «Есебінде», губернияның «Топографиялық жиындарында», Бас жер өлшеушілер материалдарында көрініс берді.

1834 ж. жергілікті статистикалық мәліметтерді жинау, өндөу қажеттілігі, губерниялық статистикалық комитеттер күру қажеттігін ишкендейді. Олардың міндеті: жергілікті әкімшілік статистикасының толық нақты жазу, статистикалық экспедицияларды жабдықтау.

Олкетану жұмысын өлкетану музейлер XІХ-ғасырда кең жайдырды. XIX ғасырдың басында өлкені зерттеуші коғамдар пайда бола бастады.

Ресейде губерниялық және уездік (болыстық) экономикалық консистер, жергілікті еңбек және қорғаныс кеңесін ашуға шешім

қабылдады (СТО – Совет труда и обороны). 1917 жылы Халық-агарту комиссариатының күрамында ғылыми бөлім құрылды. 1923 ж. өлкетану журналдары шыға бастады: «Өлкетану», «Орталық өлкетану бюросының хабаршысы» (Известия ЦБК, 1925 ж.). 1930-1936 жж. «Кенес өлкетану» деп аталды. Бүкілреспейлік өлкетану конференциялар 1924, 1927, 1 Бүкілқазақстандық ғылыми-өлкетану съезі 6.04.1930 ж. етті.

Өлкетану зерттеулер көп университеттер, ғылыми қоғамдардың бөлімшелер мен филиалдар: Еркін экономикалық, археологиялық, географиялық, Ресейдің бұрынғы тарихы, жаратылыстану қызығушылар, антропология және этнография қоғамдар, губерниялық архив комиссия, земстволар жүргізді.

2. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері

1 кезең. Революциядан бұрынғы кезең, патшалық Ресейдің киыр алыс түкпірлерінде өлкетану үйірме, қоғамы мұражайлары пайда болды. Олар жергілікті мәдениет саласы халық тұрмысын жазып, жинау зерттеуде елеулі табыстарға жетті. Бұл кенес дәуірі кезеңіндегі өлкетану қозғалысының кен өркендеуіне бастама болды.

2 кезең. Кенес өлкетануының пайда болуы мен калыптасуы 1917 жылдан 20 – жылдардың ортасына шейін. Онда өлкетану ғылыми – мәдени қозғалыс ретінде нығайды.

3 кезең. Көпшілік өлкетану қозғалысының ғулдену кезең. 20-шы жылдардың ортасынан 30-жылдардың ортасына шейін. Онда Кенес тарихы өлкетануының негізгі тек орталықтаған емес, Республикада да қаланды.

Орыс саяхатшылары мен тарихшыларының қазақ халқының тарихын зерттеудегі ролі

Ресейде орыс кітап басып шығаруы XVI ғ. ортасында пайда болып тарихи мәліметтер, саяси-экономикалық адамдардың рухани өмірі туралы кітаптар құрт көбейді.

XIX ғ. соны -XX ғ. басында, әсіресе қызығушылық тудырған басылымдар Ресей тарихы бойынша жекелеген анықтама басылымдар, жол көрсеткіштері, өлкетану анықтамалары, монографиялар: губерниялық статкомитеті шығарған қоғамының еңбек жинактары және жазбалары, Еркін экономикалық қоғам, жаратылыс, білім, антропология, этнография әуесқойлар қоғами, Орыс географиялық қоғами ежелгі Ресей және тарих қоғами, университеттердің археологиялық қоғами, губерниялық архив қоғамдары, жергілікті өлкетану қоғамдары (мысалы, «Костромалық байырғылар» т.б мекемелер әрі жергілікті газет-журналдар көп томды «Орыс өмірбаян сөздігі», «Татар дәуірі кезіндегі Солгустік Ресейдің жекелеген ұлы князьдары», В.Н.Татищевтің «Лексиконы» (1793),

А.А.Плошардың 17 томдық «Энциклопедиялық лексиконы (1735-1747), С.А. Селивековскийдің 3-томдық «Этнографиялық сөздігі» (1821-1826).

XIX ғ. 2-жартысы XX ғ. басында шықкан әмбебап инциклопедиялардың ішінде айта кететіні: И.И.Березинің 16 томдық «Орыс энциклопедиялық сөздігі» (1873-1879), Брокгауз және Эфронның «Энциклопедиялық сөздігі» (1-ші басылым 82 том және қосымша 4 том (1890-1907ж.), С.Н.Южаковский 22-томдық «Үлкен энциклопедиясы» (1-ші басылым 1900-1902 жж., 2-ші басылым 1902-1909 жж.), ағайынды Гранаттардың «Энциклопедиялық сөздігі» басылым 1892 жылдағы шейін шыгарылған және 21 том - кеңес дәүірінде).

Әртүрлі анықтамалар мен сөздіктер: П.П.Семеновтың «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігі» 5 томдық (1863-1885 жж.), П.П.Семенов Тянь-Шанскийдің редакциялық басқарумен (1881-1889) барлығы 12 том «Біздің отанның толық географиялық жазбалары». Бұл басылымда өлкенің толық мағлұматын, оның табиғатын, тарихын, тұрғындардың тұрмысы мен мәдениеті, шаруашылығын, көптеген елді-мекендерді және революциядан бұрынғы Ресейдің көрнекті жерлерін табуга болады.

А) XVI ғасырдағы орыс әдеби деректемелерінің пайда болуы. Казақ халқы туралы алғашкы өлкетану мәліметтер

Б) XVII ғ. соңы- XVIII ғ. басындағы қазақтар туралы өлкетану мәліметтерінің толығуы және тереңдеп тілуі Қазан төңкеріске дейінгі қазақ олесін зерттеудегі ғылыми бағыттар

В) Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңдегі өлкетанулық тәрітісулерінің дамуы (XVIII ғас. II ширегі - XIX ғас. ортасы.): М.Тенкелев, И.К.Кирилов, В.И.Татищев, Г.Ф.Миллер еңбектеріндегі кириқ этнографиясы мәселелерін саралау.

Тұрік тілді халықтардың әдет-ғұрып, құқы және наным туралы мәліметтер славян халқы ауыз шығармашылығында, жылнамаларда және тарихи баяндауларында кездеседі. Мысалы, Нестордың «Повесть временных лет» (1113) еңбегінде көптеген түркі тайпалары, Елді бойымен Азияға шығысқа жолы айтылады. Орыс үкіметі XV-XVI ғасырдың өзінде әкімшілік қазақ халқына қызығыушылық танытып, ол туралы әртүрлі мәліметтер жинаған, олар жазылып Мәскеу приказдарында, патша кеңселерінде санылған. Осылайша 1575-1584 жылдардағы сақталған патша архивінің жаңа балары көрсетілгендей, 38-жәшіктегі «Қасым ханың тұсындағы қалыңдардың кітаптары мен тізімдері» (Актілер, археологиялық экспедициялар жинағы. Т.1- СПб, 1836, 289-339 бет). Орыс көпестерінің әдеби саяхатшылардың сұрау салу хаттамасы, арнайы тыңшылардың, елшілерде қызмет адамдарының мәлімдемесі.

Австрия дипломаты Сигизмунд Герберштейн (1549) «Мәскеу істері туралы жазбалар» кітабы XV-XVI ғ. басындағы қазақ даласының тұрғындары туралы (қазақ жерінің орналасқан орны, қазактар тіршілігі, азығы, киімі, діні, әдет-ғұрыпты, орыстармен қарым-қатынасы) 1588 ж. Мәскеу қаласында тұрған қазақ Қадырғали Хошум Жалайри Б.Годуновтың өтініші бойынша қазақ-шағатай тіліндегі қызықты қолжазба түрінде «Джами-ат таварих» жылнамалар жинағын жазған [4].

XIV-XVI ғасырдағы әскери жорықтарды, феодалдық құқықтарды, отбасы әдет-ғұрып, діни-нанымын суреттеген. Жалайыридің шығармаларында қазіргі кездегі біз білетін көптеген қазақтың мақал-мәтелдері, дала сөздіктері, басқа да фольклорлық материалдар кездесді.

XVIII ғасыр бойында қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық материалдар молайған үстіне молая түсті. Орыс және Орта Азиялық елшіліктер өз кезектерінде қазақтар көшіне соғып, Ресейге қазақ халқының өмірі туралы мәліметтер жеткізіп тұрды. Бұл ең алдынмен сауда жүргізу қауіпсіздігіне қажет болды.

«Үлкен сыйза кітабы» (1627) қазақтар жері, олардың көшүінің, өзендер, көлдер, керуен жолдары, қазақ және көрші халықтар жерлері арқылы өтуі.

Орыс шығыстанушысы П.С.Савельев «Орта Азия.-СПб, 1848; Карамзин Н.М. Ресей мемлекетінің тарихы. 9-т. - СПб, 1842; Семен Мальцевтің мәлімдемесі (орыс елшісі Ноғай ордасында тұрып, қазақтар туралы мол мәліметтерді еркін алып, Мәскеуге беріп отырған. Ағылшын Антоний Дженкинсон «Московадан Орта Азияға 1558-1559 жж. саяхат жасаған.

Қазақстанның революцияға дейінгі Ресейде жағрафиялық зерттелуін негізгі уш кезеңге белуге болады.

Bіріншісі - ежелгі кезеңнен 1730 жылға дейін. Бұл уақыт - орыс мемлекетіндегі әр түрлі сипаттағы қазақ елі туралы мәліметтердің жинақталу кезеңі.

Екінші кезең - 1730 жылы Кіші жүздің Ресей империясының құрамына кіруінен бастап - XIX ғ. 60 жж. Қазақ жерін толық жаулап алғанға дейінгі кезең. Бұл уақыт аралығында қазақ елін толық озіне бағындырып алу үшін Ресей үкіметі бұл өнірді табиғи-жағрафиялық тұрғыдан жан-жақты зерттей бастады.

Үшінші кезеңде - XIX ғ. 60 жж. қазақ жерлері Ресейге толық қосылып, оның Ресей империясының ішкі отарына айналғаныннан кейін 1917 ж. дейін, жалпы бүткіл Қазақстанды және оның жекелеген аудандарын зерттеуге зор мүмкіншіліктер ашылды.

XVIII ғ. 30 жж. кіші жүздің Ресей мемлекетінің кол астына кіруінен бастап қазақ жерінің жағрафиялық зерттелуінде жаңа кезең

басталады. 1733-1734 жж. бірінші академиялық экспедицияның мүшесі болған, Ресей ғылым Академиясының құрамындағы шет ел ғалымы, ірі орыс тарихшы-этнограф Г.Ф.Миллер (1705-1783). Ертіс жағалауындағы қазақ жерлерінде құрылған көптеген орыс бекіністерін аралап бұл ауданың бірінші жағрафиялық, суреттемесін берді. 1732 жылы ол «Ресей тарихына қатысы бар мақалалар» жинағының негізін салды. Онда жонғар тарихы бойынша материалдарды жариялады. «Халықтар тарихы туралы» арнайы нұсқауды жазды. Г.Ф.Миллердің академиялық экспедициядағы жұмыс нәтижесі «Сібір тарихы» 4-томдық еңбеті болды.

1768-1774 жж. екінші академиялық экспедиция бұл өңірді тиянақтырақ зерттеді. ХУ111 ғ. аяғында бұл зерттеулерді жергілікті ойкетанушы И.Г.Андреев жалғастырды.

1731 жылы қазақ ауылдарынан патша үкіметі қазактардан ант қабылдау үшін Мамет немесе Мұртаза (орынша Алексей Иванович Тевкелевті) жіберді. Тевкелев білімді адам болған, ол император кенесінде бағдарланушы тілдер аудармашысы болған. Оны Петр I-ші біліп аса құрметтеген. Ол қазақ ауылдарында 1,5 жылдай болған.

Сыртқы істер коллегиясы оны ерекше нұсқаумен жабдықтаған, ойда көптеген этнографиялық мәселелерді зерттеу қаралған. Қазақ ауылды туралы материалдарды ол әңгімелесу, сұрау, тікелей құнделікті бақылау аркасында жинаған. 186-ға жуық рулар арасындағы қақтығыстарды, қазактардың әскери жараптарын, кару, дәрі жасауын зерттеген. Өз журналына ол көптеген фактілерді феодалды құрышыс сипатын, құқықты, әдет ғұрыптарды, шаруашылығын, кәсібін, қыстау жайлauлардың орналасуын, көш жолдарын, халық тұрмысын оның мәдениетті мен діни-нанымын түсірген.

Орынбор губерниясында мемлекеттік кайраткер, картография, география астрономия саласының ғалымы И.К.Кириловты бас етіп экспедиция үйімдастырды. Кирилов алғашкы елдің география-статистикалық суреттемесін құрады. «Бүкіл Ресей Мемлекетінің ғұлленген жағдайы» (құрастырылғаны 1831 жылы.)

Этнография тұрысынан Кириловтың 2 жобасы қызығылықты «Қыргыз-қайсак және қарақалпақ ордаларын түсіндіру» қазақ жүздерінің саяси жағдайы, олардың көршілерінен қарым-қатынасы тарихи тұрғыдан сипатталған.

XVIII-ғасырдың ортасында Ресей ғылымы қатты көтерілді. Бұл көтерілу Ұлы орыс ғалымы М.В.Ломоносовтың (1711-1765) атымен тыңғыз байланысты. Ол өзінің «Көне Ресей тарихы» (1758) және «Орыс халқын сактау және көбейту» еңбектерінде тарихи-тографиялық мәселелерімен айналысты. М.Ломоносов шығыс

славян халыктары туралы ете күнды ойлар айтты, орыс емес ұлттардың жайын өмір салтының, тұрмысының, мәдениетінің тілінің өзгеруі туралы академиялық еңбегінде айтылады. М.Ломоносов Академияда ежелгі шығыс кафедрасын ашуға жак болды [5].

XVII f. ортасы мен XIX f. 2-ші жартысында этнографиялық зерттеулердің даму: 1845-1861 жж. Орыс географиялық қоғамының құрылды. *Оның бөлімшелері*: Орынбор (мүшелері - Т.Сейдалин, Н.М. Бекчурин, О.Г. Игнатьев, И.А. Киреевский, А.И. Оводов, Я.Н. Плотников, А.А.Тилло, оларға кейінірек Ы. Алтынсарин, Б. Даулбаев, С.А. Жанторин кірді, 1870 ж. бөлім өзінің баспа органы «Жазбаларды» жарыққа шығарды. Бірақ, ол төрт шығармашылығынан соң өзінің өмір сүруін тоқтатты (1870,1872,1875,1881). Онда Ы. Алтынсарин, Б.Даулбаев, С.Жанторин, В.Плотников, Т.Сейдалиннің этнографиялық еңбектері жарияланды), этнографиялық тұрғыдан қазактардың үй кәсібі мен қолөнерін зерттеп суреттеген П.Медведский, А.Н Тетеревниковтің еңбектері үлкен қызығушылық тудырады), Батыс-Сібір, Жетысұлық, Түркістанды.

Орынбор архивтерінде сактаулы Орта Азия географиясы туралы материалдарды өндеуге Я.В. Ханыковтың бастамасымен жалпы география бөлімінде қазак даласының жаңа картасын шыгаруға шешім қабылдады. Орыс географиялық қоғамында қазактар туралы алғашқы жарияланған Я.В.Ханыков және М.И Иваниннің мақалары болды.

Я.В.Ханыков (1818-1862)-талантты орыс географы және картографы, 15 жыл бойы тек қазак даласы мен Орта Азияның географиясын зерттеумен айналысады. 1839 ж. қазак халқы туралы статистикалық және этнографиялық мәліметтерді қолданып түңғыш ғылым еңбегі «Орынбор өлкесін географиялық шолуды» жазды.

1850-1860 ж.ж. Орынбор өлкесінде қазак этнографы М.С. Бабажанов еңбек етті. Ол 1851 ж. Орынбор кадет корпусының Азиялық бөлімін бітіріп онбір жылға жуық Шекара комиссиясында қызмет етіп 1862 жылы отставкаға шықкан.

1870 ж. бөлім өзінің баспа органы «Жазбаларды» жарыққа шығарды. Бірақ, ол төрт шығармашылығынан соң өзінің өмір сүруін тоқтатты (1870,1872,1875,1881). Онда Ы. Алтынсарин, Б. Даулбаев, С. Жанторин, В. Плотников, Т. Сейдалиннің этнографиялық еңбектері жарияланды.

Орыс географиялық когамы Орынбор бөлімшесінің қазак халқын этнографиялық зерттеулегі көрнекті қайраткерлерінің бірі белгілі қазак ағартушысы, педагог, жазушы-этнограф Ы. Алтынсарин болды (1841-1889).

Орыс географиялық қоғамының (ОГК) құрылуы (1845-1926)

Орыс географиялық қоғамы 1845 жылы Петербургте құрылды. Оны күрүнші бастамашылар арасында Ф.П.Литке, Ф.П. Врангель, К.И. Ареениев, академик К.М. Берг, В.И. Даль, В.Я. Струве, барлығы 17 үйімдастыруушы кеменгер ғалымдар, тенізшілер мен саяхатшылар болды. 1 бөлімі жұмыс істеді: Жалпы география, Ресей географиясы, Ресей статистикасы және этнографиясы. География қоғамының құрамына негізгі болімдерден басқа ерекше комитеттер мен комиссиялар болды.

1859-1861 жж. саяси-экономика және шаруашылық-статистикасы маселелері бойынша саяси-экономикалық комитет, 1870 жылы метрологиялық комитет, ал этнография бөлімінде «өртек комиссиясы» т.б құрылды. 1851 жылдары Сібір филиалдары, Омбыда - Шығыс-Сібір, Гифлисте-Кавказдық, 1897 жылы Орта Азиялық (алғашқыда Құркістандық), 1872 ж. ашылған Киевтегі Оңтүстік-Батыс филиалын көп үшімдік жауап тастады.

Өкімет географиялық Қоғамға бакылауды қамтамасыз ету үшін олардың төрағалары етіп тек патша тегінен сайлады. Алғашқы төраға ұлы князь Константин Николаевич, сонысы ұлы князь Николай Михайлович (1890-1917). Шын мәнінде қоғамның ғылыми жетекшісі сайламалы төраганың орынбасары мен ғылыми хатшы болды (Ф.П.Литке - 1845-1850, Муравьев М.И.-1857-1873, Семенов Тянь-Шанский -1850-1857, Шокальский Н.М.- 1873-1914).

Я.В.Ханыковтың бастамасымен жалпы география бөлімшесі Қазақ милясының «алфавиттік түсінік берілген» жаңа картасын жасауды шешіп, оның қажетті материалдарды жинастыруға кірісті.

Дарынды орыс географы және картографы Я.В. Ханыков (1818-1862) он бес жыл бойы дерлік Қазак даласын, Жетісу мен Орта Азиялық Қос озен бассейнінде жатқан елдерді зерттеумен айналысты. 1839 жылы ол «Орышибор өлкесінін жағрафиялық шолуы», - деп аталатын алғашкы ғылыми еңбегін жазды, онда автор қазактар туралы статистикалық және картографиялық мәліметтерді пайдаланды.

Бұдан кейінгі жылдары Ханыков көбінесе картографиялық және ғылыми жұмыстарымен айналысды. Ол «Кіші және Ішкі орда қырғыздарының жерлерінің картасын» (1845) мен «Хиуда хандығы мен Арап тенізінің картасын» (1851) жасады. Екінші аталаған картага ол оғындың көзделі хабарламалардан бастап, XIX ғасырдың ортасына дейінгі орыс адамдарының Арап тенізін зерттеу тарихының мәліметтері бойынша күрделі «Түсініктеме» жазуларын жазды.

Я. Ханыков, М. Тевкелевтің, В. Гладышевтің, И. Муравиннің, М. Писцеловтың еңбектерін, сонымен қатар К.Миллердің картасын баспаға тийинди, алғысөз жазды. 1848ж. «Ресей империясының әскери-статистикалық шолуының» 14-ші томының бірінші және екінші бөлігінде

әскери тарихшылар Г.Ф. Генс, В.М. Васильев және И.Ф. Баламбергтің редакциясымен Орынбор губерниясының шолуы жарияланды.

1848-1849 жж. Арап теңізін кағазға түсірген А.И. Бутаковтың (1816-1869) экспедициясы кызығылтық мәліметтер жинады. Бұл экспедицияны әскери мекеме ұйымдастырғаны шындық, бірақ оның ғылыми нәтижелерін Орыс географиялық қоғамы жариялады.

А.И.Бутаковтың ғылыми қызметі айтартылғатай маңызды. Ол Арап теңізін суреттеп, дәл картасын жасады, Арап маңын табиғи-географиялық түрғыда зерттеді, Арапта пароход шаруашылығын негізdedі (1852), Сырдария мен Әмударияның навигациялық-гидрографиялық (1853-1863) суреттемесін жасады. Ғылым жолында Отанга шексіз беріліп қызмет етудің жарқын көрінісін көрсете отырып, ғалым-саяхатшы өз өмірінің он бес жылын Қазак даласында өткізді.

XIXғ. 60 жж. Жетісуға Ресей офицерлері А.Ф. Голубев, М.И. Венюков, А.П. Проценко(1863), М.Путинцев(1865), В.А. Полторацкий (1867) саяхат жасады.XIX ғ. 60-жж. Қазақстанның Ресейге толық косышуы аяқталып, Қазак жері Ресей империясының ішкі отарына айналды.

Ресей Бас штабының полковнігі - Қыыр Шығыстың, Кавказдың, Қазақстан мен Орта Азияның белгілі зерттеушісі, Ресейдің жекелеген аудандары мен Азия, Африка, Латын Америкасы елдері бойынша көптеген тарихи-географиялық және этнографиялық еңбектердің авторы, Орыс географиялық қоғамының ғылыми хатшысы М.И. Венюков (1832-1901) болды. Оның, негізінен XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей әскери баспасөзінде жарық көрген күнды макалалары: «Орта Азиядағы далалық жорыктар туралы естеліктер», «Азиядағы орыс шекараларының Әскери шолуына арналған материалдар. Жонғария» және т.б. мен іргелі монографиялары: «Азиядағы орыс шекараларының әскери шолуына арналған тәжірибе», «Ресей мен Индия аралығында жатқан елдердің саяси этнографиясының очерктері» Қазақстан тарихының тақырыптарына арналған. М.И.Венюков 1860 ж. Қазақстан жерлерінде топографиялық түсірулер үшін астрономиялық және геодезиялық тірек пункттерінің орнын таңдаап алу максатында белгілі бір жер бедерін алдын ала байқау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1860 ж. ол бұл өнірдің құрылышын планга, картага түсіретін топографтар тобын басқарып келді. Оның көлемді Қазақстанға арнаған жұмыстарында Ұлы жұз қазактарына, оның ішінде, шекарада көшіп жүрген казактарға арнаған мәліметтер баршылық еді.

М.И.Венюков шолудың әдебиеттер көрсеткішінде оның зерттеулеріне негіз болған Қазақстан мен Орта Азия туралы жазған 60-тан аса авторларды атады. Олар Иакинф, К.Риттер, Ш.Уәлиханов, А.И.Левшин, А.Вамбери, Г.Н.Потанин және басқа да зерттеушілер.

Ғылыми-зерттеу экспедицияларының есеп берулері де пайдаланылды.

Қазіргі кездегі Қазақстан зерттеушілері үшін автордың жергілікті жерлердегі тікелей топографиялық ізденістері, жеке бақылаулары, жергілікті халықпен үнемі қарым-қатынаста болуы, оларға сұраптар койып, алған жауаптары құнды дерек болып табылады.

Әр участкені шолудың едауір бөлігі халықка арналған, әрі бұл болімдерде Қазақстанның көп бөлігінің этнографиялық картасы ғана жисалып коймай, жергілікті халықтың түрмисы, ұлттық дәстүрлері, кәсібі суреттеп, оның әртүрлі топтарының өлеуметтік-экономикалық сипаты беріледі.

М.И.Венюков барлық участкелер бойынша әр халықтың санын көрсете отырып, ұлттық құрамы бойынша таблицалар келтіреді. Жоңғар участкесі бойынша таблица мынадай көрсеткішті берді: қырғыздар - 580000, калмактар - 320000, манғол-чахарлар - 89000, таранчылар — 3900, шаштар мен сарттар - 4700, дунгендер - 5500, қытайлыктар - 3500, орыстар - 35000.

Бекей (Ішкі) ордасының жағрафиялық және шаруашылық-статистикалық аныкタамасын П.Лидведский жасады. 1865 ж. «Ресейдің географиясы мен статистикасы үшін Бас штаб офицерлерінің жинақтаған материалдарының» он сегізінші томында Л.Мейер Орынбор ведомствоның Қырғыз даласының әскери-статистикалық шолуын жариялады, ал 1891 ж. Ф.И.Лобысовичтің «Орынбор ведомствоның Қырғыз даласы», - деген еңбегі жарық көрді.

Сырдарьяның сағасы мен Сырдарья облысының Шымкент уезі мен Арай тенізі жағалауының есімдіктерінің суреттемесін белгілі географ А.Майдеев пен ботаниктер Д.Литвинов, З.А.Минквиц жасады.

Түйіндей келе, революцияға дейінгі орыс тарихнамасы Қазак жерінің географиялық зерттеуінде көптеген жетістіктерге жетті. Әрине бұл зерттеулердің Ресейде Қазақстан туралы мәліметтердің жиналудына миңдегі зор, біракта, негізінен, бұл ізденістер Қазақстанды отар ретінде пайдалану үшін жасалған еді.

Олжетану және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметі. 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат (архив) комиссиясы құрылды. Комиссия мұрағат ісін тәртіпке келтіруді, өлкенің өткен тарихын зерттеуді, археологиялық және этнографиялық материалдар жинауды өзінің негізгі міндеті деп санады. Комиссияның «Труды» деген баспасөз органы болды. 1894-1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. Мұрағат комиссиясы Қазақстанның өткен тарихын зерттеуге зор көніл бөлді.

Олжетанудың тағы бір орталығы Орал болды. Оnda жиналған әр түрлі материалдар өндөліп, «Памятные книжки», «Уральские областные памятости» және «Уралец» газеттерінде мақала түрінде жарияланып

отырды. Бұл аймақты зерттеушілер катарында Н.Бородинді, В.П. Кранихфельдті, Н.П. Огановскийді, М.К. Курилинді және басқа адамдарды атап айтқан жән. Батыс Қазакстанды зерттеуде антрополог А.А. Харузин, этнограф М.С. Бабажанов елеулі рөл атқарды. Зерттеулердің нысанасы қазактардың тарихы мен шаруашылығы, балық аулау көсішілігі, шаруалардың қоныстануы болды.

Омбы маңызды мәдени және ғылыми орталық болатын. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде зерттеушілер Н.М.Красовский, Н.А.Абрамов, кейіннекте Н.Н.Балқашин жұмыс істеді. Жергілікті ғалымдар мен саяси жер аударылған зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жаңындағы Географиялық қоғамның белімшесіне бірікті. Қоғам жұмысына белсene катысушылар арасында Ф.А.Щербина, Г.Н.Потанин, Н.Петропавловский, А.И.Сведенцев, Л.К.Чермак, Д.Клеменц, В.Остафьев, Н.Я.Ядринцев, И.Я.Козлов, Н.Я.Коншин, Г.Е.Катаанаев, С.Гуляев, И.Я.Словцов, Н.А.Золотов, Ю.А.Шмидт және басқалар болды.

Батыс Сібір өлкетану қоғамдарына қазактар М.Шорманов, Ш.Уәлиханов катысты. Ә.Бекейханов өз қызметін сонда бастады. Өлкетанушылардың күш-жігерінің аркасында этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минералология бойынша бай экспонаттар жиналған жергілікті мұражай құрылды. Бұл Қазақстандаған емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Сонымен бірге, статистика комитетінің кітапханасы ашылды. Оған Ертіс өніріне катысты кітаптар, көркем әдебиет жинақталды, балалар кітабы белімі жұмыс істеді. Кітапхана ондаған газеттер мен журналдар алып тұрды. Өлкенің мәдени өмірінде статистика комитеті зор рөл атқарды. Географиялық, қоғамның Семей бөлімін ашу туралы мәселе қойылды. Семей өлкетанушылары өз макалаларын «Семипалатинские областные ведомости», Семей облысының «Памятные книжки», «Восточное обозрение», «Сибирская газета» газеттерінде жариялады.

Ташкенттің ғылыми мекемелері Оңтүстік Қазақстанды зерттеу орталығына айналды. Онда халықшылдар П.И. Пашино, Г.С. Загряжский, Д.И.Иванов, В.И. Межов, Г. Усов, И. Гейер, Е. Смирнов және басқалар ғылыми қызметпен айналысты. Алайда отаршылдық әкімшілікте маңызды қызметтер атқарған Н.И. Гродеков, С.А. Идаров, Н.А. Маев, Г.А. Арсандаренко, А.П.Хорошхин, М.А. Терентьевтерде жергілікті мәселелерді зерттеумен шұғылданды.

Жергілікті өлкетанушылар олармен тығыз байланыста болды. «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Туркестанские ведомости» газеттерінде өлкетанушылық сипаттағы көптеген зерттеулер жарық көрді. Қазақстан проблемалары бойынша бірнеше арнаулы зерттеулер басылып шықты. Сонымен бірге мұнда да ғылыми

қоғамдардың қызметіне казактар мен татарлар катысты. Е. Букин, Н. Жетпісбаев, Ә. Диваев, К. Костанаев ерекше зерттеулер жүргізді.

Зерттеу қызметі орталықтарының бірі Жетісу болды. Мұнда П.П. Семенов-Тян-Шанский, кейінректе А.Н.Краснов, А.Ф.Г олубев, М.И.Венюков экспедициялық сапарлар жасады. Н.А. Аристов, Ф. Костенко, Н.Н. Пантусов, Г.С. Загряжский, Р.И. Метелицын, В.А. Монастырский, А. Флеров және баскалар ғылыми қызметпен айналысты.

Оңтүстік Қазақстан зерттеушілері материалдарын әр түрлі биесілымдарда, атап айтқанда, «Туркестанские ведомости», «Семиреченские областные ведомости» газеттерінде, уздіксіз шығып түрган «Материалы для статистики Туркестанского края», «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Памятные книжки Семиреченской области» атты сериялық еңбектерде, ведомстволық биесілымдарда жариялад отырды.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды зерттеумен Ташкент қаласындағы Ғүркістандағы әр түрлі ғылыми қоғамдарына біріккен адамдар айналысты. Н.Л. Зеланд, Н.И. Маев, А.П. Хорошхин, В.И. Межов, Г.А. Дрендаренко, Е.Т. Смирнов, И.В. Аничков, И. Гейер, Н.П. Остроумов осындай өлкетану қоғамдарының катысушылары болды.

Сонымен қатар, жергілікті жерден шықкан, «Қазактардағы дене және мисал-ой тәрбиесі», «Орыс-казақ және қазак-орыс сөздігі» деген мисалалардың авторы Ешмұхамед Букиннің өлкетанушылық еңбектерін шешіп оту кажет. Құдабай Костанаев «Перовск және Қазалы уездері қызығарының этнографиялық очеркі» деген еңбек жариялады. Ноғайбай Жетпісбаев археологиялық жұмыстармен айналысты. Мұнда Ш.Ибрағимов те жұмыс істеді. Әбубекір Диваев казақ фольклористикасы жөнінде алуан түрлі материалдар жинап, жариялады.

896 жылы «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» жұмыс істей бастады. Далалық өлкениң барлық уездерін зерттеу жөніндегі бұл экспедиция құрғанда Мемлекеттік мұдік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазақстанда жер саясатын жүргізуге пайдалануды көзdedі. Экспедицияның міндеттіне аумакты табиғи-тариhi жағынан зерттеп, зерттеу, жер түрлерін, бұл мәселедегі ауылдар мен болыстардың миңгизін, шаруашылық жүргізу, жерді пайдалану тәсілдерін анықтау көрді. Ресейдің Орталық губернияларынан әкелінген шаруаларды қоныстандыру мақсатында шаруашылық-статистикалық зерттеуге баса көніл болінді.

Экспедицияның құрамына Ф.А. Щербина, Ә. Бекейханов, Л.К. Чемак, П.А. Васильев, Н.Ф. Гусев, Н. Белев, В.А. Владимировский, Н.Ф. Дмитриев, казақ зиялыштарының үлкен тобы - У. Базанов, Т. Елімұхамедов, И. Жақсылықов, И. Құдайқұлов, И. Тілекеев, Г. Саркин, Р.

Мөрсеков, Е. Итбаев, М. Бекетаев, М. Шомбалов, Д. Сатыбалдин, XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеушілер статистикалық деректерді жинап, өндеге барысында көлемді жұмыс жүргізді. Мәселен, XIX ғасырдың 70-80-жылдарында Қазақстанда халық санағы жүргізілді. Е. Михаэлис пен А. Тилло Семей қаласы және бүкіл Қостанай уезі бойынша халық санағын жүргізді. Статистика комитеттерінің күшімен халық және тұтін санағы, әскери ат санағы жүзеге асырылды Мәселен, 1888-1892 жылдарда әскери ат санағы ішінәра Ақмола жәні Семей облыстарында да жүргізілді.

Қазақстан жөніндегі ғылыми материалдардың комактық корын жасауда облыстық статистика комитеттері едәуір рөль аткарды. Статистика комитеттері туралы ережеде былай делінген: «Бұл комитеттердің басты мақсаты жергілікті әкімшілік статистиканы дұрыс ұстау, атап айтқанда: әрбір губернияда немесе облыста үкіметтің талап етуімен және Орталық статистика комитетінің нұсқауымен сол губернияның немесе облыстың жер мөлшері мен жерінің сапасы, халық саны және өндірігіш күштері туралы дәл статистикалық мәліметтер жинаудың мейлінше дұрыс әдістерін белгілеу және бұл мәліметтерді тексеру мен өндеге болып табылады...». Бұл орайда халықшылдар көп күш жігер жұмсады. 1878 жылы Ақмола, 1896 жылы Орал, 1895 жылы Торғай, 1879 жылы Жетісу, 1887 жылы Сырдария облыстық статистика комитеттері ашылды.

Статистика комитеттерінің басылымдарында облыс бойынша өндірігіш күштер, халық шаруашылығы, суландыру жүйелері, қатынас жолдары, тұрғындар және олардың кәсіпптері, алым-салықтар, оқу-ағарту жөне т.б. туралы ежей-тегжейлі мәліметтер жинақталған шолулар ерекше орын алды.

Бұл шолуга қоса, жиынтық статистикалық кестелер беріліп отырды. Бастапқыда мұндай шолулар «аса мәртебелі» губернаторлардың жыл сайынғы есептеріне косымша ретінде жазылатын. Уақыт өте келе шолуларда статистикалық материалдармен катарап, жекелеген авторлардың макалалары да жариялана бастады. Түркістан өлкесінде ұзын саны 100-ге таяу шолу басып шығарылды, соның ішінде: «Жетісу облысы бойынша шолулары» 1882 жылдан 1913 жылға дейін үнемі шығып тұрды, Сырдария облысы бойынша «Шолулар» 1885 жылдан 1895 жылға дейін шығарылды. Бұған косымша Сырдария облыстық статистика комитеті 1891 жылдан 1907 жылға дейін «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдарды» жыл сайын шығарып тұрды.

Комитеттер облыстық шолуларға қоса өз еңбектері мен баска басылымдарды да шығарды. Мысалы, Сырдария комитеті өз еңбектерінің бір томын, «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар

жинистарының» 13 санын басып шыгарды. Жетісу облыстық статистика комитеті «Жетісу облысының ескерткіш кітапшалары мен мекенжай-күнтізбелерінің» (1898-1905) 5 томын жариялады.

Саяси айдауда жұргендер казақ халқының өткені мен бүгіннін қызығылдық тұрғыда зерттеді. Мәселен, этнографиялық зерттеулерде ошыр орқашанда әлеуметтік және саяси мәселелер көтеріп отырды. Ошырдың өз зерттеулері мен мақалаларында либералдық және реформистік бағыт ұстанды. Халықшылдар казактардың өмір шындығын әкология ретінде карастыруға карсы шықты. Тұтас алғанда халықшылдар қызығылдық қоғамының құрделі күрылымын ақырына дейін түсіне алмаса да, ошыр біреулердің екіншілерін қанауы көніл аударды, орыс және казак халықшарының еңбекші бөлігінің езілген жағдайына қоғамының назарын шударуға тырысты. Патша самодержавиесін сынап, бостандық идеяларын инициативады.

Қазақстанда саяси айдауда жұргендер өздерінің ғылыми қызметінде қызығылдықтың жалпы идеялық негіздерін басшылықка алды, бірақ әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық жаңа нақты жағдайлар оларды қобінесе күтпеген тұжырымдар жасауға мәжбүр ететін. Олар шет аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне капитализмің енуін шигара отырып, осыған байланысты өлкелегі шаруалардың конькостануына және жұмысшылардың жағдайына, өндөрші және таукен өнеркәсібінің ғимуына ерекше ден койды. Халықшылдар жазған еңбектер патша ғылыми жағынан орнықты болды [6].

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағында көптеген тарихи-статистикалық, этнографиялық, геологиялық, географиялық экспедициялар жұмыс істеді. Әдетте, олардың белсенді қатысушылары халықшылдар болды. Әрбір экспедицияға жергілікті ұлт өкілдері, қобінесе қашықтар жолбасшы және тілмаш болып катысты.

Жолбасшылар мен тілмаштар халықшылдармен тығыз байланыста болды. Тілмаштар көп нәрсеге қанығып кана қойған жоқ, сонымен катарап, әйдерінде бар мәліметтерді беруге де өзір тұрды. Олар білімді, өз қызығындағы материалдық және рухани мәдениетін насиҳаттаушылар болды, әзін аңыздарын, билердің аса маңызды билік шешімдерін, дағдылы құқық орежелерін, рәсімдер мен әдет-ғұрып, мал шаруашылығын жүргізу жүйесін, кешіп-қону жолдарын және т.б. жақсы білді. Кейіннен бұл мәселелердің көбісі халықшылдардың ғылыми еңбектерінде көрініс табиты.

Екі халық өкілдерінің мұндай өзара катынастары, олардың присындағы байланыстар қазақтар мен орыстардың жакындаусына себепті болды. Казак және орыс өкілдерінің шығармашылық достастығы

казак қоғамдық ой-пікірінің дамуында демократиялық негіз қалады. Орыс отаршылдарына қарама-қайшы, орыс демократиялық және революцияның ой-пікірінің өкілдері қазақ және орыс зерттеушілерінің арасында достық қатынастардың дамуына жәрдемдесті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Казакстанда ғылыми қоғамдардың дамуы көптеген қазақ зерттеушілерінің кальшасуына эсер етті. Олар қазақ ағартушыларының озық идеяларын қабылдап, саяси жер аударылғандардың ғылыми көзқарастарымен және методологиясымен танысты. Қазақ зерттеушілері өз халқының тарихы, әдебиеті мен өнері жайлы құнды деректер жинастырып, көптеген еңбектер жариялады.

XIX ғасырдың екінші жартысында казактың үлттық баспасөзі дүниеге келді. 1870-1882 жылдарда Ташкентте «Түркістан уәлаяті газеті» шығып тұрды. Ол алғашында 500 дана таралыммен шыккан «Түркестанские ведомости» косымша ретінде шығып, кейіннен дербес органға айналды. Шартты басылымның негізі патша әкімшілігінің әр түрлі әкімдері мен нұсқауларын тарату болды. Сонымен бірге, өлкенің әр түрлі жерлеріне сипаттама берілді. Саяхаттар, егіннің шығымы, ауыл шаруашылығының жай-куйі - мал аурулары, эрозия, су пайдалану туралы жекелеген мәліметтер айтылды. Газет беттерінен кеништердің ашылуы, өңдеуші өнеркөсілтің жай-куйі, телеграф жүргізу, әйел мәселесі және этнография жөніндегі әр түрлі мәліметтер көрініп отырды. Басылымды Ш.Ибрағимов пен Х.Жанышев редакциялады.

1888-1902 жылдарда Омбыда казак тілінде «Дала уәлаятының газеті» атты газет шығып тұрды. Бұл «Акмолинские областные ведомости» газетіне косымша болатын. Оның беттерінде ағартушылық идеялары насихатталды. Ресми бөлімде әкімшіліктің әр түрлі қаулылары мен әкімдері жарияланды. Оның беттерінде белгілі бір дәрежеде казактардың тұрмысы, мәдениеті жөніндегі әр түрлі мәселелер көтерілді. Қазақ тарихи аңыздарының және «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Камбар батыр», «Бозжігіт», «Еңлік-Кебек» эпосының нұсқалары, Қожанасыр, Алдаркөse туралы, әнші Жиренше туралы әр түрлі сюжеттер және баска да материалдар жарияланды. Сондай-ақ казақ көсем сөзшілері мен зерттеушілерінің мақалалары басылып тұрды.

Н. Жетпісбаев, Ш. Ибрағимов, А. Айтбакин, М. Бабажанов, Х. Қаржасов, С. Батыршин, Б. Дауылбаев, М. Шорманов, Ә. Диваев, Е. Букин, С. Нұрмұхамедов, Т. Сейдалин, А. Сейдалин, С. Жантеперин сияқты зерттеушілер өз қызметімен және мақалаларымен казактар арасында ғылым мен қоғамдық ой-пікірдің дамуына жәрдемдесті. Сөз жок, олардың бәрі ғылыми қоғамдардың жұмысына түрліше қатысты, алдынғы катарапы орыс мәдениетінің идеяларын өзінше қабылдады, бірақ қазақ зерттеушілерінің Омбы, Семей, Ташкент, Орал және басқа қалалардың

қоғамдық өміріне араласуы XIX ғасырдың 70-90-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінің құрамдас бөлігі болды.

Қазак ағартушы-демократтарының революцияға дейінгі Қазақстандағы ғылыми қоғамдардың жұмысына қызу араласуы казак, қылыштың демократиялық орыс мәдениетімен, орыс азаттық козғалысына қызыншылар - саяси жер аударылғандармен байланыс жасауына кең жол ашты.

Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі (1902 жылы 13 сәуірде ашылған).

Далалы өлкені ғылымның сан-саласынан зерттеудің негізін қалаған ең алғашқы Семейдегі қоғамдық мекеме Облыстық санақ комитеті 1878 жылы құрылды. Ғылыми хатшысы Е.П. Михаэлис ғылымы мен зияялар қауым шоғырланған бүл мекемеге өлкеге туралы ресми мәліметтермен катар «міндепті емес жұмыстар», өлкенің тарихи, географиялық түрғыдан зерттеу жұмыстарын жасау жүктелді.

Санақ комитеті Шығыс Қазақстан, Семей өлкесінде жүргізген зерттеудерінің нәтижесін «Памятная книжка Семипалатинской области», «Обзор Семипалатинской области» басылымдарына жарияладап отырды. Оnda Ф.К. Зобниннің «К Вопросу о невольниках рабах и тюленгутах в Киргизской степи» мақаласы, О.Бокейханның, В.Д. Коцовскидің, В. К. Фон Гереннің т.б. макалалары жарияланған. В.П.Никитиннің «Исторической очерк Семипалатинской области», В.И. Маевскийдің «Ботовская ярмарка» мақалаларын кітапхананың сирек қорындағы «Памятная книжкалардан» окуға болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өлкенің қоғамдық өмірінің тыныс-түршілігімен тығыз байланыста болып, Санак Комитетіне 1886ж. мамырында мүше болып тіркелген туралы Семей қаласы Абай кітапханадағы кітапхананың сирек қорында сактаулы «Памятная книжкалардың» 1897, 1900 жылғы басылымдарнда бағалы мәлімет бар (Семейдің Абай атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы және өлкетану мұражайы 1883 жылдың күркүйегінде ірі котеруіне саяси жер аударылған демократтарға қарыздар).

1902 жылдың сәуірінде құрылған Орыс Императорлық Географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Санак Комитеті негізін қалаған өлкені Е.П.Михаэлис, Н.Я.Коншин, Б.Г. Герасимов, ағайынды Бело叙事者тар ж.б.ғылыми еңбектерінде жүргізген. Академиктер С.Ф. Шокальский, А.П. Карпинский, В.А. Обручев құрметті мүшелері болған. Семей Географиялық бөлімшесінің жұмысына орыстың атақты жиһангер ғалымдары Семенов Тянь-

Шанский, Г.Н. Потанин, В.В. Сапожников, А.Н. Седельников үлес коскан.

Ш.Уәлихановтың досы, қазак халқының мәдениеті мен ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым, саяхатшы, фольклоршы Г.Н.Потанинің қазақ өлкесін зерттеуге қоскан үлесі зор. Ш.Уәлихановтың кеңесімен Орта жұз, Ұлы жұз казақтарының және жонғарлардың Ресеймен карым-катаинасы жайлы тарихи деректермен, мұрағат құжаттарымен танысқан. 1875 жылы Г. Н. Потанин профессор К. А. Иностраництің Қырымға жасаган саяхатына қатысып, 1876 жылы ұзакқа созылған өз отаны Сібір өлкесі мен оған шекаралас Азия елдерін зерттеуге кіріседі. Ол Семей облысы Зайсан уезіне, тарбағатайға, Солтүстік Батыс Монголияға, Ішкі Қытай, Шығыс Тибетке өзінің әйгілі бірнеше ғылыми саяхатын жасайды. Бұл саяхаттар Г.Н. Потанин есімін Азияның әйгілі зерттеушілері катарына жеткізді. География ғылыми Г.Н.Потаниндей бір ғылым саласы шенберінде шектеліп қалмаған ірі ғалым-зерттеушіге ие болды.

Ә. Бекейхан Г.Н. Потанинге арнап 1913 жылы «Қазак газетінің 15-ші санына жариялаған макаласында: «Осы келер жаз Потанин Семей облысы, Каркаралы уезі, Тоқырауын өзені бойына барады. Июнь басында «Қоянды» жәрменкесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазакты арапап көрмекші, қазақтың ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін жимақшы», - деп жазды. Бұқіл саналы ғұмырын Шығыс Қазақстан өлкесінде өткізіп, қазақ өркениетінің дамуында айшықты із қалдырган Евгений Петрович Михаэлисті замандастары егер ол таза ғылым жолын қуса, екінші Менделеев болары сөзсіз еді деген.

Е.П.Михаэлис С-Петербург университетінің жаратылыстану факультетінде оқып жүріп студенттік толқуларға қатысқаны үшінПетропавл қамалына, кейіннен Тобыл губерниясының Тара қаласына айдалады. Тек 1869 жылы Семейге еркін коныс аударуға рұқсат алып, облыстық басқармaga қызметкे тұрған ол қазак халқының әдет-ғұрпы, салт-санасымен танысып, Ертіс жағасын, Алтайды, Тарбағатайды, Зайсан табиғатын зерттеуді басты мақсат еткен. Ол Санак Комитетінде қызмет ете жүріп, қаладағы алғашкы мәдениет ошактары қоғамдық кітапхана мен өлкетану мұражайының ашылуына үйткы болып, музейдің археологиялық бөлімінің негізін қалаған.

Михаэлис Абайға ең алғашкы іздену, шығармашылық қалыптасу кезеңінде жол нұсқауышы, Ресей мәдениетінің хабаршысы есепті болды. Сондыктan Ұлағатты ұстазы болған оны

Абай өмірінің кейінгі шағында: «Дүниеге көзімді ашқан кісі - Михаэлис», - деп ризашылықпен еске алып, жол нұскап, биесіншілік жасағаны үшін алғысын білдіріп отырган. Михаэлис озі де көшпелілер әлемінен зор ынтамен көп нәрсе үйреніп, бінді. Абай арқылы Шығыс мәдениетімен сусындал, далаңыктар дипломатиясы сырına канықкан.

Е.П.Михаэлис Орыс Географиялық қоғамының Батыс-Сібір боліміне 1880 жылдан мүшелікке кабылданып, кейіннен Семей болімшесіне мүше қызметкер ретінде тіркелген. Қазак елінде откізген жарты ғасырдан артық ғұмырын ол қызықты зерттеулер жисап, халық иғілігі үшін жұмсады.

1857 ж 27 акпанда П.П.Семеновтың ұсынуымен 22 жасар III.Уәлиханов Императорлық Орыс Географиялық қоғамына мүшелікке сайланды. 1858-1859 жж. Ш.Уәлиханов Еуропа ғылымдары үшін есігі жабық Қашқарияға барып, бүкіл Алтышаңардың жағдайы туралы ғылыми құнды мәліметтер жинадды. Ержүрек саяхатшы, әйгілі ғалым, шығыстанушы, географ, тарихшы, этнограф, фольклорист, патриот, казак халқының ардақты ұлы Ш.Уәлихановтың ғылымдағы орны ерекше [7].

4-такырып. Тарихи өлкетану - дереккөздерінің түрлері Жоспар

1. Жазбаша дереккөздің, ауызекі халық шығармашылығының және өнімдік да дереккөздердің тарихи өлкетанудағы рөлі.
2. Орга ғасыр және кейінгі ғасырлардағы Қазакстанның тарихи өлкетану деректері.
3. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректер.
4. Этнографиялық дереккөздер және оларды туған өлкенің тарихын ілріттеу үдерісінде қолдану.
5. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректер.
6. Топонимика – тарихи өлкетанудың дереккөзі.

Тарихи дерек үғымы адамдардың іс-әрекетімен байланысы бар және әдамзат қоғамының тарихын көрсететін өткен заманың барлық қылмықтары мағынасында түсіндіріледі. Ескерткіштер мен адам әрекетінің іздері бүтінгі танға дейін: заттай-археологиялық (енбек құралдары мен кирудың тұрмыстық заттардың архитектуралық құрылыштардың қылмықтары), лингвистикалық (тіл), этнографиялық (дәстүрлер әдет-түрліліктар), ауызша (фольклор) т.б. деректер түрінде жетті.

Жазудың пайда болуымен және дамуымен байланысты жазба

деректер дүниеге келді. Өткен заманның жазба ескерткіштерін жинау, сипаттау және басып шығару өте маңызды саналады. Қолжазбаларда: қолжазба атауы (авторлық шығармаларда автордың аты), нактылық мұмкіндігіне сай қолжазба мерзімі (жыл, жылдар, ғасыр, жарты ғасыр) және бағалы қағаздарға салынатын ерекше белгілер (филигрань), сакталу орны (кітапхана, мұрағат, музей т.б.), шифр, елшемі, бет саны, олардың сакталу сапасы, хат материалы (пергамент, қағаз), хат типі (устав, жартылай устав, шапшаң жазба) сиякты мәліметтер көлтірілген.

Кейде бұлардың қырылып кеткен немесе жуылып кеткен мәтіні ерекше болып келеді. Тұптеу кезінде оның шамамен қашан жасалғаны (ежелгі, кейінгі), материалы мен дайындалуы көрсетіледі. Оның манинаитораларының (саны), кітап басындағы өрнектерінің, стилдік ерекшелігіне сай инициалдарының болуы ескеріледі.

Республикамыздың өлкетануына қатысты таяу және алыс шетелдердің территорияларындағы ежелгі және орта ғасырдағы жазбаларды іздестіру тарихи ғылым үшін өзекті мәселе болып тұр. Негізгі дерек ретінде «өлкенің библиографиясы», «баспа деректері», «статистикалық мәліметтер», «тарихи ескерткіштер» және т.б. табылады.

Деректер әртүрлі материалдық, жазба, ауызша болып келгендіктен, өлкетанушының алдына: міндеті: 1. Не іздеу керек; 2. Қалай іздеу керек; 3. Қалай қағазға түсіру керек сиякты міндеттер койылады.

Өлкетану жұмыс ұйымдастыру мәселесі бойынша мемлекеттік, коғамдық және мектептік болып белінеді. Өлкетанудың негізін қажеттілік және білуге құштарлық болып табылады. Өлкетану негізі тарихи зерттеумен байланысты. Өлкетанудың бастаулары халықтық өлкетануға қатысты қалыптасқан. Олар өлкенің білгілері жатады. Мысалы, өлкенің алғашкы деректері ауызша тарихи деректермен тікелей байланысты келеді.

Археология сиякты белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген тарихи өлкетану бойынша негізгі тақырыптық мәселелерді білуі, сондай-ақ, жоғары оку орнында оқытылатын тарих курсы мен тұған өлкені зерттеп-тану барысында алған білімдері мен дағдылары арасындағы байланыстарды бакылап, айқындей алуы қажет. Сол сиякты, өлкенің тарих және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын, гегорафиялық оргадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір белгін қоныстану тарихын, сол ауданның топонимикасы туралы түсініктерді менгеру, жекелеген аудан немесе облыска сипат дарыгаттың ерекшеліктерді ажыратып, айқындау әдістемесін менгеріп, практикалық жұмыс барысында қолдана білу - өлкетану бойынша білімді күрайды.

Тарихи өлкетанудағы этнографиялық деректер мен материалдар,

Қазақстандағы өлкетанулық жұмыстар, музейлер, мұрағаттар мен ескерткіштерді корғау қоғамының атқаратын рөлдері, кәзіргі кездегі тарихи өлкетану өзгешілігін қарастырады. Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын тарихи ескерткіштер, салт-дәстүр мен әдет-түриш тарихы оқытылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы тиңгажайып құбылыс - қазақстандық өлкетанудың дүниеге келуі. Ең маңыздысы, ол ең басында ұжымдық шығармашылық ретінде қалыптасты. Олекегануды XIX ғасырдың ортасында Сібір және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда тек ғылыми саяхатшылар мен ғылыми экспедициялық қарысушылар ғана оқыды. Бірақ бұл жергілікті тұрғындардың өздерінің ойкетану тарихы туралы ізденбегені деп түсінбеу керек. Жеке тұлғалар ойкетануда ғылыми ізденісте жүрмей-ақ, өз өмірлерін бұл жұмыска прилаган. Осының жаксы үлгісі ретінде И.Г.Андреевтің тынымсыз еңбегін піттүға болады. Ал казактың тарихи өлкетануының қалыптасу басында үшінші ағартушылар – Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Үйбырай Алтынсарин, Әлихан Бекейханов тұрды.

Жазбаша дереккөздің, аузызекі халық шығармашылығының және біasca да дереккөздердің тарихи өлкетанудағы рөлі.

Орта Азия мен Қазақстанның көшпеніді және отырықиы таймақтарындағы көне авторлар (б.з.д. V ғ. – б.з. III ғ.). Қазақстанның мекендереген халықтардың мәдениетінің ежелгілігіне карамастан, оның тарихы және табиғи жағдайлары жайлы әдебиет деректері өте тапшы. Ежелгі парсы, элам, аккад тілдерінде Дарий мен Ксеркс патшаларының жазбалары, сонымен қатар ежелгі ірандықтардың Авеста зороавстриялық дінінің кітаптар жинақтары жазылған.

Сақ және баска да тайпалардың аумактары және «Ахеменид» жазбаларындағы Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның тарихи географиясы (б.з.д. 522– 486 ж.). I Дарий патшаның Бехистун жазбасындағы сына жазуы бар бесінші бағаның, Накши-Рустемдегі «а» жазбасының, I Дарий патша кезіндегі Персополь мен Суз жазбасындағы «о» мәтінінің, сондай-ақ Ксеркстың «дэв туралы жазбаларының» (б.з.д. 486–465 ж.) ерекше мәні бар. Бұл жазбаларда Ахеменид империясы кезіндегі Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпаларының тарихи фактілері мен атаулары кездеседі (парадрайа сактары – теңіз прынцідағы сактар, хаома сусынын дайындаудың хаумаварга сактары, үникір бас киім киетін тиграхауда сактары).

Авестада зерттеліп отырған мәселе бойынша шығу тегі, мазмұны мен мерзімі жағынан әртүрлі мәліметтер жинақталған. Авеста матіндерінің мазмұны бойынша неғұрлым көнесі Яшты, сонымен қатар б.з.д. VIII – VII ғасырларда Орта Азияның мал бағатын және жер

шаруашылығымен айналысатын тайпалары мен халықтарына бағышталған 17 өлең-уағыздарынан тұрагын Гаты болып табылады. Қазақстан аумағындағы өте ерте кездегі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар туралы Авестаның Ежелгі Кангхасының 13-Яштысында кездеседі (ариялар, турлар, сайдимдер, дахтар және т.б.).

Геродоттың «тарихы» (б.з.д. V ғ.). Оның I Дарийдың скифтерге карсы жорығы баяндалған Еуразия тайпалары туралы неғұрлым толық мәліметтері бар төртінші кітаптың Қазақстан үшін үлкен маңызы бар. «Парсы тарихы» деп аталатын оның тандамалы жинағындағы Ктесия күәлігінің бірқатар құнды мәліметтері жинақталған. Бұл енбекті дереккөз ретінде Павсаний (б.з.д. II ғ.), Диодор Сицилийскің (б.з.д. I ғ.), Үлкен Плиний (б.з. I ғ.), Клавдий Элиан (б.з. II–III ғ.) сияқты авторлар қолданды. Географиялық антик әдебиеті Қазақстанның тарихы мен тарихи өлкетануының маңызды дереккөзі болып табылады.

Страбонның «Географиясында» (б.з.д. I ғ. – б.з. I ғ.) Қазақстан мен Орта Азия тайпаларының табиги жағдайлары мен өмір сұру салты туралы мәліметтер олардың саяси тарихының түрлі эпизодтарымен бірігіп кетеді. Птоломей «Географиясындағы» Орта Азия мен Қазақстанның калаларының, өзендерінің, таулы қыраттарының, көлдерінің, түрлі аймактары шекараларының географиялық координаттары (б.з. I – II ғ. соны); сак (Қазақстанның онтүстігі, Сырдария өзені) және Скифия елдерінің (Еділден Балқаш көліне дейінгі кең аумак) аталуы анықталды.

Жоғарыда аталған жазба дереккөздері Қазақстанның аумағына аталған кезендердегі бірқатар тайпалар мен тайпа топтарын: онтүстікте сактар-тиграхаудаларды (кейбір грек дерек-көздері бойынша, бұлар массагеттер деп те аталады) және дахтарды (даиларды); батысында – савроматтарды (протоаорстарды); орталық аудандарында – исседондарды; ал солтүстік-шығыста – аримаспыларды орналастыруға мүмкіндік береді [8].

● Қазақстанның халықтары мен жерлері туралы қытай дереккөздері. Шығыс Түркістанның, Қазақстанның және Орта Азияның жағдайы туралы мәліметтер қытай деректерімен толығып түседі. Халықтар мен тайпалар туралы, олардың өмір сұру салты туралы, қытай елшілерінің, саудагерлерінің, саяхатшыларының, колбасшыларының саяси және қоғамдық құрылымдары жайлы жан-жакты мағлұматтар жинағы елке тарихы бойынша маңызды дерек болып табылады.

Қытай шекарасын мекендейген б.з.д. IV –III ғасырлардағы сюнну (хундар немесе ғұндар) және дунху тайпалары туралы алғашқы мәліметтер кездеседі. Б.з.д. I ғ. – б.з. I ғасырда Қазақстан мен Орта Азияның аумағына ғұндардың жаппай енуі жайлы ақпараттар мол. Чжан Цаннның (б.з.д. II ғ.) үйсіндер мемлекеті туралы, үйсін иелігінің орталығы

— Иле аңгары туралы, үйсіндердің тоганы – Ыстықкөл ауданындағы Чигучәне туралы (Қызыл аңгар қаласы) хабарламалары бізге әбден мәлім. Чигучәне «Ұлы жібек» жолындағы едәуір саяси орталығы және маңызды сауда пункті болып табылғанын осыдан білеміз.

Орта Азия мен Қазақстан халықтары туралы көбірек және құнды мәліметтерден тұратын династиялық оқиғалар, Сымы Цянның (б.з.д. 145–86 жж.) «Тарихи хаттары» (Шицзи), әсіресе «Сюннұ туралы әңгімелер» және «Давани туралы әңгімелер» тараулары, Хан императорлары мен колбасшыларының биографиялық сипаттамаларындағы Орталық Азияның иеліктері жайлы, олардың өзара және Қытаймен қарым-қатынастары туралы мәліметтер өте құнды.

Б.з.д. I ғасырда Бань Гу жазып бастаған, бірақ оның ғалым әпкесі Бань Чжаоның аяқтаған «Ерте Ханның тарихы» жазбасы тағы бар. «Батыс олке туралы әңгіме» деп атапттын арнайы тарауында қытайларға жаңадан ашылған тарихи-географиялық аймақ көрсетілген. Хроникада Хань империясынан Орта Азияға аппаратын негізгі жолдар келтірілген, оның халықтары мен тайпалары, экономикалық және әскери жағдайы, қалалары мен саудасы баяндалған. Бұл Давань, үйсін, қанұл және Чюннұ иеліктері туралы, оның ішінде Тянь-Шаньның солтүстік-батысындағы Чжичжи сюнн шаңында иелігі туралы мәліметтерге де көткесті.

Қытай империясының кейінгі кезеңдеріндегі жазба дереккөздеріндегі үйсіндер туралы үзінді мағлұматтар, мысалы, «Юаньвай династиясының тарихында» (Бэйшу), «Ляо тарихында» (Ляоши), Тайцзун императорының хроникасында (Х ғ.), Тань династиясы кезеңіндегі хроникалары бар. Сюаңь Цзаньның (664–696) Орта Азия арқылы Үндістанға жасаған саяхатына бағышталған «Ұлы Тань династиясы кезіндегі батыс әлкесі туралы хаттары» (Да Тан Сиойцзи).

Суябың, Невакеттың, Таластың, түрлі түрік тайпаларының сипаттамалары берілген. Қытай быттыранқылығы кезеңіндегі бірнеше авторлар тобы жазған «Тан династиясының көне тарихы» (Цзю Таншу), Қытайдың көрнекті ғалымы әрі ақыны Сүян Со бастаған авторлар үкімынан күрүлған Сун дәуіріндегі (1043–1060) «Танның жана тарихы» (Синь таншу) тағы бір маңызды дерек саналады.

Батыс түріктері, түргештер, Батыс Түрік және Түргеш қаганатының күрүлүү және олардың күйреуі; қарлұқтар, олардың Жетісу мен Қазақстанның онтүстігіне таралуы; Шығыс Туркістан, Жетісу, Шу, Талас өзендері, Ыстықкөл көлі жағалауларындағы қалалар туралы мәліметтер көлгіріледі.

Шыңғысхан басқарыш тұрған кездегі (1220–1224) Солтүстік Қытайдан Орталық Азияға «Әділетті Чан Чунның Батысқа саяхаты туралы хаттарда» (Чан чунь чжань жәнъ Си юцзи) Жетісу, Шу және Талас

аңғарларлары арқылы өтетін жолдар сипатталған. Шыңғысханның Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға жорықтарына ілесіп жүрген Елой Чуцайдың «Батысқа саяхаттың сипаттамасы», «Мин династиясының тарихы», «Мин династиясы басқаруының шынайы хаттары», «Мин империясының біріккен шолулары» деген тарихи құжаттар ерекше мәнді болып келеді.

Дереккөздердің басқа тұрлери Н.Я. Бичуриинің «Орта Азияны ежелгі уақытта мекен еткен халықтар туралы мәліметтер жинағы», Н.В. Кюнердің «Оңтүстік Сібір, Орталық Азия мен Қыыр Шығыс халықтары туралы қытай ақпараттары» деген жинақтарға тұнғыш рет жүйеленіп ғылыми талдауға жасалған еді.

●*Қазақстан халықтары мен аумағы туралы ежелгі түрік руна жазу ескерткіштері (VI – IX ғ.) және тарихи-этикалық және тарихи-батырлық мазмұндағы туындылар*. Б.з. I мыңжылдығындағы ежелгі түркі және түркі тілдес тайпалардың орналасу орындарынан тұратын ежелгі түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінің құндылығы ете жоғары.

Түрк авторлары құрган бұл жазба дереккөздер – байырғылық және түпнұсқалық сиякты жетістіктерге ие Солтүстік Монголия аумағынан, Енисей мен Таластан табылған неғұрлым құнды ежелгі түркі мәтіндері.

XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Енисей өзенінің жағалауынан Н.М. Ядринцев пен И.Страленбергтің ашқан ежелгі түркі руна жазуы бар. 1889 жылы Н.М. Ядринцевтің Солтүстік Монголиядағы, Орхон өзенінің жағасындағы руна жазуымен орындалған тас қабырғалардың ашылуы ғылымдағы үлкен жаңалықтардың бірі болды.

Дат ғалымы В.Томсеннің және орыс түріктанушысы В.В. Радловтың «орхон-енисей» немесе ежелгі түркі руна мәтінін оқып, аударуы. Д.Клеменцтің, П. М. Мелиоранскийдің, А.Гейкелдің, Ю.Неметтің, С.Е. Маловтың және т.б. ежелгі түркі руна жазба ескерткіштерін қалыптастыруға коскан үлестері орасан зор.

Солтүстік Монголиядағы руна хаттарының ескерткіштері, бұл алдымен, Монголиядағы екінші Түрк (689-744) және Үйғыр (745-840) қаганаттарының дәуірінде тұрғызылған Орхон, Толы, Селенгі өзендерінің жағалауларына жинақталған. Бұлар Онға жазбасы, Орхон ескерткіштері (Селенгі тасы, Терхин стеласы), Енисей жазбалары, Құлтегін (732 ж.) мен Білге қағанның (735 ж.) құрметіне салынған Кошо-цайдан ескерткіш-стеласы, Төникең (716 ж.) пен Құлшораның (722 ж.) құрметіне салынған ескерткіштер. Бұл ескерткіштер Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтар мен ежелгі түрк тайпаларының тарихы мен мәдениетін зерттейтін бай материалдарға толы екенін дәлелдейді.

Сонымен, Орта Азия және Қазақстан халықтарының арасында жазба ертеден пайдада болды. Бірнеше ғасырлық тарихында жазбаның бірнеше

түрін басынан кешірді: көнетүріктік, хорезмдік, соғдылық, ұйтыр, араб, латып тілдері болды. Қоңе жазбалардың бірі – бұл көнетүріктік жазба болды, оның негізіне Орта Азия, Поволжье, Кавказ және Қазақстан халықтарының тілдері енді. Ол б.д. VI-VII ғасырларда Орта Азияда қалыптасты. Көнетүрік жазба ескерткіштері руникалық жазба ретінде Монголияда (33, ескерткіш), Орхон мен Енисей (85 жазба), Шығыс Түркістанда, Таласта (12 жазба), Ферганада, Шығыс Еуропада қалыптаскан. Есік қорғанындағы жазба толық ашылмаған (б.д. VI-IVғ.).

Руникалық жазбалар өзінің мазмұны жағынан алты топка белуге болады: тарихи-биографиялық (Мөнке-хан, Құлтегін), эпитафиялық, с.с. қабірлердегі жазбалар, жартастағы жазбалар, құрылыштардагы, магиялық және ритуалды жазулар, занды құжаттар, тұрмыстық заттағы белгілер. Бұл 38 әріптен тұратын XI-IX ғасырларға дейін пайдаланып келген.

Қыргызстан мен Қазақстан аумағындағы Жетісудың руна жазбалары бар. Терексай шатқалындағы (Талас өзенінің аңғары) тасқа жазылған жазулар, ірі тастағы және мола тастарындағы тоғыз жазулар, Тараз қаласының жанынан табылған керамикадағы жазулар, тенгелер мен тұрмыстық заттардагы жекелеген белгілер мен ұсақ жазулар, Талас өзенінің аңғарындағы ағаш шыбықтағы жазу, Шығыс Қазақстаннан табылған екі қола айнадағы және Есік қорғанынан табылған кеседегі руна жазулары, Алматы жанындағы Талғар қалашытынан табылған күм шарбағындағы ұсақ жазу – бұның бері тарихи өлкетану бойынша баға жетпес құнды дерек пен мұра.

Көптеген қолжазбалар арасында қазақ халқының тарихына тікелей қатысты жазбаларда: «Оғыз-наме» (Огуз-хан жайындағы эпос), Қорқыт ата жайындағы әңгімелер мен аңыздар, «Алпамыс» поэмасы, «Манас» жыры және т.б. бар.

«Оғыз наме» («Оғыз-қаған» эпосы) түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін аңыздар негізінде көркем баяндайтын эпостық шығарма. «Оғыз-қаған» эпосына аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер, сондай-ак Оғыз қаған және оғыз тайпа-ұлысы туралы мәліметтер негіз болған. Оғыз қаған – жазба шежіре мен аңыз шежіренің тарихи кейіпкері. «Оғыз-наме» эпосының қаһармандары – Оғыз қаған, оның балалары. Бұл эпостың үйғыр әрпімен және араб әрпімен жазылған нұсқалары бар. «Оғыз қаған» сибігін қазақ тілі мен әдебиеті түрғысынан ҚӘмірәлиев тұңғыш жөргтеген.

Әбліғазы Баһадүр ханының «Шежіре и- түрк» – «Түркі шежіресі» – қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың қоңе тарихы, тұрмыс-тірілілігі, түркі елін баскарған қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызыметі туралы құнды деректері мол шежіре. «Түркі шежіресінің» Шыңғысханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Дешті Қыпшақ,

Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінде болған түрлі оқиғалар мен әртүрлі мемлекет қайраткерлері жүргізген саясаттың жылнамасы екендігі.

Шежіре 9 баптан тұрады: 1-Құдай тағаланың Адам ғалиссаламды жаратқанының баяны; 2-Монгол хан және оның Шынғыс ханға дейінгі үрпактары жайында; 3-Шынғыс ханың дүниеге келгенінің тарихы; 4-Үкідай қаганның және басқа да Шынғысхан нәсілінен патша болғандарының баяны; 5-Шынғысханың екінші ұлы Шағатай әuletінің Мауреннаһр мен Қашқарда болғанының баяны; 6-Шынғыс ханың кіші ұлы –Толы хан нәсілінен Иран жүртінда патша болғандардың тарихы; 7-Жошы хан әuletінен Дешті Қыпшақта патшалық құргандардың тарихы; 8-Жошы ханың бесінші Шибан ханының әuletінен Тұранда, қазакта, Қырымда және Мауреннаһрда патшалық құргандардың тарихы; 9 – Жошы хан әuletінен Хорезмде патша болғандардың баяны. «Түркі шежіресінің» алғаш табылу XVIII ғасырға жатады [9].

Атап өтү қажет, көне және ортағасырлық жазбалардың Орта Азия және Қазакстан халықтары мәдениетіндегі ықпалы өте зор болды.

Орта ғасыр және кейінгі ғасырлардағы Қазақстанның тарихи елкетану деректері

•*Араб деректері.* Орталық Азиядағы көршілес және алыс халықтар мен тайпалар туралы мәліметтер араб халықтары дәуіріндегі Шығысты жауап алу кезеңінде пайда болды.

Араб жазбасы казірде Орта Азия мен Қазакстанда медресе, діни мектептерде қолданылады. Ол X ғ-дан 1929 жылға дейін ресми түрде қолданып келді. Араб, одан кейін парсы тілдері орта ғасырларда халықаралық тілдер катарына жатқызылды. Осы тілде шығыстың ұлы ғұламалары: әл-Фараби, Бируни, Фирдоуси, Омар Хайям жазды. Махмуд Қашғари, Әлішер Науай, Әбілғазы хан және әл-Фараби, Ұлықбек, Қызырали, Баласағұни, Яссави трактаттары кеңінен тарапталды.

Арабтардың класикалық тарихи шығармаларында Қазақстан халықтары және арабтардың Оңтүстік Қазақстан аудандарын жауап алулары туралы өте көне деректер IX ғасырдағы ойшылдардың ал-Балазури, ат-Табари – пайғамбарлар мен (Тарих ар – расул ва-л-мулук) патшалардың тарихы және (Китаб футух ал-булдан) елдерді жауап алуы кітабында кездеседі. Қазақстандағы түрік тайпалары және олардың шекаралары туралы ал-Джакиздің «Манакиб ал-атрак» («Достойнство тюрок») деген еңбегінде сипатталған. Араб Тамим ибн Баҳр IX ғ. бірінші жартысында солтүстік-шығыс Қазақстандағы Ертіс өзені бассейнінде орналасқан кимак елдері арқылы хакан тоғыз-офыз астанасына саяхатқа шықкан.

Араб тілді географиялық шығармада Қазақстан территориясына қоныстанған тайпалар туралы мәліметтер кездеседі; IX ғ. Ибн

Хордадбеханың «Китаб ал-масалик ва-л мамалик» («Книга путей и городов») деген әкімшілік-географиялық анықтамасы бар. Сауда тасымалдары Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін әртүрлі елді-мекендер, қалалар, Ұлы Жібек жолы бойындағы елдімекендер бағыты арқылы жүргізілген.

Тарихшы Әл-Якубидің «Книга стран» атты географиялық шығармасында Қазақстан түріктері келтірілген. Арабтың географы және филологы Кудам ибн Джадардың (Х.ғ.) «Китаб ал-Хараджи ва Санъет ал-китабы» («Книга о харадже и искусстве секретаря») және араб географы Ибн ал-Факи ханның (IX-X ғ.) «Книга рассказов о странах» (Китаб ахбар ал-булдан) атты географиялық-әкімшілік шығармаларында қыпшактар, оғыздар, кимақтар, сауда нұктелері, қалалары, елді-мекендері және Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арасындағы қашықтық жан-жақты зерделеген.

Ибн Фадлан және Абу Дулафтың «Жазбалары» («Рисала») атты сибебінде қазіргі Қазақстанның батыс облысындағы көшпенді түркі тайпаларының тарихи-географиялық сипаттамалары берілген. Араб тарихшысы және географы ал-Масудидің Қазақстанның ерте орта гасырдағы тарихи географиясына катысты 30 томдық «История времени» атты тарихи географиялық әнциклопедиясында түрк тайпалары туралы тарихи-географиялық деректер зерделенген.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан мен тұрғындарының тайпалық құрылымдары және қалалар мен сауда жолдары жайлы Өте маңызды деректерде ал-Мақдисидің «Лучшее разделение познания климатов», Исхак ибн ал-Хусейннің «Груды жемчугов с описанием знаменитых городов в любом месте», ал-Марвазидің «Природные свойства животных», ал-Идрисидің «Развлечения истомленного в странствии по областям», Ибн Баттуттың «Подарок созерцающим о диковинках городов и чудесах путешествий», Ибн Хальдуннің «Книга назиданий и поучительных примеров» атты еңбектерінен кездестіруге болады.

●*Парсы деректері*. Тарихты зерттеулердің аталмыш уақыт кезеңі көршілес және шығыс мемлекеттерінің жекелеген авторларының негізінен жазбаша материалдарына жүгінеді. Нарративті шығармаларындағы маңызды материалдар негізінен тарихи, географиялық және мемуарлы шығармалар болып табылады. Олардың ең бастысы парсы тілінде жазылған. Бұларды араб, түрк және шағатай тілдеріндегі шығармалар толықтырады, көрсетілген деректегі алшактаған деңгейі әртүрлі. Көршілес жатқан шығыс Туркістандық авторлардың еңбектері нақты деректермен жазылған. Сонымен бірге, өте көлемді және жеткілікті нақты мәліметтер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу туралы жазылған.

Ала ад-дин Ата-Малик Джувейнің (1260 ж.) «История

миропокорителя» атты еңбегінде XIII ғасырдағы Қазақстан шекарасындағы қалалар мен ауылдар, Шағатай мен Жошы ұлыстарының қоныстануы туралы деректер берілген. Фазаллах Рашид ад-диннің «Сборник летописей» атты XII-XIII ғ. еңбегінен тарихи-география мен тарихи-әлеуметтік негізгі деректерді монгол және түрік тайпалары мен халықтардың тарихынан көруге болады.

Низам ад-дин Шами «Зафар-наме», Шараф ад-дин Йазди, Муин ад-дин Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Му-ини», Хафиз-и Абру «Маджма ат-таварих» 4-томнан және әл-Джурджанидің «Масалик аль-мамалик» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшак және Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Шығыс Қазақстанның тарихи географиялық деректері зерделенген.

Көрнекті тарихшы және әдебиетші мырза Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи и Рашиди» (XIV-XV ғ.) атты зерттеулерінде Қазақстан хандығының тарихына байланысты Моголстан мен Қазақстан территориясына көршілес жатқан мемлекеттерге қатысты маңызды деректерді көруге болады.

Камал ад-дин Бинайдің «Шайбани-наме» және «Футухат-хани» еңбектерінде Дешті Қыпшактың тайпалары, Сырдария түбегіндегі Отырар, Сығанак, Сауран қалалары және Қазак хандығы тайпалары туралы құнды мәліметтерді көре алымыз. Фазаллах ибн Рузбихан Исфаханидің (XV-XVI ғ.) «Михман-наме-йи Бухара» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшак және Түркістан, Сырдария маңындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы тарихи-географиялық мәліметтер жазылған.

Масуд ибн Күхистанидің «Тарих-и Абулхайрхани» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшақ халықтарының ру-тайпалық құрамы туралы келтірген. Зайн ад-дин Васифи «Бадаи аль-вакай» деген еңбегінде Сырдария маңындағы қалалардың өмірі, әртүрлі елдер, жерлер туралы жазылған. Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммад Бухаридің «Шараф-наме-ий шахи» атты еңбегінен Сырдария маңындағы қалалардың экономикалық және этнографиялық жағдайларын, Қазақстанның шекаралары туралы әртүрлі деректерді кездестіруге болады. Махмуд ибн Валидің «Баҳр аль-асар фи манакиб аль ахайар» атты әнциклопедиялық еңбегінде (XVII ғ.) Қазақстанның кейінгі ортағасырлық тарихы, тарихи-географиясы, Сырдарияның орта ағысындағы қалалары сипатталып жазылған.

•*Түркі деректері*. XI ғ. басында Орта Азия мен Қазақстан шекарасында ерте үйгыр және түрік жазбалары таралды. Турфан оазис құжаттарынан IX-X ғасырларда Түркі ордасында соғды жазузы кең етек жайды. Кейінгі кезеңдегі түркі деректері Абдаллах Балхидің «Зубдатъ аль-асар» атты еңбегінде келтірілген.

Тарихшы, ақын, басшы Ұлы Могол империясының негізін қалаған – Бабурдың (1483-1530) «Бабур-наме» деген еңбегінде казақтардың

ұтникалық тарихы, Жетісудағы Могол туралы деректер, Шығыс Дешті Қыпшактағы Абулхайырдың мемлекетін, Оңтүстік Қазақстан тарихи-географиясы жан-жакты зерделенген.

Әздерінің шығармашылығын түрік тілінде: Махмуд Қашғари, Әлишер Навои, Әбілғазы-хан, Ұлықбек, Баласағұни, Яссайи трактаттары кеңінен тарапталды.

Тарихи шығарма «Чингиз-наме» деген Өтеміш-Кажы енбегінде ортағасырдағы Қазақстан халқының саясаты, этносаясаты, әлеуметтік-мәдени өмірі көрініс тапқан. Шығыстағы Дешті Қыпшак, Сырдария маңындағы қалалар, түркі-монгол тайпаларының құрылуы Мұхаммад Салихтын «Шайтані наме» деген оқулығында берілген.

Қадырғали Жалаиридің «Жами ат-таварих» (1602) атты тарихи енбегінде Қазақ хандығының XV-XV ғасырлардағы тарихи географиясы мен тарихы жазылған. Абулғазидің «Генеалогии тюрков» («Шаджара-ий тюрк») атты енбегінде Орталық Азияның аумағындағы көп облыстардың саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихи, этнографиялық және тарихи-географиялық деректері көрсет зерделенген.

•*Орыс және батыс деректері*. Қазақстанның солтүстік бөлігінің тарихын зерттеуде Сібір жылнамалары: «Строганов жылнамалары (XVII ғ.)», С.Есиповтың «Сібір жылнамасы (1687 ж.)», «Ремезовтың жылнамасы (XVIII ғ.басы)». маңызды дерек болып табылады. Бұларда осы территориядағы және Сібірдегі тайпалардың жіктелуі жайлы мәліметтер бар.

XVII ғасырдағы қазак далалары арқылы Ресейге Бұхарадан және Хиуадан қырыққа жуық елшілік және Орта Азияға 9 орыс елшілігі кесіп откен. «Улкен сыйбаларға» арналған зерттеуде қазак туралы мәліметтер бір тарауда қамтылған. С.Ремезовтың «Сібірдің сыйба кітабында» көрсетуге мүмкін болған барлық географиялық объектілер – таулар, өзендер, көлдер, өгкелдер, құдықтар сонымен қатар, олардың елдімекендер, олардың аракашықтығы, Қазақстан территориясына қатысты тарихи-географиялық мәліметтер жаксы берілген.

XIV–XVII ғасырлардағы Азиялық елдерге және Ресейге дипломаттардың, саудагерлердің, миссионерлердің (Г. де Клавихо, С.Герберштейн, И.Барбаро, А.Контарини, А.Вид, А.Дженкинсон, Ф.Авриль, А. Омарий) саяхаттары мен іс-санарлары казіргі Қазақстан территориясындағы этносаяси бірлестіктер жайлы тарихи-өлкетанулық және этнографиялық мәліметтерден тұратын жаңа нарративті деректер базасының құрылуына алып келді.

Орыстың картографиялық материалы колданылған С.Герберштейн мен А.Видтың карталарында Жайыққа дейінгі жерлер көрсетілген. 1558 жылы Мәскеудегі ағылшының «Мәскеу компаниясының»

тапсырмасымен саудагерлік мақсатта, Орта Азияға жіберілген А.Дженкинсонның (1562 ж.) картасы Қазақстан жайлы географиялық мәліметтерді толықтыра тусты. Картада ол казактарды Сырдария жағалауы маңынан, ал ногайларды Жайық жағалауы маңында қоныстанғанын көрсеткен.

Жазба деректерге қысқаша шолу жасай отырып, нарративті ортағасырлық Шығыс, орыс және Батыс деректерінің көп бөлігі ғылыми айналымға енген деп қорытынды шығаруға болады. Шығыс авторларының енбектеріндегі Қазақстанға қатысты тарихи материалдар өзара байланыссыздығымен сипатталады. Онда саяси тарих, ондағы тайпалардың, халықтармен билеушілердің көрші елдермен карым-қатынасы тарихы жайлы мәліметтер берілген. Ал этникалық құрамы, шаруашылық түрі, рухани және материалдық мәдениеттілігіне қатысты мәліметтер үзінді түрінде келтірілген. Шығыс деректеріндегі мәліметтер батысеуропалық, кейіннен орыс саяхаттанушылардың, елшілерінің, ғалымдарының жаңалықтарымен, сонымен қатар орыс жылнамалары мен мұрагаттарындағы мәліметтермен тольқырылады.

•*Хатық ауыз әдебиетіндегі өлкетанулық материалдар*. Жырау поэзиясы XVI–XVIII ғасырлардағы хандықтың негізгі ойшылдары, хан қызметкерлері мен кеңесшілері, тайпаның әскер-басшылары ретінде қарастырылған. Дағалық ауыз әдебиетінің көрнекіт тұлғалары – Шалқиіз Тленшіұлы (1465–1560), Доспамбет жырау (1490–1523), Жиембет жырау (XVII ғ.), Марғаска (XVII ғ.), Ахтамберді (1675–1768), Тәттікара (1705–1780), Үмбетай (1697–1786), Бұхар жырау Қалқаманұлы (1698–1778).

Есім, Тәуке, Тұрсын, Абылай хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым билер жайлы, Бөгембай, Есет, Қабанбай, Карасай т.б. батырлар және т.б. тарихи-эпикалық, тарихи-батырлық мазмұндағы шығармалар өлкे тарихы бойынша таптырмас құнды деректер. Поэзияда «Ұлы жүт» кезеңдегі Қазақстанның сол немесе өзге де аймақтарындағы оқиғалар жақсы суреттелген: («Ақтабан шұбырынды») «Қарататудың басынан көш келеді», «Құншығыстан ызғарлы жел келеді» әндерінің мазмұны осыған сәйкес келеді.

Тарихи-топонимикалық аңыздар. «Үістық көл туралы аңыз», «Қорқыт туралы аңыз», «Оқжетпес», «Атасу», «Токпанның балалары», т.б. атты зерттеулерде өте көне кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғаға қатысты белгілі бір жердің тау, көл, су, т.б. тарихы келтірілген.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрышка көніл беріліп, жиі назар аударуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өсken төл бесігі – жер Ананың географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде кайта ерекшеленіп, сын көзben қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде.

Атамекен жеріміздегі топонимикалық атаулардың шығар көзі – ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр-дастандар арқылы тарих көнінде жиі алмаскан ұрпактар сахнасында сакталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрактанып қорланатын тарихи естің жиынтығы іспеттес. Түркі халқының тарих сахнасына шығып, мемлекет құрған кезеңі, Түркі қaganаты дәуіріндегі елді мекен, жер-су атаулары тікелей сол халықтың ана тілінде жасалып, сап алтындақ қоспасыз таза сакталған түрін таска мәңгілікке қашалып жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тақиасыз айғартап отыр [10].

5-такырып. Археология ғылымының тарихи өлкетанудағы рөлі.

Жоспар

1. Археологияның өлкетанудағы рөлі.
2. Қазақстан аумағындағы ежелгі қоныстар мен калаларды зерттеудегі археологияның маңыздылығы.
3. Археологиялық деректердің ерекшеліктері.

Археологияның өлкетанудағы ролі. Археология ғылым ретінде адамзаттың тарихи өткенін (алғашқы қауым, ежелгі және ортағасырлардағы) заттай ескерткіштер бойынша зерттейді және солар арқылы адамзат қауымының өткенін карастырады. Заттай деректерді ежелгі дәуір мен ортағасырлық ескерткіштерден калған жәдігерлер құрайды. Археологиялық зерттеудің негізгі нысаны: бүрынғы заманнан калған қоныстардың орны, кен өндірісі, керуен сарайлар, ескери бекіністер мен кала орындары, үй іші заттары, обалар, зираттар және тағы басқалар.

«Археология» термині б.з.д. IV ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде колданыла бастады. Ғылыми тұрғыдан археологиялық зерттеулер Еуропада тек Қайта өркендеу дәуірінен бастап жүргізілді. Еуропалық ғалымдар ол кезеңде көбінесе, грек және рим мәдениеті мен онеріне, яғни антика дәуіріне катысты ескерткіштерді зерттеді. Жалпы «археологиялық мәдениет» термині бір уақытқа жататын, сол табылған жеріне байланысты өзіндік ерекшелігі бар, белгілі бір аймақтағана шоғырланған археологиялық ескерткіштерді атау үшін пайдаланылады.

1950–1990 жылдары Қазақстанда археология ғылымы ерекше ламыды. Еліміздегі басты археологиялық орталық – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Э.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Ол отандық археологтардың археологиялық зерттеулерін үйлестіруші және бағыттаушы орталық болып табылады. Сондай-ақ Республика жогарғы оку орындары арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және

музеология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттің археология және этнология кафедралары жетекші болып келеді.

Көне жазбалар бойынша ескерткіш мағынасына «археологиялық дерек» және «археологиялық ескерткіш» мағынасы өте жакын. Бұл ұғымның мағынасы, тарих ғылымынан бұрын археология пайда болғанға саяды. Тарихи түсініктің бірі – тарихи дерек ұғымы ертеден бастау алады. Кейінрек археология ғылымының дамуына байланысты тарихи деректерді: жазба және заттай, яғни археологиялық деп екі топқа бөлді. Егер ғылыми тұрғыдан «археологиялық ескерткіш», «археологиялық дерек» сөздерін қарастыратын болсақ, олардың мағынасы бірдей. Егер ол толық ғылыми саралтамадан өтіп, ғылыми зерттеу объектісі болған жағдайда археологиялық ескерткіш толық археологиялық дерек болып табылады.

Бірақ дәстүрлі түрде ескерткіштерді дерек ретінде, сондай-ақ заттай жеке заттар ретінде де оларды қарастыруға, табылған заттарды заттай дереккөзі ретінде танып білуге болады.

Археологиялық ескерткіштер әр кезеңге катысты әртүрлі келеді. Қазақстан территориясында олардың негізгі түрлері ретінде: қоныстар, тұрактар және бекініс корғандар, жерлеу орындары, қорғандар, кесенелер, қоймалар, петроглифтер, тастағы таңбалар, тау жыныстары, су каналдары және т.б. қарастырылады.

Заттай ескерткіштер – өндіріс құралдарын пайдаланғанын, солардың көмегімен жеке және қоғамдық сәулет құрылыштары салынуы, материалдық заттар – сәндік бұйымдар, киім, көркем өнер туындылары, тенгелер, кару-жарап және т.б. жасалынуы, яғни адамдардың көпгасырлық еңбектерінің нәтижесі болып табылады.

Заттай ескерткіштермен айналысадын археолог-мамандар казба жұмыстарын жүргізеді, тапқан заттарды қалпына келтіріп, одан кейін уақытын белгілеп де топтастырады және зерттей отырып, жасаған жұмыстарының корытынды есебін жариялады. Ережеге сай археолгтар тарихшылар секілді өздерінің барлық корытындыларын заттай және жазбаша мәліметтерді пайдалана отырып пайымдайды. Тарихты ғылым ретінде археология уақыты және аумағы жағынан ұғымын айтартылғанда кеңейтті. Жалпы археолгтар деректерді ұсынып, оның маңызды деңгейін жазбаша деректермен толықтырады.

Археологиялық ескерткіштерге қоныстар және жертөлелер, бекініссіз (тұрактар, қыстактар) және бекіністі (қалалар) елдімекендер, кабір үстіне салынған құрылыштар (обалар, молалар) және жер астынадағы жерлеу орындары, жерлеу мүлкі көмілген жер жатады.

• Қазақстан аумағындағы ежелгі қоныстар мен қалаларды шарттеудегі археологияның маңыздылығына қоныстардың қалыптасуы мен дамуы, негізгі шаруашылық-мәдени түрдің (көшпенде, жартылай көшпенде және отырықшы мал шаруашылық, егіншілік) әсері, қола дәуірі, ерте темір ғасыры, ерте және кейінгі орта ғасырлар, Қазақ хандығы көзөніндегі қоныстардың ерекшеліктері кіреді. Қазақстан жеріндегі алғашкы қалалар туралы акпарат VI ғасырға жатады.

Алғашкы қалалар Сырдария мен Жетісу өзендері алкабында болды. Бұғынгі таңда археологтар еліміздің онтүстігі мен Жетісүдің онтүстік-батысынан VI–IX ғасырларға жататын қалалардың қалдықтарын тапты. Қазіргі Онтүстік Қазақстан облысы аумағында 30-дан астам қалалар – Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Созак, Манкент, Шымкент және т.б.; Жамбыл облысында 20-дан астам қалалар (Тараз, Құлан, Меркі, Саудакент, Ақыртас және т.б.); Алматы облысында – Қарамерген, Актам, Алматы, Талхир, Лабан, Екіғызы, Қаялық және басқалар; Қызылорда облысында 30-дан астам қалалар мен бекіністер бар. Мұндағы Жетіасар мәдениетінің қалалары мен бекіністері (Алтынасар және т.б.), Жент, Шірікрабат (Сак мемлекетінің астанасы), Жанкент (Оғыз мемлекетінің астанасы), Сығанак (Ақ Орда, сосын Қазақ хандығы астанасы) айтарлықтай белгілі. Қарастырылып отырған хронологиялық кезең бойынша аз таралған Қазақстанның басқа да аймақтарындағы қалалар – Атырау облысындағы Сарайшық, Ақмола облысындағы Бозок бар.

Археологтар тұракты қоныстарды: жартылай көшпенделердің қыстауы, отырықшы қыстасқан кала сиякты үш түрге бөледі. Көшпенделер мен жартылай көшпенделер қоныстарының күрүлісі мен көлемі біркелкі емес екендігін ерекше атап өтуге болады. Онтүстік Қазақстан мен Жетісүда орта ғасырлар көшпенделердің отырықшылануы, қолөнердің дамуы мен сауданың өсүі, мұлік тенсіздігі, қала өмірінің пайда болуы үдерісінің болуымен басталады.

Жалпы қалалардың гүлденуі VI–XII ғасырлардан байқалады, яғни оған тек сауда, экономика мен қолөнердің дамуы ғана емес, Ұлы Жібек жолының рөлі де себепші болды. Сырдария, Шу мен Талас, Жетісүдің қалалық мәдениеті үшін татар-монгол шапқыншылығының және оның салдары туралы да айтпай кетуге болмайды. Қоныстар мен қалалардың қайта көтерілуі XV–XVI ғасырларда, яғни Қазақ хандығының қалыптасуымен байланысты болды. Қазақстанның казіргі елді мекендері ішіндегі өзінің ежелден қала мәртебесінде келе жатқандары – Түркістан, Тараз және Шымкент қалалары [11].

Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы қалалардың әртүрлі бөліктерінің жоспары біркелкі емес. Оған үлкен және кіші қалаларда цитадель, шахристан және рабадтың міндетті түрде болуы жатады.

Цитадель және оның біршама бекіністі болігі қаланың маңызды элементі және ортағасырлық феодалдық билеушінің резиденциясы, Шахристан «сарайдағы» ауқатты тұлғалардың шоғырланған орталығы. Рабат – колонер-сауда оргалығы болған. Қалалық орам (квартал) қалыптасқан. Орам – орам аралық көшелер немесе бас көше болігін біріктірген бірнеше үй иелігінен тұратын қалалық құрылыш ғимараттары, корғаның құрылышы.

Қалалардың жоспарланузы мен құрылышындағы айтарлықтай өзгерістер Қазакстанның Ресей империясы құрамына кіргеннен кейін басталған-ды. Олар үшін стратегиялық жоспарда ең маңыздысы XVIII–XIX ғасырларда Орал, Тобыл мен Ертіс өзендері бойына қала-бекіністер салу құрылышы болды. Оларға көше-орамдар, көшелер мен түйік көшелерді тік бұрышта қиып өтетін шахматтық жүйе тән еді. Қала жоспарындағы радиал-айналма жүйенің басымдығы оларға аса маңызды болмады. Типтік сәулет жарасымдылығы және т.б. тән қалалық және губерниялық әкімшіліктер кіретін мекемелердің күрделі жаңа ғимараттар құрылышы басталды. Ресейдің солтүстікten оңтүстікке қарай біртіндеп отарлауында орыс казактары қалалар тұрғызыды, оның басым бөлігі бүтінде де өмір сүріп жатыр (қараңыз, сонымен қатар кала мәртебесін жоғалткан Қазақстанның елді мекендері).

Казіргі қалалардың басым көпшілігі XX ғасырда негізінен қазба байлықтар кеңін ашумен байланысты пайда болды.

Бүгінгі таңда Қазакстанда қала мәртебесінде 86 елді мекен бар, оның 27-сі моноқалалар немесе әрбір үшіншісі (32%). Қалаларда республика халқының 56%-ы тұрады. Әкімшілік бөліну бойынша 3 қала бірінші, 38 қала екінші, 46 қала үшінші деңгейде. Қазакстанда 50 мыңдан астам тұрғын тұратын 28 қала бар. 14 қала: Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанда, Қөкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдыкорған, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент – облыс оргалығы.

Екі қаланың Алматы мен Астана (Елорда) республикалық маңыздығы мәртебесі бар. Қалған үлкен қалалардың көпшілігі облыска бағынышты қалалар: Шығыс Қазақстан облысындағы Семей; Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан, Кентау; Павлодар облысындағы Екібастұз; Қостанай облысындағы Рудный мен Арқалық, Манғыстау облысындағы Жаңаөзен; Қарағанды облысындағы Теміртау, Жезқазған, Балқаш, Сатпаев, Шахтинск. Сондай-ак Алматы облысындағы Қаскелең мен Атырау облысындағы Құлсары қалалары ауданға бағынышты қалалар болып табылады.

•*Археологиялық деректердің ерекшеліктері*. Ежелгі дәүір, ерте және кейінгі орта ғасыр кезеңдерінің археологиялық материалдары тарихты кайта қарауға негізгі дерек болып табылады. Археологиялық деректерді пайдалана отырып, өлкетанушы өлкенің көне қезеңінен бастап,

кейінгі кезеңіне дейін бір бағытта зертте шығуына болады.

Археологиялық материалдарға сараптау жүргізуге классикалық әдіспен ескерткіштердің жасын анықтау: салыстырмалы-типологиялық анализ, картографиялау және де басқа жаңа әдістер: археомагниттік, дендрохронологиялық, радиосутектік, термолюминесценциялық, спектральды, химиялық, астрофизикалық (интенсивті күн радиациясы) ленталық балашықпен биологиялық мерзімдеу, спорамен, елдімекендердің мәдени қабатындағы тозанды зерттеу жатады.

Археологиялық материалдарды сараптаудың бірінші сатысы (классификация және типология). Археологиялық табылған заттың категориясы, тобы, классы, типі және түрі бойынша дефференциациясын жүргізу керек. Археологиялық табылған заттың бес категориясы: тастан жасалған бұйым, керамикалар, сүйектер, металл, ағаш және басқада материалдар болып табылады. Категориялардың топ бойынша бөлінуі мынандай: керамика: илеу, тек колдан жасалған және саздан жасалған. Озгеше екендігін және заттардың ұксас кешендерінің таралуын картада корсету кажет. Осы карталар арқылы тайпаның, рулар мен халықтардың қоныстануы, сауда жолдарын анықтау, елдімекендер, қалалар мен калашықтар аумағының шекарасын анықтау ғылыми тұрғыдан маңызды болып келеді.

Археологиялық жұмыска дайындық барысы. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу немесе арнайы барлау жүргізу сенім берілген мемлекеттік органдарға «Ашық қағаз» беру арқылы орындалады.

Ашық қағаздың категориялары: а) №1 – ерекше археологиялық жұмыска құқығы; ә) № 2 – ескерткіш алғандағы кілігірім аумакты барлау жұмысын ашу; б) № 3 – өндірісі жок жерге археологиялық барлау жасау; в) №4 – табиғи апаттардан қауіп төнү нәтижесінде немесе жерді ондеу жұмысы барысында археологиялық ескерткіштерді зерттеу. Осындай «Ашық қағаздар» археологиялық орталыктан мекеменің сұранысы бойынша бір ғана адамға бір маусымға беріледі. Сол «Ашық қағаз» берген мекемеге ғылыми корытынды қөрсету кажет.

Археологияның жұмысы даала жұмыстары кезінде өте жауапты, өйткені табылған артефакттарды сактау қажеттілігі туды. Экспедиция кезінде табылған материалдар мұкият тазаланып, жуылады, арнайы нөмірлер түсіріліп, коллекциялық жазылаға жазылады.

Археологияда ең маңыздысы – табылған ескерткіштің жасын анықтау. Қазіргі кезде классикалық зерттеуден басқа: археомагниттік, дендрохронологиялық және радиокөміртекті (C-14) зерттеулер бар.

Археомагнитті әдіс күйдірілген қыш, кірпіш, керамика бұйымдардың жасын анықтауда пайдаланылады. Өйткені балашықтың магниттегелетін қасиеті бар, бірақ оны алдымен қатты қыздыру керек, сонда

керамиканың бойында термостатикалық магниттілік пайда болады. Сондыктан керамиканың немесе кірпіштің кай уақытта күйдірлгенін дәл анықтауға болады.

Геологтар мен физиктердің зерттеулері тау қыртыстары мен топырак қыртыстары жер бетінде пайда болған кездегі магниттілігін сактайтынын дәлелдеді.

Дендрохронологиялық әдіс ағаш құрылыштар мен бұйымдардың жасын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Мысалға дендрохронологиялық әдіс арқылы Шілікті корғанындағы ағаш бөренелерден құралған саркофагтың жасы дәл анықталды.

Радиокарбондық әдіс тірі жануарлар мен жәндіктер және атмосферадағы бірдей радиоактивті көміртек көлемін зерттеу кезінде қалыптасқан. Көміртектің ағзага тұрақты келіп отыруы ағзаның өзінің қызметін тоқтатуымен доғарылады. Радиоактивті көміртек тіршілігін тоқтаткан өсімдік пен жануардың ағзасы біргінде ыдырайды. Жартылай ыдырау кезеңі 5730 жылға тең келеді. Табылған ескерткіш көне болған сайын онда көміртек азая береді. Қазіргі кезде бұл әдіс ең дәл көрсететін әдістерге жатады. Осы әдіс арқылы 2000-нан астам ескерткіштің пайда болу кезі осылай белгіленді.

Соңғы кездері термолюминесценция әдісі қолданысқа ене бастады. Әдіс бойынша ежелгі керамиканы 400-500 градуска дейін қыздырғанда жарқырай бастайды. Жарық неғұрлым қатты жарқыраған сайын, керамика соғұрлым ежелгі.

Археологтар үнемі көптеген заттармен жұмыс істейді, оларға: құралдар, ыдыстар, адамдардың қалдықтары, корғандар мен калалардың орындары жатады.

Көптеген сын tactардан кейін көптеген заңды қағидаларға өзгерістер әкелді. Генетика археологтарға мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегін анықтауға мүмкіндік береді. Ұзак уақыт бойы иттің арғы тегі корқау қасқыр деп есептелді. Бірақ генетиканың дамуымен корқау қасқыр мен иттің хромосомалары екі түрлі болғаны соншалық, иттің арғы тегі корқау қасқыр емес екендігі дәлелденді.

Археологиялық материалды мектеп оқушыларына таныстыру оларды ғылыми ізденүшілік жұмыстарына баулауға, ежелгі мәдениет ескерткіштерін коргауға, қастерлеуге үйретеді. Бұның бәрі оқушыларға танымдық әсер етеді.

Жергілікті археологиялық материалды тарих сабактарында кең колдануға және сынныптан тыс шараларда колдануға болады.

Археологиялық материалдың ерекшелігі, оны тек кітаппен ғана зерттеу мүмкін емес. Мұғалім оқушыларды тек кана кітап жүзінде ғана емес, археологиялық коллекциялар көрсетіп, жергілікті музейлерге апаруы

тиіс. Жас ерекшеліктеріне байланысты 5-7 сынып окушыларын сабак бойынша экскурсиялар мен жергілікті өлкетану музейіне апарған жөн. Экскурсия кезінде окушыларды тек қана аралатумен ғана шектемей, экспонаттарды түсіндіру керек.

• *Экскурсия сабагы*. Оку экскурсиясы кезінде әдетте, окушылармен мімемесү және осы уақыт кезінде музей ішінде оларға өздік жұмыс, соын өздерінен бірге қарандаштар мен дәптерлер әкелу тапсырлады.

Тәжірибе корсеткендей мындағы әңгімелесу экскурсия сабактың тиімділігін арттырады. Окушылардың өздік жұмыстарынан:

1) олардың көзқарасы бойынша тас дәуірі кезіндегі адамдардың ен маңызды деген 3-4 құралдарын салып келу,

2) палеолит, мезолит, неолит кезеңіндегі тұрактардың тізбегін салып әкелуді тапсыру;

3) неолит, кола, ерте темір дәуірі ыдыстарының сыртындағы орнектерді салдыру;

4) музейден алғашқы адамдар ойлаң тапқан бірнеше құрылғылардың қазіргі қунға дейінгі түрлерін көрсету сияқты тапсырмалар беруге болады.

Археологиялық үйімелердің көбі өзіндік зерттеулер, кейбіреулері тек археология жайлы сырттай түсінік ғана жасайды. Мұны түзету уақыты жеткен сияқты [12].

6-такырып. Тарихи өлкетануды оқытуда этнография және этнология ғылымдарының орны

Жоспар

1. Өлкетанудың этнографиядағы рөлі.
2. Этнографиялық дереккөздердің жиынтығы.
3. Этнография және этнология деректердің ерекшеліктері.

• *Өлкетанудың этнографиядағы рөлі*. Этнография тарих ғылымы сияқты халықтардың мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерін, олардың шаруашылық-мәдени түрлерін, өмір сүру жүйелерін, этногенезі мен этникалық тарихының мәселелерін, халықтардың мәдени-тарихи озара қарым-қатынастары мен орналасуын зерттейді.

Этнография термині грек сөздерінен «этнос» – ел, халық және «графо» – жазамын немесе «логос» – зерттеймін, яғни халықты сипаттау, халықтану болып табылады.

Этнографиялық зерттеудің негізгі әдістемесі – әлем халықтарының тұрмысы мен өмірін тікелей бакылау, олардың қоныстануы, тарихи-мәдени қарым-қатынасын зерттеу. Соғы онжылдықта этнография термині, ғылым саласы ретінде этнология терминімен алмасты. Көптеген

шетелдерде этнография (этнология) жалпы адамзатты танып-білетін – антропология саласының бірі ретінде қарастырылады.

Этнография ғылым саласы ретінде XIX ғ. оргасында Еуропа мен Америка елдерінде қалыптасты, осыған дейін тарихи зерттеулердің бір саласы ретінде колданыста болды. Оның негізгі себептерінің бірі Ұлыбритания империясының құрамына енген жүздеген елдерді басқару кажеттілігі еді. Аталмыш ғылымның негізін салған А., Бастиан, И. Баховен, Эд.Тэйлор, Л.Г. Морган, Дж. Леббок сиякты ғалымдар көбінесе, ағылшын империясы құрамындағы өркениеттік даму дәрежесі төмен тайпалардың әдет-ғұрыптары, материалдық мәдениеті мен руханиятын, басқа да ерекшеліктерін зерттеумен айналысты.

Этнографияның бұл саласын ғылымда «этнология» деп атайды. XIX ғасырдың 30-40-жылдарында Еуропа және Америкада алғашқы этнографиялық қоғамдар қалыптасты. 1839 жылы «Париж этнографиялық қоғамы», 1842 жылы «Америка этнографиялық қоғамы» құрылды.

XVII–XVIII ғасырларда «белгісіз халықтардың» өмірін зерттеу мақсатында бірнеше экспедициялар жарапталды. Олар өз зерттеулерінде Ресейдің көршілес елдерін зерттеумен шұғылданды. Ғылым Академиясының экспедициясы Сібір, Орал, Орта Азия және басқа да аудандарды зерттеумен айналысты. Кейде этнографиялық алғашқы ғылыми енбектерде жарықка шығып жатты. Солардың бір бөлігі Қазақстанға арналды. Міне, нақты осы кезеңде казак халқының дәстүрлөрі, салттары жайында алғашқы жазбалар пайда болды. Олар өлкенін тарихи, табиғи ерекшелігін сипаттады.

Этнографиялық өлкетанудың объектісі ретінде мәдени өміріндегі тұрмыстық ерекшеліктер, олардың шығу тектері, өзгерістер ескеріледі. Ертедегі адамдардың мекенжайлары, тұрактары, корым, зираттары, қоныстардың орындары, олардың сыртқы құрылымдары тұрғын үйдің ішкі ерекшеліктері, әртурлі қоныстар зерттелінеді. Ғылымның бұл бағытын «этноархеология» деп атайды.

Этнографиялық бакылаулардың негізгі міндеті өткен кезеңнің оқиғаларын өзгертией баяндау, сонымен катар кандай жаңа өзгерістер келді соны айту. Халықтың тұрмыс-тіршілігі этнографиялық зерттеудің басты объектісі болып табылады.

Этнографияның басқа тарихи пәндермен, әсіресе археологиямен, антропологиямен, мәдениеттанумен, географиямен, архитектуралық және этнолингвистикамен байланысады. Бұдан басқа ол жазбаша және графикалық құжаттарды, заттық және тұрмыстық материалдарды пайдаланады. Ал осының өзі этнографияны басқа тарихи ғылымдардан ерекшелейді.

Этнография түрлі әлем халықтарының, нақты елдің, аймақ пен

облыстардың ортасында түрмистық және мәдени үдерістерді зерттеумен айналысады. Тұрмыс деп жеке және қоғамдық өмірдің үйреншікті, қалыптасқан, дәстүрлі формаларын атайды. Бұл түрмис формалары барлық этностарда ортақ, сондай-ақ айырмашылықтары да болады.

Әтнос мәдениеті деп бір этноска қатысты барлық мәдени жетістіктер жиынтығын атайды.

Мәдениеттің өндірістік, өмірді қамтамасыз етегін, әлеуметтік нормативті және танымдық сияқты төрт жүйесін атауға болады. Мәдениеттің өндірістік жүйесі деп қолданудың өндірісі шектелген көлемде материалдық керек-жараптар, еңбек құралдардың өндірілуін атайды. Өмірді қамтамасыз етегін жүйеге тікелей өмірі мен қызметін қолдауға бағытталған механизмдер мен құралдар жиынтығы жатады. Сондыктан да онымен байланысты кешендерді, мысалы, баспа насы мен елді мекендерін, тағамдары мен ыдыстарын, киімдері мен әшекей бүйімдарын жүйенің құрамды бөліктегі ретінде қарастыруға болады.

Мәдениеттің әлеуметтік нормативті жүйесіне әдет-ғұрып, рәсімдер, діни институттардың едәуір белгі, түрлі әлеуметтік құрылымдар жатады. Мәдениеттің танымдық жүйесіне білім мен тәжірибелің ғылыми және әмпирикалық жиынтығы, сондай-ақ сезім жолымен жүзеге асатын таным саласы да қатысты.

Этнография өлке тарихы мен мәдениет генезисін оқып-түсінуге көмектеседі. Мысалы, Қазақстан аумағында мал шаруашылығы шаруашылықтың жетекші саласы ретінде қола дәүірінде орнықканы белгілі. Алдыңғы андронов кезінде-ақ отырықшы тайпалардың кешенді шаруашылығы, үй жанында мал өсіру, кетпенде егіншілік, ал және балық аулау пайда болған. Алғашқы кездерде бұл бірыңғай өндіруші шаруашылық болды, онда мал шаруашылығы мен егіншілік әлі де дербес өндіріс салалары ретінде бөлінбеген еді. Б. з. б. II мыңжылдықтың ортасына карай көрініс өзгерді: шаруашылықта, археологиялық деректердің көрсетіп отырганындей, алыс жерлерге көшуге және қыстығуні тебінгілі жайылымға бейімделген қой мен жылқы сияқты жануарлардың үлес салмағы күрт өседі.

Тұрғындардың көшіп-конуы артып, далалық жайлымдың алкаптарды игеру үдерісі жүріп жатты. Мал шаруашылығының жеделдете дамуы барысында ежелгі тұрғындар арасынан шаруашылықтың осы саласымен айналысатын бакташы тайпалар бөлініп шықты.

Қазақстан аумағында б. з. б. II мыңжылдықтың орта шенінде болған тұнғыш ірі қоғамдық еңбек бөлінісі шаруашылық қызметінің жана түрі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының біржола қалыптасуы үшін кажетті алғышарттар жасады.

Б. з. б. I мыңжылдықтың бас кезінде-ақ Қазақстанның далаларында,

шөллейт және таулы аудандарда жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы негізгі, ал содан соң ұstem шаруашылық түріне айналады. Мұндай өзгерістер біркатарап себептерге байланысты еді, ал олардың ішіндең ең бастысы бір-бірімен аса тығыз байланысты табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар болатын.

Б. з. б. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында, басқа далалық аудандардағы сияқты, Қазақстанда да климат өзгеріп, ол барған сайын қуанасарта берді. Табиғи су көздері кеміді, оның өзі үлкенді-кішілі өзендердің жайылмаларында егіншіліктің өрістеуін тежеді, ал кейбір аудандарда оны құрт қыскартты.

Уақыт өткен сайын малшылық-егіншілік тайпалары ішінде үздіксіз көбейе түсken халық пен өндіргіш күштердің осы халықты құнқөріс құралдарымен қамтамасыз ете алмайтын үйлесімсіз төмен деңгейі арасында сәйкесіздік пісіп-жетіле бастады. Ежелгі тайпалар өз өндірісін тез жетілдіре алмады да, орын алған жағдайдан шығудың жолы бір ғана нәрсе – жер аумағын кеңейту деп білді.

Қазақстанның сүзу аз жерлердегі сауармалы егіншілікті дамытуға мүмкіндік бермеген далалық аудандары халқының көпшілігі үшін алғашқы экономиканың халық саны артуының өндіргіш күштеріне қысымын жоютын бірден-бір бағыты мал шаруашылығының көшпелі және жартылай кошпелі түрлеріне ауысу болды. Орасан зор жайылымдық алқаптары жағдайында мұндай шаруашылық бағыты мүмкін ері тиімді болған еді.

Тайпаларының өмірінде экономикалық ірі прогресс, алғашқы коғамның өндіргіш күштері дамуына ілгері басқан қадам болды. Адам еңбегі неғұрлым өнімді бола түсті, өйткені шаруашылықтың мамандандырылуы мал, сондай-ақ ет, сүт, тері, жұн және т.б. түрінде артық өнім өндіруге кен мүмкіндіктер ашып берді [13].

•*Этнографиялық дереккөздердің жиынтығы.* Этнографиялық дереккөздер түрлері: мәдениеттің материалдық заттары – артефактілер; азыз-әнгімелер немесе мемораттар; классикалық жазбаша наративті дереккөздер.

Этнографтардың негізгі зерттеу дерек-көздері – далалық экспедициялық материалдар. Далалық бақылаулар түрлері біршама алуан түрлі. Дала күнделігі, әнгімелер жазбасы, карындашиен салынған бейнелеу суреттері, фотосуреттер, таспалық жазбалар, киносъемкалар және т.с.с. барлығы далалық этнография жұмыстарын жүргізуге өте қажет. Зат ескерткіштерін: дәстүрлі ұлттық киімдерді, әшекей бұйымдарды, түрлі үй ыдыстарын жинау. Тарихи-өлкетану және этнографиялық музейлерге тапсыруды талап етеді.

Этнографтың далалық жұмысында екі басты әдіс бар:

жылжымайтын және экспедициялық.

Жылжымайтын әдіс – бұл зерттеушінің өзінің тұрғылыкты жерінде немесе үзакт үақыт бойы бір жерде бақылау жұмысы.

Екінші әдіс – зерттеу жұмыстары кезінде бір жерде немесе түрлі пункттерде аз үақыттан болып орын ауыстырып тұруы.

Этнографтардың киімді дайындау әдістері, үй құрылыштары, этностардың материалдық және рухани мәдениеті объектілерінің терминологиясы мен этимологиясы бойынша мәліметтер жинау өте маңызды болып табылады.

Қазіргі заманғы этнографиялық зерттеулердің негізгі әдістері біршама жетіліп келеді. Қазіргіні бұрынғымен салыстыру, содан қорытынды жасау тарихи өлкетану үшін қажет.

Елді мекендерді зерттеу тарихи өлкетану мен этнографияның маңызды міндеті болып табылады. Республикалық немесе облыстық мұрағаттардың, республикалық немесе облыстық, аудандық музейлердің материалдары негізінде нақты объекті жоспарын қолдану өте маңызды. Ауылдардың, кенттердің құрылуы мен дамуын, жоспарын талдау керек.

Елді мекендердің үш негізгі түрі: 1) ұялы; 2) шенберлі; 3) сыйыкты. Ұялы ауылдар жекелеген ұсақ ауылдар тобы тәрізді. Бастанқы шағын үядан біраз халқы бар, аумағы үлкен ірі ауылға дейін өседі. Ұялы ауылдар түйдек ауылдардың бірі түрі іспетті.

Бұлардың эволюциясы шенберлі ауылдардың мұрағаттарында көне тас ғасырынан бастап, XX ғ. басына дейін жалғасады. Бұндай ауылдардың қандай да орталықтың айналасында пайда болуы: көлдердің, қамалдардың, сауда аландарының және т.с.с.

Көне дәуірден бастап, неолит пен энеолигтен бастап, шенберлі тұрактардың болуы. Көл айналасында орналаскан ауылдардың шенберлі жоспарының айқын көрінісі.

Ежелгі шенберлі жоспардан үақыт өте келе радикалды жоспар пайда болған. Шенберлі жоспардың біркетар түрлері, оның ішінде жана дәуірге қатысты радикалды жоспарлар бар.

Әсіресе, жазбаша дерек-көздердің көрсеткіштерімен салыстыру ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды сипаттау үшін өте құнды материал береді.

XX ғ. сыйыкты тәртіп жоспарымен орналаскан ауылдардың көнін орын алуы. Жоғарғы жағалауда орналасқан, сыйыкты жоспармен салынған ауылдар отырыкшы егін шаруашылығының дамуымен байланысты. Сыйыкты елді мекендердің жанында бақшалары бар үй-жайлар, ал аратұра жайылымдар жиі кездеседі.

Тұыскандықтарымен байланысқан бірнеше отбасылардың бір ауылға бірігуі. Тұыскандардың жақын көрші ауылдарға орналасуы кездеседі. Киіз

үйлердің қатар немесе жартылай шенберлі, тұзу сзықпен немесе дога тәрізді онтүстікке қарай орналасуы қазалына тән.

Ауылдардың өлшемдерінің өзгеруіне Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінің ықпалы, өндірістік ауылдардың дамуы, жайылымдардың қолданылуы, ынғайлы орналасу деңгейі әр-түрлі. Ауылдар өлшемінің жайылым өлшемдеріне тәуелділігі тағы байқалады.

Өзендер жагасындағы, шебі шүйгін жайылымдарда жағдайы орта машиналарға тән ауылдардың іріленуі; жағдайы жақсы шаруашылықтарға арналған далалы, таулы аймактарда ауылдардың азаюы орын алғып келеді. Қысқы қыстактардағы бір қоныста шағын шаруашылықтар санының бірігуі, жазғы жайлауларға бірнеше қысқы ауылдардың көшүі, әлеуметтік құрамы бойынша ауылдардың бөлініп, жіктелуі, міне, осының бәрі тарихи өлкетану үшін ете қызықты болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ауылдар түрлері жергілікті көшпенді қазактарды коса, халықтардың түрлі сатыдағы өмірлері туралы мұрагат дереккөздерінің көрсеткіштерін толықтыратын көрнекі құрал саналады.

Аталған этнографиялық дереккөздерінің ерекше мәні әртүрлі тарихи дәүірлерде (ежелгі, орта ғасыр және жаңа дәүір) ауылдарды әлеуметтік-экономикалық сипаттаудың негізі болып келеді. Жоспарларда тек кана ауылдың сыртқы түрі ғана емес, сонымен қатар халықтың өмірі мен түрмисы да бейнеленеді. Кейде жоспарлардың чертежлері арқылы түрлі тарихи кезеңдерден өткен ауыл тарихын бақылауға болатынын ескеру қажет.

Қазак киіз үйі түрік киіз үйлерінің түрлері: жартылай сфералық доғалы (Ш.Ш. Уәлиханов бойынша сферидалды), Р.Карутц бойынша дога тәрізді, Н.Н.Харузин бойынша шенбер тәрізді.

Киіз үйдің ағаш қаңқасының құрамы: 1) кереге – жылжымалы тор тәрізді негізі; 2) уық – күмбезді сырғауылдар; 3) шаңырақ – шенберлі күмбез; 4) есік (сықырлауық), кереге мен уыққа арналған сырғауылдар саны, шаңырактың бекітілестін ағаштарының тоғындары мен орналасуы, киіз үйдің есігінің бағанасы мен екі жакқа ашылатын қакпашалары, киізден жасалатын есік, 6, 8, 10, 12 канатты киіз үйлер; Киізben капиталатын киіз үйлер: 1) туырлық – киіз үйдің негізгі жабындысы; 2) үзөк – киіз үй күмбезінің жабындысы; 3) тұндік – шаңырактың жабындысы, бекітілестін баулары, белбеулер, басқұрлары, киіз үйдің бекітілуі, киіз үйдің ішкі жинақылығы танғалдырады.

XIX–XX ғасырлар басындағы қазактардың ауыспалы тұракты үйлері пайда болады. Көшпенді халықтар арасында тұракты үйлердің пайда болу себептері отаршыл саясатың күшеюімен байланысты.

Қыстактарда тұракты үйлер салынуының жаппай құрылышы, экономикалық және табиғи жағдайлардан туындаған және этникалық

көршілеріне байланысты тұрғылықты үйлерді салудағы ерекшеліктер (құрылым техникаларында, жылыту жүйесінде, шарбактың жоспарында және т.с.с.) байкалды. Конус тәрізді шатыры бар шенберлі немесе шаршылы жоспармен салынған үйлер тұракты үйлердің көне түрлерінің бірі. Жалпак немесе екі жакты шатыры бар, тік төртбұрышты үйлер жер үй түрі болып көрсетіледі. Олардың конструктивті ерекшеліктері: тоқылған, шымды, камыстан, тастан, бөренеден жасалған. Құрылым материалдарын тандауда географиялық, әлеуметтік және шаруашылық факторлар әсер еткен [14].

7-такырып Тарихи өлкетанудағы жазба деректердің және ауыз әдебиетінің рөлі.

Жоспар

1. Тарихи өлкетанудағы жазба деректердің және ауыз әдебиетінің рөлі.
2. Туристік-өлкетану жұмысындағы өсімдік және жануар дүниесін корғау мәселелері.
3. Халық ауыз әдебиетіндегі өлкетанулық материалдар.
4. Тарихи-топонимикалық аныздар.

Туристік-өлкетану жұмысындағы өсімдік және жануар дүниесін корғау мәселелері. Табиғатты корғау ісінің түйінді түсініктері Қазақстанның қорғалатын территорияларына сипаттама Өсімдік дүниесі Жануар дүниесі Қызыл Кітап, оған кіргізілген өсімдіктер мен жануарлар Жануар және өсімдік әлемін корғауын қарастырудан бұрын осы саланың түйінді терминдеріне тоқталып кеткен жөн. Ең бастасыраел деген түсінік, жануар, өсімдік әлемі. Ареал деп жануардың не болмаса өсімдіктің бір түрі таралған жерді, аймакты атайды Өсімдік дүниесі ол өсімдік жамылғысы, жер бетінің, немесе бір регионның фитоценозының жиынтығы.

Өсімдік тек кана түрлілік құрамымен ғана емес, санымен, түрлі тірі ақзалардың формаларының үйқасымен, олардың динамикасымен және көністік құрамымен сипатталады. Жануар әлемі ол тарихи құрылған жануарлардың бір немесе бір неше, Туристік-өлкетану саласының жұмысшылары табиғатты қоргаудағы келесі екі аспекттеге көңіл аудару керек:

Біріншісі – гидтерге және туристерге ұйымдастыруыш мекеме мен (фирма мен)жорық немесе саяхат кезінде табиғатты қоргаудың негізгі ережелері жайлы ақпарат беру.

Екінші аспект – туристік мекемелерінің табиғатты қорғау жұмысының материалдық базасы (маршрутты белгілеу және жабдықтау, бивактар үшін, табиғатка кедергі жасамайтын құрал жабдықтардың жаңа түрлерін пайдалану) Жорық кезінде ботаникалық бақылауларды қебіндеги шипалы, жабайы және декоративті шөптерді анықтауға пайдаланады.

Зоологиялық бақылаулар туристер үшін екі мәселелеге бөлінеді: танымдық (номенклатура жайлы және жануарлардың ареалдары туралы ақпарат) сактау (маршрутты қауыпсыз өту жайлы ақпарат) Өлкетанулық ақпаратты жүйелеу үшін фенологиялық бақылаулар жәйлі ақпарат кажет.

Геоботаникалық зерттеулер Геоботаника туристердің қызығушылығын тудырады. Өсімдіктердің біртектілігі географиялық ортаның біртектілігінің көрсеткіші болып табылады, бір типтің екінші типке ауысуы климаттың және табиғи ортадағы өзге өзгерістерге әкеледі.

Сондықтан да өсімдіктердің біртектілігі аумакты аудандастырудың бір белгісі болмақ. Өсімдіктерді жазып кана қоймай, гербарий құрастыру кажет. Гербарий үшін жақсы дамыған жапырагы, гүл және жемісі бар, бұзылмаған өсімдікті таңдаған жөн. Жаңбыры күні немесе танертеңгісін, шық кеппей тұрмай жинауға болмайды. Өсімдікті тамырымен казып алып, оны қағаздың арасына ботаникалық папкаға немесе торға салады, папканы тығыз қылышпайттың байлады, үлкен өсімдікті екіге бүктейді, жапырақ пен гүлді майыспайтындағы қылышпайттың байлады. Қылқан жапыракты ағаштардан міндетті түрде жаңғақ коса алынады. Қылқан жапырақ кепкен кезде, шашылып қалмау үшін қылқанды ыстық құмда кептіреді. Жуан және бұлшықты жапырақ пен бұтаны кептірген киынырақ. Оны ыстық суга пісіріп немесе спиртке аз уақытқа салып, содан кейін қағаз күлекке салып, оны ыстық құммен көму керек. Егер өсімдік кепкен болса, ол ұшынан ұстап тұрған бұта тік тұрып, майыспайттың байлады.

Жапсырмада реттік нөмері, өсімдік атауы, толық мекен-жайы мен өскен оргасы, кім және қаштан жұлып алғаны көрсетіледі. Егер өсімдіктің ғылыми атауы белгісіз болса, уақытша жергілікті атауын колдануға болады. Сирек кездесетін және құрып бара жатқан өсімдіктерді жинауга рұқсат етілмейді, сондықтан да жорық немесе экспедиция алдында КР Қызыл кітабымен танысып алу керек. Турист-ботаниктердің құрал-жабдығы: өсімдікті кептіру үшін пресс, күрекше, үлкен бақшалық пышак, тысы бар кішкентай күрекше, өсімдікті сактау үшін фанералық таяқша, газет қағазы, қойын дәптер, жапсырма үшін дәптер, түрлі-түсті қарандаштар, өсімдікті анықтауыш.

Зоологиялық және фенологиялық зерттеулер Зоология мен энтомологияны суюшілдер саяхат кезінде жануарлар туралы мәліметті

және коллекцияны жинай отырып, елдің зоологиялық байлығын зерттеуге көмек тигізбек. Шыбын-шіркей, құстарды және сүткоректілерді бақылау онайырақ. Бақылауларды жүйелі түрде жүргізу керек: мерзімі мен жиналған орны, ауа-райы, бақыланатын объектінің атауы, оның орын тепкен жері, объектінің мінез-құлқы. Объектінің міндетті түрде жапсымасы болуы керек. Оған күнделіктегі уақытты, объектінің жиналған орны, жинаған адамның аты-жөні жазылу керек.

Турист-зоолог пен энтомологтың құрал-жабдығы: жердегі және судағы шыбын-шіркейді аулау үшін әртүрлі ебелектер, морилкалар, эфир, спирт, формалин, қорапшалар, мақта, скальпель, буланған қайшылар, пинцет, жіптер, инелер, газет қағазы, аузы мықты жабылатын ыдыс-аяктар.

Фенология – табиғаттың маусымдық даму заңдылықтары туралы ілімдер жиынтығы. Фенологиялық әдістің негізі көпжылдық бақылаулардың қайталануымен анықталады. Өлкетануды суюшілер визуалды бақылайды. Бақылауларды дара экземплярга емес, популяцияға жүргізген жөн. Бақылауларды жыл мезгілдеріне байланысты, 2-3 күнде бір реттен кем емес жүргізген жөн.

Өсімдіктерді бақылау. Осы аймақта жиі кездесетін өсімдіктерді таңдаған жөн. Көктем мен жазда келесідей құбылыстар бақыланады: - ағаштардағы сөлдің козғалысын; - бүршік атыуын; - бүршіктің жарылуы – жапырақ ұштарының пайда болуын; - алғашқы жапырактардың ашылуын; - ғулденудің басталуын; - ғулденудің аяқталуын; - басталқы тұқымдануын; - жапшай тұқымдануын; - жапырактардың түске боялуын; - жапырактардың түсе бастауын; - жапырақтың толығымен түсінен айрылуын; - коңыр күздің аяқталуын.

Жануарларды бақылау. Тозандандыруышы, бал тасушы, ауыл шаруашылық өсімдіктерге зиян келтіретін шыбын-шіркейді бақылаудың практикалық маңызы зор.

Келесі құбылыстарды белгілеген жөн: - ірі түрлердің (имаго) алғашқы және жаптай пайда болуын; - жұмыртқа сала бастауын; - дернәсілдердің пайда болуын; - дернәсілдің көбелекке айнала басталуын. Құстарды бақылау үшін арнайы желі таңдалады.

Құстардың белсенді кезі таңтеренті уақытта бақылаған жөн: - құстардың келу (ұшып өту) уақытын анықтау; жаптай ұшып өту уақытын анықтау; - құстардың ұшып кету уақытын; құстардың жаптай ұшып кету уақытын белгілеу.

•Халық ауыз әдебиетіндегі өлкетанулық материалдар. Жырау поэзиясы XVI–XVIII ғасырлардағы хандықтың негізгі ойшылдары, хан қызметкерлері мен кеңесшілері, тайпаның әскер-басшылары ретінде карастырылған. Далалық ауыз әдебиетінің көрнекті тұлғалары – Шалқиіз

Тленшіұлы (1465–1560), Доспамбет жырау (1490–1523), Жиембет жырау (XVII ғ.), Марғасқа (XVII ғ.), Ахтамберді (1675–1768), Тәттікара (1705–1780), Умбетай (1697–1786), Бұхар жырау Қалқаманұлы (1698–1778).

Есім, Тәуке, Тұрсын, Абылай хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым билер жайлы, Бөгембай, Есет, Қабанбай, Қарасай т.б. батырлар және т.б. тарихи-эпикалық, тарихи-батырлық мазмұндағы шығармалар өлкे тарихы бойынша таптырмас құнды деректер. Поэзияда «Ұлы жұт» кезеңдегі Қазақстанның сол немесе өзге де аймақтарындағы оқиғалар жақсы суреттелген: («Ақтабан шұбырынды») «Қаратаудың басынан көш келеді», «Құншығыстан ызғарлы жел келеді» әндерінің мазмұны осыған сәйкес келеді.

Тарихи-топонимикалық аңыздар. «Ыстық көл туралы аңыз», «Қорқыт туралы аңыз», «Оқжетпес», «Атасу», «Тоқпаниң балалары», т.б. атты зерттеулерде өте көне кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғага қатысты белгілі бір жердің тау, көл, су, т.б. тарихы көлтірлген.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрықша көңіл беріліп, жиі назар аударуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – жер Аナンың географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта ерекшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде.

Атамекен жеріміздегі топонимикалық атаулардың шығар көзі – ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр-дастандар арқылы тарих кешінде жиі алмасқан ұрпактар сахнасында сакталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланатын тарихи естің жиынтығы іспеттес. Түркі халқының тарих сахнасына шығып, мемлекет құрған кезеңі, Түркі қағанаты дәүіріндегі елді мекен, жер-су атаулары тікелей сол халықтың ана тілінде жасалып, сап алтындей қоспасыз таза сакталған түрін тасқа мәнгілікке қашалып жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері талассыз айғақтап отыр [15].

8-тақырып. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.

Жоспар

1. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.
2. Тарихи-демографиялық деректердің ерекшеліктері.
3. Жалны халық санағы материалдарын және басқа да казіргі заманғы демографиялық дереккөздерді пайдалану.

•*Тарихи-демографиялық деректердің ерекшеліктері.* XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. басында ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа заман кезеңіндегі халық санының аракатынасына катастыры туындаған дауға байланысты демографиялық деректерге сүйену қажет. Бұл мәселе XIX ғ. сонында, осіресе, XX ғасырда яғни демографиялық зерттеулер жүйелі сипат алған кезде жан-жакты зерттеле бастады. Оның ең алғаш негізін К.Ю. Белох, Э. Левассер, З. Дошинская және тағы басқа ғалымдар қалаған. Бұл қалыптасу үдерісі бүтінгі күнге дейін жалғасуда. XX ғасырдың I-жартысында халықтардың орналасу тарихы бойынша мәліметтер жинау үдерісі жүрді, олар ең бастысы накты зерттеулерде талданды. Бұл мәселені жан-жакты зерттеген ғылыми еңбектер XX ғасырдың ортасында жарық көре бастады.

Т. Холлингсворт демографиялық деректердің келесі түрлерін көрсетті:

- 1) халық санағы басты ерекшелігі олардың есімі мен жасына карай құрылған болса;
- 2) өлім туралы бюллетендер;
- 3) шіркеу құжаттары;
- 4) салық құжаттары;
- 5) әскери құжаттар;
- 6) иеліктер тізімі;
- 7) генеалогиялық құжаттар;
- 8) өситетнама;
- 9) некеге тұру келісімшарттары;
- 10) куәгерлердің куәліктері (растаяулары);
- 11) ұзақ уақыт аралығындағы бағалар;
- 12) қала саны мен көлемдері;
- 13) археологиялық қалдықтар;
- 14) ауыл шаруашылығын жүргізу әдістері;
- 15) әкімшіліктік және шіркеулік география;
- 16) жаңа жерлерді отарлау;
- 17) бейіт мәліметтері.

Күрамында Казахстан болған, революцияға дейінгі Ресей

империясының тарихында деректердің 4 негізгі тобы ерекше мәнге ие:

- 1) алым-салық төлейтін халықты тексеру мәліметтері;
- 2) шіркеу есебінің материалдары;
- 3) әкімшіліктік-полицейлік есептер материалдары;
- 4) 1897 жылғы жалпыға ортақ санақ жүйесінің материалдары. Осы және өзге де тарихи-демографиялық деректердің теориялық-дерек танулық мәнін түсіну осы ғылыми пәннің даму міндеттерінің біріне айналуда.

Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректерге анағұрлым кен мағынада халықтар мен демографиялық үдерістерге қатысты сандық мәліметтерден тұратын баспа басылымдары жатады. Олар репрезентативтілігінің деңгейі, этникалық тиістілігі, мәліметтердің сипаты, уақыты, ақпаратты жинау тәсілдері, басылым түрі жағынан ерекшелінеді. Онымен қоса, мұндай деректер толықтық деңгейімен мәліметтерінің шынайылығы тұрғысынан алғашкы және екінші дәрежелі деректер болып белінеді.

Басты деректерге жиналған статистикалық материалдарды өндөу және салыстырудың тікелей корытындылары мен соның негізінде құрылған есеп көрсеткіштері жатады. Екінші дәрежелі деректердің негізін басты деректер бойынша алғынған бағалар мен барлық есептеулердің нәтижелерін құрайды. Сонымен катар құрамында тікелей сандық мәліметтері жок басқа да деректермен – күжаттық, әдеби, мерзімді т.б.-мен толықтырылуы мүмкін.

Аталған ақпарат түрлері ашық, жарияланған немесе құпияланған, жалпыға ортақ ие және бірегей болып кездесуі мүмкін, жасырын ақпараттардың негізгі бөлігі басты орынды алғып отырған массалық деректердің (басты немесе құрастырмалық) құрамында болады. Демографиялық деректер элеуметтік ақпараттарды жазып алу формасы бойынша түріне (заттық, жазба, бейнелеу, фондық), кезеңіне (ежелгі, ортағасыр, жаңа және қазіргі заман) қарай жіктеледі. Сөйтіп ежелгі дәуірдің демографиялық тарихы үшін деректердің негізгі ақпараттың базасын жазба, палеоантропологиялық, археологиялық, этноархеологиялық және т.б деректер құрайды.

Демографиядагы койылған мәселелерді шешу барысында, кез келген басқа да ғылымдарда сенімді, арнайы әдістер колданылады. Олардың көмегімен зерттеп отырған объекті жайлы керекті ақпарат алыш, оны өндеп, талдауға болады. Оларға зерттеудің жалпы тарихи әдістері, атап айтқанда тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістері жатады. Міне, сонымен катар бірқатар ерекше әдістерді – синхронды (бір мезетті) және диахронды (турлі-мезетті) талдаулар, тиісті демографиялық әдістер – көгоротты,

бойлық және көлденеңдік талдаулар, демографиялық коэффициенттерді стандарттау, когортты-өспелі-мерзімдік, мультидәрежелі, демографиялық кестелік, статистикалық - көп өлшемді талдаулар, математикалық, картографиялық, территориялы-коррекциялық, ретроспективті, графиктік (сызбалық, кестелік) және т. б. әдістер пайдаланылады.

Келешекте, тарихи-демографиялық зерттеулерде ғана өндөлетін байкоры бар мұрағат мәліметтерін кең түрінде жинау арқылы анықталған материалдарды терең менгеру өлкетану зерттеулерін тиімді жүргізу үшін қажет.

•Жапты халық санағы материалдарын және басқа да қазіргі заманғы демографиялық дереккөздерді пайдалану.

Тарихи өлкетану үшін халық санағы материалдарының едәуір маңызы бар. Олардың ішінде белгілі бір сауалнамалар параметрі бойынша елдің барлық санын камтитын халық санағының статистикалық материалдары маңызды болып табылады, олар өзінің дұрыстығымен ерекшелінеді. Мысалы, XV ғ. мен XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ халқының этнодемографиялық жағдайын шамамен, кездескен киыншылыктары мен мәселелері арқылы ғана анықтай алатын болсак, ал Қазақстан халқының санды және сапалы құрамы туралы статистикалық мәліметтерді 1897, 1926, 1937, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999, 2009 жылдардағы жалпы халық санектарының материалдарынан табуға болады.

Бұл материалдар арқылы тағы да XIX ғ. соны мен XXI ғ. басындағы Қазақстан аумағындағы этнодемографиялық үдерістердің өсуін бақылауға болады. Мұнда ең алдымен, біз республиканың халықтарын этникалық құрамы бойынша орналасуын қарастырамыз. Мысалы, казак (Батыс, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу), орыс, украин және неміс (Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан) этностары басым аймактар, саны жағынан басым болып келетін этностардың орналасу ерекшеліктері, ауылдағы және каладағы орналасу, халықтың орналасуы мен жылжыуна урбанизация мен ауыспалы нарықтық қатынастардың әсері, миграциялық үрдістердің спецификасы, келу және кету аудандары бойынша мемлекетаралық, облысаралық миграция, олардың этникалық құрамы, міне, осы демографиялық мәселелер тарихи өлкетану үшін өте маңызды болып келеді.

Халық санағы кезінде өкілетті мемлекет органдары халықтың өндірісі мен табиги қозғалысы туралы (туылу, қайтыс болу), отбасылық-некелік қарым-қатынастар туралы, некеге отыру және ажырасуды қоса, сонымен қатар облыс, аймак, елдер масштабында миграциялық үдерістер туралы арнайы мәліметтер жинаумен айналысады. Ағымдағы статистика мәліметтерін тексеру жұмыстары олардың жеткілікті түрде толық

нақтылығын көрсетеді.

Халықты зерттеудің статистикалық материалдары да халық туралы мәліметтердің күнды дереккөзі болып табылады. Бұл жерде арнайы бағдарлама бойынша республиканың тұрғындарын, олардың құрамы әлеуметтік және этнодемографиялық үрдістерді немесе қоғамдық пікірлерді нақты зерттеу үшін мәліметтерді жинақтау жүзеге асырылады.

Көбінесе, мұндай мәліметтерді алу халық санағы кезінде үлкен киыншылыктармен орындалады. Сондықтан да олар бір рет, бір мезгілде уақытымен қайталанып отырады, сонымен катар тақырыбы жағынан әртүрлі болады. Мақсаты мен міндеттеріне байланысты олардың масштабтары да бірнеше жүзден он мындаған респонденттерге дейін әртүрлі болып келеді.

Халықтың демографиялық талдауы үшін монографияларда, жинақтарда, арнайы анықтамалықтарда немесе бюллетендерде кездесетін қосымша статистикалық материалдардың едәуір үлесі бар. Мысалы, олар бойынша республикадан тыс казактардың миграциясы туралы, таяу және алыс шетелдердегі казак диаспорасы жайлы, 1937-1939, 1939-1940, 1941-1945 жылдардағы күштеп коныс аударылған халықтар туралы және олардың Қазақстан аумағында орналасуы туралы нақты және қосымша мәліметтерді табуга болады. Бұл республиканың белгілі бір аумағындағы халық санының өсуіне экологиялық, экономикалық және этносаяси факторларының ықпалын ашуға көмектеседі.

Оларды өндеуде тарихи география, тарихи психология, тарихи социология, медик-биологиялық ғылымдар, этнография және т.б. аралас ғылымдардың бақылаулары мен қорытындыларын тарта білу қажет.

Осыған орай, тарихи демография демографиямен бірге халықтың дамуындағы тануды қамтамасыз етеді, өзінің өнделуі үшін арнайы білімнің, ең алдымен, тарих пен демография саласында білімнің болуын талап етеді [16].

9-тақырып. Қазақстанда өлкетану салаларының қалыптасуы және дамуы.

Жоспар

1. XVI–XVII ғасырлардағы тарихи-өлкетану мәліметтері.
2. XVIII ғ. соны мен XIX ғ. екінші жартысындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
3. XIX ғ. соны мен XX ғ. басындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
4. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстандағы тарихи өлкетану.
5. 1930–1980 жылдардағы Қазақстандағы өлкетанудың дамуындағы ғылыми мекемелердің рөлі.
6. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану.

XV ғ. соны мен XVI ғ. басындағы Қазақ хандығына келген орыстар мен еуропалық қөпестердің, саяхатшылардың және ғалымдардың жазып калдырған хаттамалары (1535 ж. Д.Рубин, 1516-1537 ж. С.Герберштейн, П.Н. Новокамский), XVI жартысындағы әдеби қайнар көздер (С.Мальцев, Б.Доможиров, А.Дженкинсон, В.Степанов және т.б.).

1594 жылы Құл-Мұхаммедтің Мәскеуге елшілік сапары болып табылады. Келешекте осы аумақты игеруде едәуір рөл атқарған Қазак даласы мен Орта Азияның алғашкы чертеждерінің бірі (1599 ж.). К.Х. Жалаиридің «Джами ат-таварих» шығармасындағы Қазақ хандығы туралы тарихи-этнографиялық мағлұматтар (1602 ж.). Жазғы жайлauлар, қыстық коныстар және т.б. туралы мәліметтер ете құнды.

XVII ғасырдағы маліметтердің кейінгі жағдайы. Қазақ жері жайында баяндаулар, есептер, жазбалар, әңгімелер, тізімдер, чертеждер, маршруттар, карталар, сонымен катар өзендер бойындағы көшпенде орналасқан жерлері, Қазак даласынан өтетін керуен жолы туралы Мәскеу және Сібір мұрағаттарында сақталған аса бай ғылыми материалдар жиынтығы Қазақстанның тарихы, өлкетануы, этнографиясынан сыр шертеді. «Ұлken сызба кітабы» (1627 ж.).

Қазақстанның аумағы және көптеген географиялық пункттері Орал өзенінен Есіл мен Сарысу өзендеріне дейін, шығыс пен онтүстік-шығыста Ұлытау, Қаратату тауларына дейін және онтүстікте Ташкент қаласына дейін болған. С.Есімовтың «Сібір жазбаларындағы» қазактардың көшпенділігі (1636 ж.). 1673 ж. Тобольскде жарық көрген, Сібірдің алғашкы орыс этнографиялық картасындағы «Қазақ ордасы» иелігі. Ф. Байковтың (1654-1658 ж.), Н. Перфильевтің (1959 ж.), С.Аблиннің (1668

ж.), және С.Пазухиндердің (1670-1672 ж.), Н.Г. Слафарий-Милеску (1675 ж.), В.И. Кобяковтың (1692 ж.), Ф.Скибин мен М. Трошихиннің (1695 ж.) дипломатиялық елшіліктерінің материалдары. С.У.Ремезовтың картасында казак даласы (1697-1699 ж.) тұнғыш рет сипатталған.

Орталық Қазакстанның өте құнды археологиялық ескерткіштеріне саяхатшылар ертеден-ак назарын аударған болатын. Олар туралы өз еңбектерінде шығыс тарихшылары (араб, иран) X-XVI ғасырларды жазып кетті. Олар Ибн Фадлан, Әл-Бируни, Мұхаммед Хайдар және т.б. болды.

Орталық Қазакстанның бай археологиялық ескерткіштері туралы Тобольскіден Түркістанға дейін Солтүстік және Орталық Қазақстан далалары арқылы барған Петр біріншінің Тәуекеге жіберген елшілері Ф.Скибин мен М.Гринин айтқан. Осы даланың оба казыналары жайлы алғаш рет қоғам қайраткері Крижинович алғашқылардың бірі болып хабарлаған.

XVIII ғ. басындағы Қазақстан туралы мәліметтер толықтырылып терендегілді. Бірінші Петр кезеңдеріндегі Қазак даласын табиғи-географиялық және тарихи-өлкетану жағынан зерттеу күшіне түседі. И.Д. Бухгольцтің (1714-1717 ж.), И.М. Лихаревтің (1717-1720 ж.), А. Бекович-Черкасскиййдің, А.Н. Урусов пен Л.Я. Соймоновтың (1714-1726 ж.), И. Унковскиййдің (1722-1723 ж.) және т.б. экспедициялары солтүстік-шығыс Қазақстанды зерттеу ісін бастайды.

Солардың негізінде Батыс, Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан карталары жасалды.

XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. ортасында Ресейдің Гылым Академиясының мекемесі Ресей империясының ұлттық шет аймактарына Академиялық экспедицияларды ұйымдастыра бастайды. Орынбор экспедициясының, кейіннен И.К. Кириллов пен В.Н. Татищевтің басшылығымен Орынбор комиссиясы жұмыс істейді.

Геодезист А.Норовтың Кіші және Орта жүздердің жерлерін қоса, кайта құрылған Орынбор аймағын картаға түсіруі 1737 жылы іске асырылады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл жерлерге қоитеген зерттеушілер келеді. Осы аймакта екінші академиялық экспедицияның мушелері, оның ішінде И.П. Фальк, Х.Барденес, И.Г. Георги, П.С. Паллас, П.И. Рычков және баскалар болды. Қазақстанды археологиялық зерттеулер жұмысын 1768-1774 жылдары екінші академиялық экспедициясын жалғастырды.

Қазақстанның географиясын зерттеуде Н.П. Рычковтың үлесі зор. Орталық Қазақстанның археологиясы туралы деректерге байланысты оның «Топография Оренбургская» атты еңбегінде аталағы өтеді. 1771 жылы Торғай және Есіл өзендері бойында жасаған саяхат құнделігінде, Ұлытау және Атбасар аудандарының ескерткіштеріне сипаттاما береді.

Қараторғай өзені бойындағы үлкен корғандар оны таңғалдырады. Ол: «Ежелгі қарапайым халыктың молалары жай жермен көміліп, 15 құлашқа дейінгі биқтікке көтерілген, ал ол үлкен моланы 135 кіші корған коршап жатыр», – деп жазады.

П.Н. Рычковтың Батыс Қазақстан туралы еңбектері (1712–1777 жж.): «Орынбор қаласының сипатталуы», «Орынбор топографиясы». XVIII ғ. соңғы ширегіндегі орыс адамдарының Қазақ даласына сапарлары жалғасын табады. Ф.С. Ефремовтың, Н.Г. Андреевтің еңбектері жарыққа шығады. XVII ғ. соны мен XX ғ. басындағы тарихи-этнографиялық зерттеулер. Т.Бурнашевтің, Бланкеннангелдің, Я.Гавердовскийдің, Ф.М. Назаровтың материалдары жарияланады.

XIX ғасырдың 20-40-жылдарында Қазақстан бойынша тарихи-этнографиялық материалдардың жинақталады (Е.К. Мейендорф, Ә.А.Эверсман, Н.Н. Потанин, Г.С. Карелин, Г.Ф. Генс, А.И. Шренк, И.Ф. Бларамберг, Н.В. Ханыков және т.б.). Г.И. Спасскийдің, Н.Я. Бичуриннің, С.Б. Броневскийдің, В.И. Даудің еңбектеріндегі Қазақстанның түрлі аймактарындағы өлкетану мәселелері ашып көрсетіледі. 1832 жылы 3 бөлімнен тұратын, Петербургте жарық көрген А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы» қазақтар туралы тұңғыш ғылыми монография болып табылады.

Орталық Қазақстанға алғашқылардың бірі болып, 1815 жылы таумен инженері Б.Герман келді. Оның экспедициясы Үй корғанынан Арғанатты тауына дейінгі, Қараторғай өзенінің жоғарғы ағасымен жүріп өтті. Қараторғай өзені, Арғанаты тауының, солтүстік Ұлытау етектеріндегі тарихи ескерткіштерге арнағы макала жазған А.Генс басқарған экспедиция болды. Ол «остатки зданий и целых поселениях, о развалинах замков, крепостей служивших убежищем для владельцев», – деп жазып, ортағасырылық қалалардың бір бейнесін көз алдымызға экеледі.

1845–1861 жылдары Орыс географиялық когамының құрылуы және оның қызметі өлкенін зерттеуіне орасан зор үлес қосады.

Орта Азия мен Қазақстанның тарихы, географиясы мен этнографиясы бойынша материалдар құрастырыла бастады. Я.В. Ханыковтың «Ішкі және Кіші орда қырғыздары жерлерінің картасы» (1845 ж.), «Арал теңізі мен Хиуа хандығының (олардың алқаптарымен коса) картасы» (1851 ж.), «Орта Азияның солтүстік-батыс белгінің (түсініктемелерімен бірге) картасы» (1855 ж.); М.И. Иваниннің, А.Н. Бутаковтың, А.И. Макшеевтің, П.И. Небольсиннің, И.П. Корниловтың, Н.Н. Каразиннің, П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің, П.Н. Кеппеннің, В.В. Григорьевтің, В.В. Вельяминов-Зерновтың, Н.Н. Ильминскийдің, А.М. Евреиновтың, А.Н. Терещенконың еңбектері жарық көреді.

С.Г. Рыбаковтың Торғай облысы бойынша, А.К. Гейнстиң далалық

облыстар бойынша, А.П. Федченконың, Н.И. Гродековтың Түркістан өлкесі бойынша зерттеулері. Орынбор Орыс географиялық қоғамы бөлімінің құрылуы және оның қызметі. Л.Мейердің, М.С. Бабаджановтың, М.Г. Тяукиннің, Ы.Алтынсариннің, Б.Дауылбаевтың, С.А. Жантөриннің, В.Н. Плотниковтың еңбектері.

Оңтүстік казактарын зерттеу және Түркістан ғалымдары мен өлкетанушыларының қызметі (А.Ф. Голубев, М.Н. Венюков, А.П. Проценко, В.А. Полторацкий, Л.Ф. Костенко, П.И. Пашино, Х.Костанаев, Н.А. Маев, А.П. Хорошхин, Г.С. Загржский). В.В. Верещагиннің өлкетануға салған суреттері. «Түркістан ведомостілері» және «Түркістан жинағы».

Батыс Сібір Орыс географиялық қоғамы бөлімінің құрылуы және оның қызметі. Н.А. Абрамовтың, И.Н. Завалишиннің, М.Шормановтың, Г.Н. Потаниннің, В.В. Радловтың, Н.Я. Словцовтың, Г.Е. Катанаевтың, П.Е. Маковецкийдің және т.б. еңбектеріндегі өлкелік зерттеулері өте маңызды. В.В. Радлов Орталық Қазақстандағы археологиялық зерттеуде арнайы ғылыми тәсіл қолданды және сараптау бойынша кезеңдерге бөлуде нақты жұмыс жасады. Ортағасырлық құрылымдар жайлы мәліметтерді В.Никитиннің еңбектерінен кездестіреміз.

Мерзімді баспасөздегі Қазақстанның өлкетану мәселелері («Орынбор губерниялық ведомостілері», «Орынбор парактары», «Торғай облыстық ведомостілері», «Торғай газеті», «Қырғыз далалық газеті» және т.б.). Түркістан (1868 ж.), Жетісу (1879 ж.) және Сырдария (1887 ж.) облыстық статистикалық комитеттерінің жұмыстарындағы өлкетану тақырыптарына арнайы материалдар шығарады [17].

10-тақырып. Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстандағы өлкетану жұмысына қосқан үлесі.

Жоспар

1. Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстандағы өлкетану жұмысына қосқан үлесі.
2. Ш.Ш. Уәлихановтың экспедициялары

Көрнекті қазақ ғалымы және ағартушысы Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстанның тарихы, тарихи өлкетану мен географиясына қосқан үлесі ерекше болады.

Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің басқа да халықтары проблемаларының өзекті тұстарын камтиды.

Шоқанның қазак халқының құрылуы, XVII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және саяси тарихы, қазактардың Ресей бодандығын кабылдауы, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің тарихы проблемаларына арналған ғылыми зерттеулері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысын зерттеуге аса бағалы үлес болып қосылып, замандастарының орасан зор ынтасын туғызды. Ол бүкіл Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймактар халықтарының географиясын, этнографиясын мен фольклорын зерттеуге үлкен үлес косты.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қараша айында Қазіргі Қостанай облысы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Шоқан да Кенесары сияқты Абылай тұқымы еді. Ол Абылайханның үлкен ұлы Уәлиден тарайды. Азан шақырып койған есімі – Мұхамедханафия.

Алайда, жастайынан басқа балалар сияқты доп қуып, асық ойнаганнан гөрі әжесі Айғанымның қасында отырып алыш, әнгіме, қиссаларды тыңдағанды ұнатқан. Бес жасынан хат таныған. Соңдықтан болар әжесі Айғаным сүйікті немересін Шоқан деп атап кеткен екен. Балалық шағының алғашқы кезеңін Құсмұрында, кейін өзінің атамекен Сырымбетте еткізеді. Сырымбеттің сұлу табиғаты да оның болашақ ғалым болып қалыптасуына әсер еткен де болар.

Шоқаннның жастайынан білім, ғылымға жақын болуына әкесі Шыңғыстың да әсері мол болды. Шыңғыс көптеген орыс зиялыштарымен таныс болған. Олардың көпшілігі бірнеше рет Шыңғыстың ауылында қонақта болған екен. Алғашқы білімін казақ мектебінде алыш, онда арабша және сурет салу өнерін менгерген. Сонымен катар араб, ұйғыр, парсы тілдерін менгереді. Шыңғыстың ғұлама ғалымдарының еңбектерімен танысады.

Экесі оны 1847 жылды орыс достарының көмегімен сол кездегі ең бір іргелі оку орындарының бірі болып саналатын Сібір кадет корпусына окуга түсіреді.

Кадет корпусында білім алыш, 1853 жылды бітіріп, атты әскер корнеті деген атағын алыш шығады, өз мамандығы бойынша қызметке орналасады. Ол жас кезінен Орталық Азияны зерттеген экспедицияларға қатысады.

1856 жылды Ыстықкөлге, 1857 жылды Алатау қырғыздарына, 1858-1859 жылдары Қашғарияға сапар шекті. Алатау қырғыздарына сапарында ол, қырғыздардың атақты «Манас» жырын алғаш қағазға түсірген. Ал Шокан Қашғарияға Марко Поло мен Иезуит Гоестен кейін тұнғыш барғанғалым.

Ал 1859-1861 жылдар аралығы Петербургте болған кезеңі оның ең қызықты шактарының бірі ретінді ойында қалған. Шоқан орыстың аса көрнекті жазушысы Ф.М. Достаевскиймен, орыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы өкілдерімен, шығысты зерттеумен және орыс ғалымдарымен, ақындарымен таныс болыш, байланысын үзбекен. Неміс, ағылшын, француз тілдерін жетік менгерген ол, осы тілдері ғылыми еңбектер мен карталарды да зерттеумен айналысқан.

1861 жылдары ол өкпе ауруына ұшырайды, асқынып дәрігерлердің кенесімен туған ауылында оралады.

1865 жылды сөүір айында ауруы мендеген Шоқан Алтын Емел жотасында (қазіргі Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы Шоқан деп аталаған ауылында) бар жоғы 30 жасында дүниеден өтеді. Академик Әлкөй Марғұлан Шоқанның туғанына 150 жылдық тойына арналғалымның бес томдық еңбегін жариялады.

XIX ғасырдың аяғында Батыс Сібір география қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. 90-жылдарға қарай Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінің мүшелері қатарында Қазақстан аумағында қызметте жүрген және саяси жер аударылған көнтеген адамдар: Ф.А. Щербина (Омбы), Л.К. Чермак, А.И. Янкцевич (Петропавл), М.И. Суворцев (Семей), В.А. Рогалевич (Атбасар), Е.П. Михаэлис (Өскемен), Н.Я. Коншин (Семей), Л.А. Кузнецов (Петропавл), Г.А. Галимонт (Семей) болды. Бөлім қызметкерлері арасында Верный, Зайсан, Лепсі, Атбасар, Көкшетау және басқа қалалардан келген адамдар жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстанды зерттеуде Өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жонінде едәуір материалдар жинал, жариялады.

Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті музей құрды. Бұл Қазақстандаған емес, бүкіл Сібірге де мәлім

музейлердің бірі болатын.

Жетісу мен Оңтүстік Қазакстан өңірін зерттеумен 1896 жылы Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей география қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауылшаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты.

Қоғамдарда Е.Букин, Н.Жетпісбаев, Ә.Диваев, И.Костанаев зерттеулер жүргізді. Жетісуға П.П. Семенов-Тян-Шанский, кейінректе А.Н. Краснов, А.Ф. Голубев, М.И. Венюков экспедициялық сапарлар жасады.

Сонымен катар 1896 жылдан жұмыс істей бастаған «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көніл бөлді.

Ғылыми-танымдық материалдардың корын жасауда, оларды жарықка шығаруда облысы статистика комитеттері үлкен рөл аткарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілдік реформаларға байланысты 1886 жылы статистика комитеті «Қазақтардың зандық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды» басып шығарды.

Қазактың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым Әлихан Бекейханов Орыс географиялық қоғамында, оның Батыс-Сібір бөлімінде өзінің ғылыми ынта-қызыласын мейлінше толық көрсете білді. Мәселен, революцияға дейінгі Ресейдегі іргелі енбектердің бірі – «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы, XVIII ғ. Қазак өлкесі» еңбегі авторларының бірі болған Ә. Бекейханов бүкіл Ресейдің қалың оқырмандарына қазак халқының тарихи өткен кездің дұрыс көрінісін, оның мәдениетін жеткізе білді.

Ә. Бекейханов сол кездегі қазак қоғамы өмірінің терең ғылыми көрінісін жасады, орыстың қалың оқырмандары» Абайдың өмірімен және қызметімен тұнғыш рет таныстырды, сол кезеңдегі орыс өмірінің проблемаларына зор түсінікпен қарауды.

Оның ізінше ғылыми қоғамдық енбектерінде Ж.Ақбаевтың, М.Шормановтың басқа да бірқатар қазак тілшілерінің макалалары жарияланды.

Қазақстан өлкетану мәселелерін қозғайтын материалдарды жинактау мен кітаптардың жарық көруіне Ғылым Академиясы қызметкерлерінің, РГО бөлімдерінің, Орыс археологиялық қоғамының шығыс бөлімінің, Мәскеу университетінің жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлар Қоғамының, музейлердің, басқа да ғылыми мекемелердің қоскан үлестері зор еді.

1898–1914 жылдары П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің және В.Н.

Ламанскийдің редакцияларының басқаруымен «Ресей» көп томды баспасының жарық көруі, оның ішінде өлкетану мамандары жазған «Қырғыз өлкесі» (1903 ж.) және «Түркістан өлкесі» (1913 ж.) жарияланымдар баспаға шықты.

1898–1909 ж. Ф.А. Щербиннің 1906–1912 ж. П.А. Скрыпловтың, 1908–1913 ж. П.П. Румянцевтің, 1904–1911 ж. П.А. Хворостанскийдің, В.К. Кузнецовтың және А.В. Переяславчиковтың басшылықтарымен Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісү облыстарындағы қоныстану ұйымдары мен статистер экспедицияларының өлкетану материалдары өте күнды статистикалық деректерге толы. 34 томдық «Қырғыздардың жер пайдаланулары бойынша материалдары», географиялық карталары боды.

Сонымен қатар «Азиаттық Ресей» уш томды жинағы 1914 жылы жарық көрді. Орынбор ғылыми қоғамдары мен мекемелерінің қызметі тарихи өлкетану дамуының бір белесі болғандай.

А.Е. Алекторовтың, А.И. Добросмысловтың, И.И. Крафтың, Я.Я. Полферовтың еңбектері; Батыс Сібір Орыс географиялық қоғамы бөлімінің, Семей облыстық статистикалық комитетінің және Орыс географиялық қоғамы бөлімшесінің өлкетанушылық іздеулері өкілдерінен тұрды.

П.Е. Маковецкийдің, Н.Я. Коншиннің, А.Н. Седельниковтың, В.И. Маевскийдің жарық көрген еңбектері; Сырдария облыстық статистикалық комитетінің, археология ғылыми қоғамының Түркістан үйірмесінің (1895–1917 ж.), Түркістан РГО бөлімінің (1897–1917 ж.), Шығыстану қоғамы бөлімінің (1901–1913 ж.) айналасында біріккен Түркістан ғалымдары мен өлкетанушыларының еңбектері Қазақстанның зерттелуіне үлкен септігін тигізді.

И.В. Аничков, Г.А. Арендаренко, Д.Федоров, М.Н. Бродовский, И.И. Гейер, А.А. Диваев, Н.Н. Пантусов, Ф.В. Поярков, А.А. Семенов сиякты ғалымдар өлкениң табиғатын, тарихын, этнографиясын зерттеуге де зор улестерін косқан [18].

11-тақырып. XX ғ. 20- жылдарындағы Қазақстандағы тарихи-өлкетану ісінін дамуы.

Жоспар

1. XX ғ. 20-жылдарындағы Қазақстандағы тарихи-өлкетану ісінін дамуы.
2. Қазақстанның зерттеу қоғамы
3. Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының ғылыми-зерттеу қызметі.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, корыктар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанның зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отау шарапарының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыш бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізді.

Қазақстан Өлкетануында Қ.И. Сәтбаев, Ә.Х. Марғұлан, т.б. галымдар комакты еңбектер аткарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер койнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табигатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық казба жұмыстарын жүргізумен катар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты.

Кирревкомның тарихи-статистикалық бөлімінің қызметі (1919 ж.), Наркомпростың білім, әдебиет, өнер, музей, мұрағат жөніндегі ғылыми бөлімі (1920 ж.), ал 1921 жылдан бастап – Наркомпростың Бағыт Музей мен Бағыт Мұрағат кіретін Академиялық орталығы болды.

Қазақстанның зерттеу қоғамы (ҚЗК), А.Диваев, П.А. Гра, А.Л. Мелков, С.М. Петров, А.А. Четыркина, А.П. Чулошников және т.б. атақты зерттеушілердің ұсынысымен және тікелей катысуымен 1920 жылы ашылған, төңкерістен кейінгі өлкетанулық жұмыс орталығы болды.

1920 жылы Казнаркомпрос құрамынан Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы мен Орыс географиялық қоғамның Орынборлық бөлімшесінің мұрагері ретінде Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы (1925 жылдан бастап – Қазақстан) бөлініп шықты.

Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының қызметі кезінде Орынбор (1920–1925 ж.), Қызылорда (1925–1929 ж.), Алма-Аты (1929 жылдан бастап) зерттелді. Қоғамның мақсаты мен міндегі – оны аймақтарға бөлу. Мектептік өлкетану бөлімі ұйымдастырылды (1924 ж.). Семейдегі

Қазақстан өлкетану қоғамының бірінші конференциясы (1924 ж.) өтті.

Қыргыз өлкесін зерттеу қоғамының ғылыми-зерттеу қызметі. Міне, осы ғылыми мекеме жұмысы жүйелі жиналыс негізінде тек өлкетануға байланысты мәліметтерді зерттеу ғана емес, казақтардың материалдық және рухани мәдениеті, алғашқы әлеуметтік-экономикалық зерттеме, өлкедегі тұрғылықты халықтың мәдени және этникалық тарихы ауқымды хронологиялық диапазонымен органикалық байланысқан.

Зерттеу катарында, әсіресе, Т.Тогжанов мен В.Г. Соколовскийдің еңбектерінде практикалық жағынан маңызды қазак ауылдарының тоериялық және ұлттық әлеуметтік-экономикалық күрылымының нақты тарихи аспектілері зерделенді.

1920-1930 жылдар аралығындағы ұйымдастырылған ауыл тексеру экспедициясы салдарында жинақталған жүйелі түрдегі материалдар негізінде өлкетануды жартылай негізі, материалдық мәдениеті және басқа да мәселелер бойынша зерттеді.

Республиканың түрлі аймактарына жүргізілген экспедиция барысында жинақталған тарихи-олкетанулық және этнографиялық материалдар пәндік-тақырыптық алуандығымен ғана емес, мәліметтік маңыздылығымен және байлығымен өзгешеленеді.

Көп ұлтты Ресейді зерттейтін комиссия (КИПС, 1922 жылдан басталып-КСРО). Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстанда ұлттық-мемлекеттік бөлінуді даярлау – КИПС және оның бөлімшесінің қызметі болып табылады. Қошпелі қазак жұртының көшіп кону шегі мен отырышы қазақ жұртының тұрақты орны нақтыланды.

1928 жылы «Этнографическая карта народов СССР» шығарылып, мал шаруашылық аймактарында далалық зерттеулер ұйымдастырылды. Профессор В.Н. Кунның басшылығымен ұйымдастырылған ғылыми комиссия Түркістанның тұрғылықты халқының тұрмысын зерттеді.

1930 жылы Алматыда зерттеушілермен өлкетанулық мекемелер мен ұйымдар, музейлер және басқа да мәдени орталыктар өкілдерінің қатысуымен I Бүкілқазақстандық өлкетанулық съезд шақырылды.

1930 ж бүкіл ел бойынша техникумдармен жоғары оку орындарының оку жоспарына өлкетану енгізілді.

1931 жылы Наркампрос, Госплан және Қазақстанды зерттеу қоғамы басқармасының өкілдерімен Республикалық ұйымдастырылған өлкетанулық бюро күрылды. Аймақ орталыктарында (Алматы, Шымкент, Семей, Орал, Ақтөбе) өлкетанулық басқарма және 42 жаңа өлкетанулық ұшықтар ұйымдастырылды. II Бүкілқазақстандық өлкетанулық конференция (1932 ж.). Республикада өлкетану күрылымын қайта ұйымдастыру КазКСР Наркомпростың тікелей бакылауымен Қазақстанда Орталық өлкетанулық бюросы сайланды.

ХХ ғасырдың 30-жылдары алғашқы археологиялық, 1933 жылы құрылған ГАИМК-нің (Государственная Академия истории материальной культуры) Нұра экспедициясы жүргізді.

Нұра экспедициясының құрамында белгілі археологтар П.С. Рычков, М.И. Артомонов, И.В. Синицын болды. Экспедицияның басты міндепті Шерубай-Нұра өзені бойындағы, Қарағанды қаласынан оңтүстікке 60 км жердегі Дәндібай мәдениетін ашу болды. Бұл ескерткішті қазу кезінде қола кезеңдеріне тән емес, құрылымы типтері мен керамикалық материалдар шыкты.

Қазакстанның археологиялық зерттеуіне геология және жаратылыштану ғалымдарының өкілдері, оның ішінде П.Л. Драверт, Қ.И. Сәтбаев, В.А. Селевин, А.В. Мухля, А.Н. Формозов, Г.Н. Щерба, т.б. басқалары бага жетпес үлес косты.

Академик Қ.И. Сәтбаев, археология және ежелгі кен орындарының кей сұраптарына жауап іздеді. Бірақ ХХ ғасырдың 40-жылдарының басына дейін бұл аймақта кен және жүйелі түре зерттеу бола койған жок.

Қазакстанның тарихын накты және кеңінен зерттеудің жаңа кезеңі Ұлы Отан соғыссынан кейін басталды және Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылымымен байланысты болды.

Ғылым Академиясының жанынан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды, оған ғылыми жетекшілікті 30 жылдан астам академик Ә.Х. Марғұлан жүргізді.

Ғылыми зерттеу бағыттарын анық белгілеу, қыска уақыт ішінде бірнеше кезеңдегі ескерткіштерді ашуға мүмкіндік берді.

Орталық Қазақстан экспедициясы үш бөліктен тұрды.

Біріншісін Ә.М. Оразбаев, екіншісін, Ә.Х. Марғұлан, үшіншісін М.К. Қалырбаев басқарды.

Алғашқы зерттеу-барлау жұмыстарынан кейін экспедиция өз назарын Жанаарқа, Шет, Актоғай, Қарқаралы аудандарына аударды.

Экспедиция жүргізген қазба жұмыстары мен барлау жұмыстары мен барлау жұмыстары тек қамтылған территориялық ауқымымен ғана емес, сонымен қатар, зерттелген ескерткіштердің хронологиялық диапозонымен де ерекшеленді.

Галымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазакстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген.

1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болыш саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау

жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарка, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген.

1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсакбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қараганды тас көмір алабы және Қаратай полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған.

1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында кара металургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, корғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі үйімдастырылып, Қазак КСР Геология және жер қойнауын корғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын үйімдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мұддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыштың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өнірлерінің табиғи байлыктарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын үйімдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат корларын – Кенді Алтайды, Қаратай фосфоритін Костанай мен Жезқазған – Ұлытау өнірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев аштықтан иссіз қалған ауыл балаларына өз көмегін көрсеткен [19].

12-тақырып. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану.

Жоспар

1. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетанудың жағдайы.
2. ЖОО-да өлкетану бағыттындағы аткарылатын іс-шаралар

Егемендікке қол жеткізген уақыттан бастап туған өлкеге, туған жердің тарихын оқытуға ерекше назар аударылды, себебі өз өлкесінің тарихын білмей үлтжанды үрпак қалыптаспайды.

Бұған нақты дәлелдер де жетерлік, мысалыға 1994 жылы 26 тамыздағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995 жылы 30 маусымда кабылданған тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы, 1996 жылғы 15 шілдедегі этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламаларында өлкетану жұмыстарының тәрбиелік мүмкіндіктері мен маңыздылығына ерекше мән берген.

Жаңа білім беру жүйесіне көшу рухани бай, денсаулығы мықты, туған елін, жерін сүйетін, қадірлейтін оқушыны тәрбиелеуді ұсынады. Бүтінгі таңдағы білім берудегі басты мақсат жас үрпактың білім деңгейін көтеру және жан-жакты дамыған, білімді, сауатты, өмір сүруге бейім, белсенді, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұдан шығатын түйіткілді мәселе, жаңа қоғамда тарихшы маманның ішкі жан дүниесі де жаңаша болмақ, демек, болашақ үрпактан да үлкен үміт күтіледі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жаңдандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттең, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану музейлері жұмыс істейді.

Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын үйімдастыру да ілгері даму үстінде. Алайда, қазіргі кезде өлкетану жұмыстарын дұрыс жолға койып, үйімдастыру, ол бойынша жүргізілетін жұмыстарың әрежесі, оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен әрі тиімді пайдалану барлық білім беру мекемелерінде бірдей емес.

Осы уақытқа дейін белгілі болғандай тек өз пәні мен мамандығын сүйетін алдыңғы қатарлы мұғалімдер мектептің тұрған жерін жүйелі түрде зерттең білуді, ол жұмысқа оқушыларды көтеп тартып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуінде жақсы үйімдастырады және өзінің іс-тәжірибелерімен болісіп отырады.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, соңғы уақыттағы жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жай - күйіне талдау жасай кетсек, еліміздегі 2004 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын

және іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортак Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының негізінде көптеген жоғары оку орындарының іс-тәжірибелері мен оқу-тәрбие үдерісінде өлкетану жұмыстарының жандана бастағанын көреміз.

Болашақ тарихшыларды даярлау жүйесінде «Тарихи өлкетану» міндетті пән ретінде енгізілсе, география саласында «Географиялық өлкетану» таңдау компоненті есебінен құрыла бастады. Сондай-ақ қазіргі жоғары оку орындарында өлкетанымдық жорықтардың жанданғандығын атап өту кажет. Соның бірі 2008 – 2009 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Археология институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай мемлекеттік университеттері Қазақстанда 30-ға жуық калашықтарда, қоныстарда, корғандарда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындармен пікір алмасқан. Аталған қалалардың оку орындарында өлкетану мұражайлары ашылған. Мұндай өлкетанымдық жорықтар мен практикалық жұмыстар барлық өнірлерде де қолға алынған.

Осылай өлкетанымдық іс-шараларды Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемелекеттік университеті 2001 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Осы жылы алғаш рет студенттер мен мектеп оқушыларын үйимдастырып «Өлкетану» экспедициясын құрды.

Жастар Павлодар облысының мазарларының, ескерткіштерінің, мұражайларының т.б. тарихи орындардың жай-күйімен танысып, университет мұғалімдері бағыт-бағдар беріп, дәрістер оқыған. Ал мұның бәрінің астарында танымдық мән жатканы, патриоттық сезім мен ұлттық нақысты ояттын құндылықтар жатканы айтпаса да түсінікті.

Университет басшылығымен болашақ тарихшыларды өлкетану жұмысына даярлауда аукымды істер атқарылған. Сондай-ақ бұл оку орнында «Өлкетану - Краеведение» журналы шығып тұрады.

Қазіргі Қазақстандағы жоғары оку орындарының білім беру саласында белгілі бір жүйеде өлкे тарихы бойынша материал беріп кана қоймай, сонымен қатар музей бойынша және өлкетану көздерін оқыту мүмкіндігі туды. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және туризм факультеті, тарих, археология және этнология факультеті жыл сайын студенттерді үйимдастырып еліміздегі тарихи-өлкетану музейлерінде, археологиялық қазба жұмыс орындарында кәсіби тәжірибе өткізіп, түрлі ғылыми-танымдық, тәрbiелік сапарлар үйимдастырып отырады. Аталмыш оку орнында мұндай іс-шара жылдан- жылға жақсарып келе жатқандығын анғаруға болады.

Көптеген жоғары оку орындарының іс-тәжірибелерінде экскурсиятану, аймактану секілді пәндер енгізілуде. Бұл студенттерді соның ішінде, болашақ педагог мамандарды өлкетану жұмыстарына даярлауда маңызды белгі болып табылады. Бірақ жоғары оку орындарының да бұл салада әл де болса шешімін таппаған мәселелер барышылық, оларда студенттерді өлкетану жұмысына даярлау керектігіне байланысты пікірлер айтылғанмен де, мұнда аяқталмаған накты теориялық және практикалық мәселелер жеткілікті.

Оған жататындар: білім беру мен тәрбиені тұтас үдеріске біріктіру, өлкетану үйрмелері, тарих және қоғамтану, сондай-ақ педагогикамен байланысы, өлкетану кешенінің болашақ педагог мамандарды мектептегі жұмыстарға даярлаудағы рөлі және оның тәрбиелеудегі орны, өлкетану материалдарын зерттеу, жинау, педагогикада пайдалану мәселелері және т.б.

Жоғары оку орындарындағы өлкетануға даярлау ісін ұйымдастырудығы кемшиліктерді бывайша түсінідіруге болады, негізгі себеп өлкетануға байланысты іс-тәжірибелердің өз дәрежесіндеге еместігі, оқытушының өлкетанымдық іс-әрекеті тек пән негізінде болмаса, оның педагогикалық маңыздылығына қарамастан ақшасыз, төленбейді, мемлекеттік құжаттарда корсетілсе де-кей жағдайларда міндетті емес деп те есептелінеді, тек мерейтой, түрлі іс-шараларға орайластырып кана тәрбие түрінде ұйымдастырылады.

Тұған өлкенің, жергілікті жердің кала берді аймақтардың өзіндік ерекшеліктерін, табигатын, тарихын, халқы мен шаруашылығын жан-жакты сипаттайтын факторларды зерттеу қазіргі білім беру саласының маңыздылығын арттыра түспек. Ақықат, өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дүррис көзқарасының калыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін калыптастырудың негізі болып табылады.

Өлкетануды оқытуудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, мектеп окушыларының ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыра түсу, өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, тұған өлкесіне деген сүйіспеншілігін тереңдету болып табылады.

Қазіргі күні өлке тарихына, жерлес оқиғаларға, жәдігерлерге қызығушылық күн санап артып келеді. Еліміздегі тарихшылардың басты мақсаты – өлкеміздің тарихына жаңаша ой жүгірту, өлке тарихының актаңдақ беттерін түгендей, жоғымызды тауып, өшкенімізді түгендей, калыптағын көлтіру. Осы орайда, айта кетсек, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің, Қазак қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің тарихшылары, этнологтары мен археологтары осындаид иті өстермен сәтті айналысада [20].

13-тақырып. Қазақстанның тарихи өлкетануын зерттеудегі мұражай, мұрағат, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының рөлі.

Жоспар

1. Өлкетану зерттеулеріндегі музейлердің рөлі.
2. Мұрағаттанудың тарихи өлкетанумен және тағы баска ғылымдармен байланысы.
3. Өлкетану мен Республиканың Ескерткіштерін қорғау қоғамының өзара байланысы.

Өлкетану зерттеулеріндегі музейлердің рөлі

•*Музейтандың теориялық-практикалық аспекттері.* «Музей» түсінігі адамзаттың мәдени өмірінде екі жарым мың жыл бұрын пайда болды, бірақ олар заттарды жинау түсінігі ретінде қолданған жок. Ежелгі гректер алғашында «мусейон» деп музалар мүсіні орнатылған құрбан шалынатын киелі шырактарды, атаған. Ол шырактар бакшада, тау етегінде, бұлақтардың қасында орналаскан. Уақыт өте мусейон деген сөз әдебиет пен, ғылым және ғылыми араласу мен айналысатын адамдардың жиналатын орындарын атап бастанды. Музейлерге екінші өмірді қайта өркендеу дәүірі берді, оны жаңа маңызбен толықтырды.

XVI ғасырдың екінші жартысында «музей» деп антик уақытының ескерткіштерін, кейінірек табиғат әлемінің үлгілерін және ғажайып немесе сирек кездесетін заттардың жиынтығын және оларды сақтайтын, орындарды атап бастанды.

Ғылыми білім беру максатында құрылған алғашқы ағылшын музейі 1683 жылы Оксфорд университетінде ашылды.

Ресейде музейлердің пайда болуы патша I Петр атымен байланысты. 1714 жылы Петербургта ең алғашқы ресейлік музей - кунсткамера ашылды. Дайын коллекцияларды сатып алу, геодезиялық және картографиялық экспедициялар мен ерікті садақа беру арқасында, I Петр қысқа мерзім ішінде Еуропадағы ең бай жинаушылардың бірі болды.

XIX ғасыр ішінде мұражай бірте-бірте адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Тарихи өлкетану қайнар көздерінің арасында музейлердің материалдары, яғни, табиғи-тарихи топтамалар мен материалды және рухани мәдениет ескерткіштерді жинақтап, сактап, зерттейтін ғылыми мекемелердің маткриялдары ерекше орын алады. Музейлердің негізі болып табылатын ескерткіш-түпнұсқалардың топтамалары ғылыми-зерттеу және агарту мекемелерінің ерекшеліктерін (спецификасын) анықтайды. Осы ескерткіштер негізінде музейлер ғылыми-зерттеу

жұмыстарын, ғылыми-ағарту, білім және тәрбиелік жұмыстарын жүргізеді.

Тарихи музейтануда тарих ғылымының әдістерін және қосымша пәндерін колдану, оның ішінде археологияның, полеографияның, этнографияның, нумизматиканың, сфрагистиканың әдістерін, сонымен катар әдебиеттанды мен өнертандың әдістерін колдану, өлкенің, аймақтың тарихы бойынша экспозициялар мен көрмелер күруда, мәдени-ағарту кызметінің түрлі формаларында аталған пәндердің көмегі.

Музейлердің бірегейлігі және қайталанбайтындығы, олардың құрамындағы жиналыстардың, қызмет өрісіндегі, заң ережелеріндегі ұксас жақтары. Осы музей әлеміндегі көпжактылықты белгілі бір топтарға белуге мүмкіндік береді. Белгілі бір ғылыммен немесе өнердің, өндірістің және оның салаларына байланысты, олардың мамандандырылуын ескеріледі. Тарихи музейлер белгілі бір қаланың, кесіпорынның, мекеменің тарихына арналған жалпы тарихы, тарихи-өлкетанушылық, археологиялық этнографиялық, әскери-тарихи, әскери тұрмыстық және баска да тарихи музейлер бойынша сараланады.

•*Музейлердің типтері мен профильдері.* Республикадағы барлық музейлер олардың негізгі мақсаттарын аныктайтын типтерімен ерекшеленеді. Көптеген музейлер ғылыми-зерттеу – ағарту типіне жатады. Музейдің баска түрі – зерттеулік, ол негізінен қандай да бір ғылыми пән бойынша түпнұсқаларды сақтау мен зерттеуге бағытталған. Бұл көбінесе, ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін музей-зертханалар (мысалы, Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының геологиялық музейі). Ал, үшінші тип, ол – көптеген жоғарғы оку орындарында болатын оку музейлері. Олардың негізгі мақсаттары – оку үрдісінің жетілуіне көмектесу. Көбінесе, музей типтері музей топтамалары қорларын және олардың қызмет бағыттарын анықтайды.

Сонымен катар музейлер профильдері бөлінеді, осы профильдер бойынша олардың ғылыми пәндерге, өнер салаларына, өндіріс салаларына қатыстылығы аныкталады. Негізгі профильдер арасынан тарихи (оның ішінде тарихи-революциялық, археологиялық, этнографиялық, әскери-тарихи, мемориалды және т.б), табиғи-ғылыми, өнертанду, әдеби, техникалық музейлерді атауға болады.

•*Өнертанду музейлері және олардың құрылымы..* Өнертандышылар олардың қолдары жететін барлық музейлердің корларын пайдаланады. Бірақ тақырыбы жағынан негұрлым жақын материалдар өлкетанду көздерге үміт артуға болады. Тұған өлкенің тарихы мен қазіргі дамуын зерттеу үшін маңызды тарихи база ретінде өлкетанду музейлердің үлкен мәнін – ғылыми мекеменің нақты сипаттамасының талаптарын, оның құрылымын, оның топтамаларының құрамын, қызмет бағыттарын анықтайды.

Жоғарыда айтылғандардың, өлкетану музейі – бұл кешенді профильді музей. Ол өлкенің тарихын ғана емес, сондай-ақ табиғи топтамаларын зерттеп, жинақтайды. Осы жерде гуманитарлық және табиғи-ғылыми профильдердің қосылуы болады.

Бұл тарихи бөлімдер мен табиғи бөлімдерді қарастыратын музей құрылымдарында байқалады. Бөлімдердің саны мен олардың қызметтері кор топтамаларының құрамы мен өлшемдеріне, экспозицияның көлеміне, т.с.с. байланысты болады.

Негізінен облыстық өлкетану музейі: революцияға дейінгі кезең тарихы (ежелгі дәуірден XIX ғ. басына дейін), кеңес дәуірі тарихы, егеменді және тәуелсіз Қазақстанның даму кезеңі, табиғаттар ғылыми – ағарту, фотолабораториясы бар көркем – рәсімдеу, т.с.с бөлімдерден тұрады. Әрине, аудандық музейлерде бұндай бөлімдер аз, бірақ барлық жағдайда да тарихи, табиғат корлары бар.

Тарихи бөлімдер мен табиғат бөлімдерінің басты міндеті – экспозициялар мен көрмелер құру, топтамаларды жинақтау және зерттеу. Қор бөлімі топтамалардың жинақталуы мен есебін, олардың ғылыми өнделуін жүргізеді, ескерткіштерді сактайды.

Музей өзінің әлеуметтік қызметін музей жәдігерлерін жинау, сактау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады.

Белгілі бір затты жасауда да, колдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді, олардың тарихилығын терендетеуді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді.

Жәдігерлердің акпараттық потенциалы екіге бөлінеді. Бірінші – ішкі хабарламалық кеңестік, екінші – сыртқы хабарламалық кеңестік. Біріншісі заттың өзіне байланысты мәлімет көрсетсе, екіншісі жәдігердің айналасындағы ортаға қатысты мәліметтерді көрсетеді [21].

Музей жәдігерлерінің семантикалық (мәндік), аксиологиялық (бағалылық), коммуникативтік (хабарламалық) аспектілері бар және де әрбір музей жәдігері аттрактивтік (көңіл аудару, назарды қүшетту), семантикалық (мәнерлілік, дәлділік, мәндік), экспрессивтік (толқыту, көнілде әсер қалдыру қасиеті), репрезентативтік (ұксас жәдігерлердің артықшылығын аныктай білу) қасиеттерге ие.

Музей жәдігерлері тек дерек қана емес, мәдени – тарихи ескерткіш ретінде бағалылығы зор қоғам мен мемлекет, мекеме байлығы деп саналады.

Музей жәдігері – накты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей корына тіркелген, ұзақ сактауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі ретінде, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады.

Музей жәдігері – бүкіл музейдің қызметін, оның бағыттарын, жоспарын жүзеге асыратын негіз болып табылады.

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделеді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінін ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесі ретінде, табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, корыктар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді салада жұмыс істейтін жұмыс ретінде қарастырылады.

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштердің корғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі құралдарды дайындауда да кіреді.

Ғылыми-әдістемелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы журнал, газеттер шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музейтанудың зерттеу әдістерінің негізгі бағыттарына тоқталсак, олар:

– акпараттық дереккөзі регінде, жәдігерлердің мәдени-тариhi құндылықтарын зерттейтін бағыттарда жұмыс істеу;

а) музей құндылықтарына жататын жәдігерлерді анықтау (ғалымдар, лаборатория);

ә) музей жәдігерлерінің мәндік мағынасын, ерекшеліктерін анықтау ісі;

б) музей жәдігерлеріне байланысты ғылыми анықтамалық, жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру;

в) сақтау режимін, консервация және қайта калпына келтіру жолдарын анықтау;

г) музейдің тәрбиелік, білімдік міндеттерін атқару әдістерін қарастыру, жүйелеу.

– музей ісі, оның аткаратын қызметі, қоғамдық, мемлекеттік институт ретіндегі бағыты:

а) музейдің шығу тарихын, жүйесін, типін, музей ісінің тарихын жүйеледі;

ә) ішкі ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады;

б) музей қызметінің арнайы бағыттарын анықтайды;

в) музейді басқару жүйесін қарастырады, болашақ жоспарын талдайды;

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің ез ерекшелігі бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері-ғылыми жаңағылыштарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесінде кең колданылатын ғылыми орталық.

Әсіресе, ғылыми негізделген, жоспарлы түрде қорларды жасау, музей заттарын сипаттау, өңдеу, зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысының

негізі болып табылады.

Ғылыми-зерттеу нәтижелері консервация, қайта қалпына келтіру, коллекцияларды корғау мен сактау, экспозиция, келушілермен жұмыс, т. б. Музей жұмыстарының деңгейін, дәрежесін аныктайды.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып табылады. Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын, біріншіден музейдің қай профиліне жататына байланысты, екіншіден, музейдің әлеуметтік институттар жүйесіндегі орнына қарай аныктайды.

Профильдік бағыттан басқа, ғылыми-зерттеу ісі музейтану ауқымында да үнемі зерттеу жүргізіп отырады. Музей жұмысындағы галымдар белгілі бір зерттеу тақырыптарын жүргізіп, еңбектер жариялады.

Экспозиция мен көрмені суретшілер, дизайнерлер жасайды. Сәулеттік-көркемдік шешім қажет. Бұл жерде суретшілердің фантазиясы да өте үлкен рөл аткарады. Ол экспозиция жасауда көрерменнің білім деңгейіне, әлеуметтік демографиялық жағдайына да көніл бөледі. Оптимальды сары, жасыл, алқызыл түстер көзді шаршататындықтан музейде ак, көкшіл ак сары және кара түстер колданылады.

•*Корларды жинақтау көздері.* Музейдің пайда болуының алғышартты болып табылатын негізгі корлардың жинақталуы оның қызметінің негізгі бөлігін құрайды.

Бұл жинақтаудың максаты – қоғамдық, ғылыми және көркемдік мәні бар түпнұсқаларды біздің келешек үрпағымыз үшін сактау; экспозициялар мен көмелердің тұракты жетілуіне жағдай туғызу, осы арқылы тарихи тәжірибе мен мәдениетке қалың бұкараны тарту. Корларды жинақтаудың жұмысының ғылыми-зерттеулік сипаты бар және ол музейдің ғылыми қызметінің ерекшелігін көрсетеді.

Корларды жинақтаудың көздері әртүрлі және сол кездегі уақытка байлансты болады. Қазіргі заманғы өлкетану музейлерінде корларды жүйелі жинау болып табылады. Өлкетанушылар үшін музейлердегі едәуір қызыгуышылық тудыратын қайнар көздер – зат, жазба және бейнелеу заттары болып табылатынын айта кеткен жөн.

Зат көздері – бұл археологиялық ескерткіштер мен тұрмыс заттарынан, архитектуралық құрылыштардан қалған кез келген материялды қалдықтар. Зат ескерткіштері қоғамдық өмірде өзінің орны бойынша жіктеледі.

Музейлердің монеттер, медальдар, мөрлер сияқты зат көздері тарихи фактлерді анықтау үшін колданылады. Музейлерде сакталатын баска да қайнар көздерін басқа да гуманитарлық пән адамдары: археологияда (археологиялық табылған заттар), этнология (елді мекендер, үйлер,

костюмдер, әшекей бүйымдар, ыдыстар, аспаптар), өнертануда (кескіндеңін қимиялық қурамы, фарфор, фаянс, әйнек, металл құйындысы өндірісінің технологиялық үдерістері), нумизматикада (монеттер), сфрагистикада (мерлер), фалеристикада (ордендер, медальдар, түрлі белгілер), бонистикада (кағаз ақшалар), филигрантурада (кағаздар және ондағы белгілер), материалды мәдениет пән түрмис тарихында кеңінен колданады.

Жазба қөздері. Мұрағаттардан ерекшелігі, өлкетану музейлерінде жазба қөздерін жинақтаудың негізгі қөздері – музей зерттеп отырған тақырыпқа сәйкес, жеке азаматтардан материалдарды жинақтау болып табылады. Бұлардың катарына естеліктер жазбаларын, фотодеректі материалдардың жинақтарын, сонымен қатар тарихи және қоғамдық мәні бар кейбір жеке құжаттарды жатқызуға болады. Жазба қөздері тоғтамаларының осындағы көп материалдары бар, оларды (афишалар мен хабарламалар, үндеулер мен шакыру билеттері, газеттер, ақша белгілері, газеттер, сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар және т.б.). облыстық мұрағаттар өздерінің корларына косатын мүмкіндіктері жок.

Бейнелеу қөздері. Музейлердің бейнелеу қөздері археологияны, этнологияны, өнертануды, кітаптануды (кітап миниатюрасы) және басқа да гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Жинақтау қөздерінің бұл типі: бейнелеу-көркем қөздері (бейнелеу өнерінің туындысы, көркем сурет, көркем кино және бейне материалдар); бейнелеу графикалық қөздер (карталар, жоспарлар, сыйбалар); бейнелеу-табиғи қөздер (деректі сурет, деректі кино және бейне материалдар) сиякты түрлерге бөлінеді.

Музей корларында сақталатын жәдігерлердің барлығы дерлік физикалық-механикалық, қимиялық өзгерістерге ұшырайды немесе табиғи ескіреді. Бұл өзгерістер негізінен ауа мен жарықтың әсерінен болады.

Жәдігерлер биологиялық зиянды жәндіктердің: шыбыншіркейлердің, құрт-құмырықсалардың және кеміргіштер мен микроорганизмдердің де әсерінен бұзылуы мүмкін. Температураның белгілі бір деңгейі және ылғалдылық дәрежесі жәдігерлердің табиғи конеру үдерісін тездетуі немесе бәсендетуі, не баулатуы мүмкін. Ауаның жоғары дәрежедегі ылғалдығы, егер гимаратта, белмеде газды ластанған заттар болса, зиянды химиялық қоспалардың пайда болуына әкеп соғады.

Жоғары дәрежедегі ылғалдылық шаң-озаның да таз (грибковые) ауруларын, яғни микроорганизмдердің қозуынан туатын ауруларды тудырады. Осындағы колайсыз жағдайлардан сактау үшін музей жәдігерлерін сактау тәртібі, ережесі болады. Ол температуралық ылғалдылық режимі, аудадағы зиянды заттардан қорғау, биологиялық және

механикалық бұзылуудан, нұксаннан қорғау, апарттан алдын ала сактандыру шаралары, экстремальдық (аяқастынан шыккан қындық) жағдайларға байланысты алдынала дайындық шаралары жасалынады.

Тарихи музейлердің корларына енетін заттар әртүрлі. Сондықтан оларды дұрыс сақтай отырып, әрбір заттың қолданыс аясын да естен шығармаган жон. Бұл міндетті қорды сактау жүйесі шешеді.

Режим (тәртіп, ереже) мен сактау жүйесіне неғізделген қор жұмысының бағыттарын «музей корларын сактау» дейді. Әрбір музейдің өзіндік ерекшеліктері болуы себепті, сакталу режимдері соған сәйкес жасалынады. Ол жәдігердің мазмұнына, қордың құрылымына, сапасына, санына, сакталған мерзіміне сай ерекшеленеді. Әрбір музей, әрбір кор сактау қоймасы өзінің арнағы бағытына қарай жұмысын үйімдастырады.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа ХХI ғасыр деңгейінде жан-жақты білім беру күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Яғни жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде мұғалімдер мен ата-ана қауымына ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. Сондықтан да, казіргі кезде Қазакстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге атсалысуда.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын менгеру. Оқытудың жаңа технологияларын менгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жас ұрпаққа білім бере отырып рухани жан-жақты тәрбиелеудің бір өзегі музейде жатқандығын айтқымыз келеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Өлкे тарихының қасиетті мекені» атты еңбегінде: «Егеменді еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны ерекше. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесін тағым алу Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайыкты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі», деп тарихи таным мен ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі музейлердің танымдық ағартушылық пәрменін ерекше атап көрсеткен болатын. Тарихи және мәдени жәдігерлердің айнасына айналған музей өлкенің өсімдік пен жануарлар дүниесі, өнірдің құрылу тарихы, археологиялық, нумизматикалық, этнографиялық құндылықтар, колонер туындылары, сирек кездесетін колжазбалар мен құнды кітаптар, өнеркәсібі мен мәдениеті жайлы мәліметтерге бай. Олар халықтың ұзак ғасырлар бойындағы тірлік-тынысының айқын көрінісі, салт-дәстүрлердің жарқын іздері. Тарих тұнғиығынан сыр тарқататын экспонаттар нағыз көркем өнер туындылары десек, кателеспейміз. Ендеше, әлемдік мәдениетте адамзаттың ыждағаттылықпен жинақтап, қастерлеп сактаған құндылықтарын жастарға (окушыларға) насиҳаттай отырып, тарихи білім беру үшін тарихи-мәдени кеңістік. Музей келушілердің (окушылардың) бос уақытын қызықты өткізетін орын ретінде ғана емес, нағыз тарихи

айфактардан тұратын мекеме ретінде білім жүйесіне көмекке келуі кажет. Осылайша, музей мен білім жүйесі бірігіп, адамның рухани байлығы мен тарихи білімін қалыптастыру жолында бір бағытта жұмыс жасауды қажет.

Кез-келген экспозицияда келесі логикалық тізбекті ескеру керек: қабылдау – түсіну – ойлап қорыту – бекіту – пайдалану.

Музей педагогикасы технологиясын құрудагы әдістемелік аспектілерге сүйенсек, балалармен жұмыс жасауда берілген акпараттың сапасы мен саны маңызды емес, бастысы балалардың бойында шығармашылық белсенділікті арттыру болып табылады. Музей экспозициясымен танысу барысында міндетті түрде тәжірибелік бөлімді косу керек. Оларға ойын-сауық, ойын-саяхаттар, ойын-графикалық жаттыгулар, интеллектуалды-шығармашылық ойындар, әдеби шығармалар сюжеті бойынша ойындар жатады. Ойындардан басқа схема, аппликациялық коллаждар, суреттермен әрленген музей құнделігін толтыру, сурет салу, ермексазben жұмыс істеу, ертеңі ойлап шығару (музейде көргенінен). Музей экспозициясымен танысу мен үғынудағы жаңа технологиялар әрбір жас өренгө зияялды адам болуға, жастайынан мәдениет пен ғылымға бейімделуге мүмкіндік береді.

Музей шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналды, әрбір жас өрен музейден шыққанда ой-ерісінің бір сатыға көтерілгенін байқап, өмірge деген ұлкен сенімділігі пайда болады десек, артық айтпағанымыз болар [22].

14-такырып. Мұражай тандаудың негіздері

Жоспар

1. Өлкетанулық мұражай тарихы.
2. Өлкетанулық мұражайлардың мемлекеттеік реттелуі.
3. Әлемдегі ерекше мұражайлар.

Білім беру ошактарындағы музейлер елжандылық пен азamatтыкты тәрбиелеу орталығы, барлық халықтар үшін де «тарихи естелік кітабы» болып, оку-тәрбие жұмысында маңызды орын алады. Бұл туристік-өлкетану жұмыстарына қатысты.

Оз өлкеңдің тарихын, оның ескерткіштерін тек біліп, сүйсініп жүру жеткіліксіз, оларды сақтаپ, қорғап, насиҳаттау қажет. Откеннен қалған зор тарихи-мәдени құндылықтарымыз жас үрлак тәрбиесінің қайнар көзіне айналуы тиіс. Ал тәрбие күралы ретінде музей жұмыстарын да қолдануға болады. Музей тарихка деген қызығушылық тұғызып, бұрынғының естелігін сақтауға үмтүлдірді.

Бұл құр түрлі заттар мен жәдігерлер жиынтығы ғана емес. Білім ордасындағы музей – тірі ағза, яғни окушылардың, ұстаздардың ертengі күнге үмтүлған қунделікті шығармашылық жұмысы. Оны аз ғана уақытта өткен онжылдықтарға сапар шегуге мүмкіндік беретін «сиқырлы уақыт машинасы» сияқты көруге болады. Ол жай өткен мен бүгінгіні көрсетіп қана коймайды, болашакқа да көз салуға мүмкіндік береді. Осы ретте мектеп музейлері Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығымен біріге отырып, ауқымды тәрбие жұмысын жасап отыр.

Сонау Кеңес кезінде де ең үздіктердің бірі болып Чапаев орта мектебінің музейі танылғанды. Алайда балалар туризмі тарихының басты музейі Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығында орналаскан.

Оның экспозициясы ұстаздар мен окушылардың іздестіру-өлкетану жұмыстары кезінде жасалды. Олар өлкे тарихын зерттеп, ардагерлермен кездесіп, іздестіру жұмыстарын жүргізіп, экскурсиялар мен экспедициялар үйімдастырды.

Бұгінгі таңда музей қорында 800-ден астам экспонат бар. Олар «Жайық өнірі – балалар туризмі өлкесі» және «Мениң Отаным – Қазақстан» атты екі залда орналастырылған, сондай-ак коймада сақталған.

Музей экспонаттарын жасау – жай ғана жинақтау емес, арнайы жоспар бойынша максатты жинақтау. Музейде Жайық өнірі окушыларының туристік өлкетану жұмыстарын сипаттайтын түпнұсқалық көрнекі-суреттеме және графикалық материалдар, құжаттар, альбомдар мен бейнелі немесе жазба түрдегі дереккөздер бар. Сондай-ак аймактағы

балалар туризмінің дамуына өз үлестерін коскан жекелеген тұлғаларға арналған экспозициялар мен стендтер ресімделген.

Олардың арасында – Халық-аралық балалар мен жасөспі-рімдер туризмі және өлкетану академиясының құруышысы және алғашқы президенті, профессор, тарих ғылымдарының докторы А.А. Остапец-Свешников, республика бойынша туризм мен өлкетану ісінің негізін калаушылар Т. Жездібаев, С. Абдамбаев, педагогтар, Жайық өніріндегі балалар туризмінің бастамашылдары К. Жұбаншалиев, А. Панченко бар. Музейде түпнұсқа құжаттар, фотосуреттер, туристік жорыктар, экспедициялар мен экскурсиялардың жол сыйбасы, ол жорыктардың катысуышыларының жеке заттары, туристік-өлкетану және экологиялық шаралардың материалдары, өлкенің туризм, өлкетану және экологиясы тарихынан сыр шерттеп журналдар мен кітаптар орын алған.

Музей экспонаттары туризм мен өлкетану ардагерлері туралы, облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығының шығармашылық ұжымы туралы, жарты ғасырга жуық уақыт бойғы Орал өнірінің педагогтарының бірнеше буындарының максатты да баянды жұмыстарының нағайтесі болып табылатын жетістіктері туралы баяндайды.

Музей – ел тарихы, үлттың көне менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Себебі, музей койылымдарына орналасқан әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр. Демек, атамыш тақырып қай тұсынан алып карасак та бүтінгі күн талабына сай зерттеуді кажет ететін өзекті, қөкейтесті мәселе болып табылады.

Музей ісіне байланысты жекелеген зерттеулер болғанымен, олар Қазақстан музейлерінің қалыптасуы мен даму тарихы жөнінде толықтынды, аяқталған ғылыми негіз бере алмайды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы музейлер, XX ғасырдың 70-ші жылдарынан байлай қарайғы музейлер тарихы, қайта құру жылдарындағы музейлердің жайқүйі, тәуелсіздік алғаннан кейінгі музейлер өміріндегі өзгерістер ғылыми зерттеу назарынан мүлдем тыс қалған. Мұндай жағдайдағы өзі атамыш тақырыпты зерттеу нысаны етіп алушы кажеттеді.

«Музейлердің қалыптасу және даму кезеңдері» деп аталаған екінші бөлім республика музейлерінің қалыптасуы мен даму тарихына арналған үш тармақшадан тұрады.

Алғашқы музейлер казак даласында XIX ғасырда қалыптаса бастады. Зерттеу барысында Қазақстан жерінде музей ашудың алғашқы қадамдарының 1823-1845 жылдар аралығында Ішкі Бекей Ордасының ханы Жәңгірден басталғандығы анықталды.

Жәңгір хан жинақтаған құнды жәдігерлер казак халқы үшін баға жетпес мұра. Олардың ішінде 1742 және 1749 жылдары патшайым Елизавета, 1775 жылы Екатерина, 1802, 1812, 1823 жылдары Александр патша сыйлаған қылыштар бар» [18]. Бірақ бұл реңми түрде музей деңгейіне жетпей хан Ордасының бөлмесін безендірген заттардың жинағы ретінде калып қойды. Дегенмен, бұл қадам алдағы уақытта өлкеде музей күрылсының жандануына негіз болғандығына күмән жок.

Мұражаймен келісім-шарт жасау. Оған мыналар кіреді:

- экскурсияның балама нұскалары мен олардың тақырыбы;
- топтагы экскурсанттар саны;
- экскурсияның бағасы (аралас – топтық және жеке, жас ерекшеліктері бойынша, т.б.);
- мұражайға топтеп бару женілдігі;
- экскурсия жүргізуге етініш беру мерзімі;
- етініштен бас тарту мерзімі;
- серіктестердің біреуінің әсерінен мұражайлық экскурсияның белінің үшін материалдық жауапкершілікке тарту.

Қосымша қызметтер, яғни тур пакетіне енгізілмеген қызметтер туралы да ұмытпаган жөн. Олар туристерге қосымша ақы төлеу арқылы ұсынылады. Бұл көбінесе ерекше экскурсиялар, шоу, теңіздік, таулы немесе өзендік серуендер, аквасаябактарға, ұлттық саябактарға және корыктарға бару, тау мен шөлдегі сафари, аң аулау, балық аулау және баска да көптеген түрлері. Осы қызметтерді ұсынатын қасионрынмен туристердің қосымша қызметпен қамтамасыз ету және бағаларына женілдік алу мақсаттарымен жеке келісім-шарт жасалынады.

Мұражайларды топқа жіктеу. Топтау нысандары болып мұражайлар саналатындықтан мұражайлардың жіктелуі олардың белгілі бір касиетіне байналысты мұражайларды түрлі топтарға белуді көздейді. Жіктелу мұражайлардың белгілі түр, бағдар, мәртебе және санатқа жатқызылуын көрсетеді.

Мұражай түрі қоғамдық қолданудың сипаттымен айқындалады. Бұл белгілер бойынша мұражайлар үш негізгі түрлерге белінеді: ғылыми - ағартушылық, ғылыми және білім беру.

Мұражай бағдары белгілі білім, өнер немесе өндіріс саласындағы байланыстармен аныкталады. Мұражайлардың топтарға бірігі педагогикалық қызмет тәсілдерін жүйелендіріп және мұражайдың өзіндік өзгешелік бағдарына сәйкес оның білім беру мен ағартушылық қызметтерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда педагогикалық жұмыстың түрлері мен әдістері мұражайдың әр тобы үшін бірдей болады.

Мұражайлар жабық жүйедегі, мемлекет пен қоғам алдында мұражай заттарын сактау, қорғау, пайдалану функцияларына жауап беретін мекеме. Мұражай жүйелері әртүрлі профильдегі, типтегі мұражайлардан тұрады.

Мұражайлар негізгі профилі жағынан төмендегідей тоңтарға бөлінеді:

1. Тарихи мұражайлар – тарих білімі мен ғылымына негізделген жүйе бойынша бөлінеді.

Олар: а) жалпы тарихи б) археологиялық в) этнографиялық г) нумизматикалық д) тарихи – экономикалық е) білім мен ағартушылық тарихы ж) арнайы тарихи мұражай (спорт тарихы, музика тарихы т.б.)

2. Қөркеменер мұражайы өнер мен өнертануға кәтысты барлық мұражайлар. Мысалы, өнертану мұражайы, картина галереясы, мұсін мұражайы, колөнер мұражайы, қолданбалы өнер мұражайы, гравюра кабинеті, театр, музика, кино өнері мұражайлары т. с. с.

3. Табиғи – жаратылыстану тарихи мұражайлары - өз жұмыстарында жаратылыстану ғылымы пәндеріне сүйенеді. Оған биологиялық, ботаникалық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, антропологиялық және экологиялық т. с. с. мұражайлар жатады.

4. Техникалық мұражайлар – техника ғылымымен тығыз байланысты мұражайлар, оған: политехникалық, техникалық, авиация, автоқөлік, байланыс, кеме жасау, тау – кен ісі, темір жол көлігі, жеке өнеркәсіптер мұражайы, техника ескерткіштері т. с. с. мұражайлар жатады.

5. Әдеби мұражайлар - әдебиет салаларына бағытталған, белгілі жазушылардың өмірі мен қызметіне арналған мұражайлар.

6. Кешенді мұражайлар – екі, үш профильде жұмыс жүргізетін мұражайлар. Мысалы, тарихи – көркем, тарихи – архитектуралық, ауыл шаруашылығы мұражайы т. с. с.

Комплекті мұражайлардың кең тараган түрі - өлкетану мұражайлары. Олар тарих пен жаратылыстану бағытын біріктіріп жұмыс істейді.

Ал типтік жағынан мұражайлар 3 – ке бөлінеді:

- 1) ғылыми зерттеу;
- 2) көпшілік – ағарту;
- 3) зерттеу, академиялық – оку.

Казіргі мұражай жүйесінде ғылыми зерттеу типі кең тараган. Ал академиялық оқыту мұражайлары белгілі бір ғылыми салаға байланысты зерттеу жұмысын төрөн жүргізеді. Әсіресе, мұражай қорларын жинақтаған кезде далалық экспедиция жұмыстары, бірлескен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі кеңінен қолданылады.

Мұражай жұмысы тек өткен дәуірдің ескерткіштерін жинап қана коймай, қазіргі заман түрғысынан да үнемі ізденушілік, зерттеу жұмыстарын үзбейді.

Ғылыми жұмыстардың көп міндеттері экспозициялар арқылы шешіледі. Мұражайлар мынадай белгілер бойынша жіктеледі.

1. Түрі бойынша немесе қызмет аясы мен адресат бойынша (зерттеу, ғылыми-ағартушылық, білім беру, балаларға арналған);

2. Сакталған мұраның түрі бойынша (коллекциялық Мұражайлары, коршаган орта мұражайы, үй-мұражайы, сарай-мұражайлар, пәтермұражайлар);

3. Ғылыми-құжаттамалық қызметті жүзеге асыру белгісі бойынша (коллекциялық және ансамбль түріндегі мұражайлар);

4. Экспозиция мен нысандарының ғимарат қабырғасынан тыс орналасуы бойынша аспан астындағы мұражайлар (мұражай-ескерткіштер, мұражай қорыктар, сәулет-ансамбльдері, ландшафттылар, қоныстар, ботаникалық бактар, «Скансен» түріндегі мұражайлар, тірі мұражайлар);

5. Еki немесе одан да көп бағдарды біріктірген өзіндік белгілері бар мұражай түрлері (кешендік, олкетану, тарихи-әдебиеттік, сәулеткөркеменер, экомұражай, мемориалды);

6. Мәдени маңыздылығының санаты бойынша (ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысандарының тізіміне кіретін мәдени мұраның аса құнды нысанының мұражайлары);

7. Мәртебесі бойынша мұражайлар үш топка бөлінеді:

а) Меншік түрі бойынша (мемлекеттік, муниципалды, қоғамдық, коммуналдық, ведомстволық, бірлескен, жеке, шіркеулік, оку орындары жанындағы мұражайлар, өнеркәсіп жанындағы мұражайлар);

ә) Әкімшілік аумағы тиесілі бойынша (орталық, ұлттық, республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық, аймақтық, ауылдық);

б) Мұражай желісінде орны бойынша (мұражайлық бірлестіктер, бөлімшелер, басмұражайлар, мұражай-корыктар, мәдениеттің аса құнды нысаны-мұражайлар); - қызмет көлемділігі бойынша - мұражай түрінің мекемелері (виртуалды мұражай, мұражайдың жеке қызметін атқаратын мекемелер-галерия); - бейінді топтар бойынша (мұражайдың белгілі ғылыммен, өндіріс саласымен, техника немесе өнер түрімен байланысады).

Мұражайлардың түрі немесе қызмет аясы мен адресат бойынша жіктелуі мұражай қызмет жасап отыратын келушілердің негізгі санатымен байланысты. Келушілер санаты ішінде әдетте келушілердің кең шеңбері оқушылар, балалар, мамандар көзге түседі.

Мұражайлардың түрі бойынша жіктелуіне ғылыми-зерттеу, ғылыми ағартушылық, білім беру, балалар мұражайлары жатады [23].

15-такырып. Туристік қызмет және туристік ресурстар.

Жоспар

1. Рекреациялық туризмнің іс-әрекет әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде
2. Рекациялық аудандарға сипаттама

Қазіргі уақытта көпшілігі үш негізгі қағидаға бағытталған әлеуметтік туризмнің Концепциясына қарайды: туризмдік ортадағы тәмен табысты адамдарды, қоғамның әрбір мүшесі ретінде демалыспен қамтамасыз ету; аз қамтылған азаматтарға туристік саяхаттарға бару үшін субсидия беру; туризм дамуындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға қатыстыру. Ол Швейцарияда, Германияда, Францияда демалыс қағаздарын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Қазакстанда туризмнің бұл типі әлеуметтік қорғау фонды арқылы және емделу-сауықтыру туризмі арқылы іске асырылады. Соңғы жылдары туризмнің жаңа түрлері пайда болды және сұраныска ие болды: экотуризм, агротуризм, экзотикалы-шытырман және төтенше туризм. Бұлардың пайда болуы бірқатар факторлардан туындаған: саяхатты үйымдастыруды жана мүмкіншіліктер беретін ғылыми-техникалық прогресс; стресті женілдетуді қажет етушілер және өмірдің тірлігінен мезі болғандарды ескеретін урбандалу.

Экотуризмнің басты мақсаты – туристерді табиғаттың құндылығымен таныстыру, адамдарға экологиялық тәрбие және білім беру. Оны үйымдастырудың ерекшелік – саяхатты үйымдастыруды табиғи ортаға минималды әсер ету, конакүйлер желісін құру, туристерді экологиялық таза тағамдармен қамтамасыз ету және т.б. Экотуризм өзгерілмеген немесе адамдар әрекетінен аз өзгеріске ұшыраған экологиялық таза табиғи аумактарға баруды қамтиды (ұлттық табиғи саябақтар, корықтар, корықшалар). Экотуризм шенберінде экобілімділік турлар, экожүйедегі турлар, фотомен аң аулауды атауға болады.

Агротуризм (ауылдық туризм) экологиялық таза аудандарда демалу немесе қоңыл көтеруді үйымдастыру мақсатымен ауылдық жерлерге бару. Оның дамуы, таралуы және өте жоғары дәрежеде танымал болуының алғышарттары: урбандалу деңгейінің өсуі, құны тәмен демалыстың қолжетімді болуы, экологиялық таза және пайдалы тағамдарды пайдалану

мүмкіндігінің болуы, табиғатты демалу ниетінің болуы. Ауылдық туризм типі бойынша демалысты таңдаудың негізгі мотиві келесідей: қымбат курорттар немесе конакүйлерде демалуға қаражаттың жетіспеушілігі, ауылдық жердегі өмір салтының тұрактылығы, дәрігердің нұсқаулығы бойынша климаттық жағдайлардағы сауықтыру қажеттіліктері, табиғи табиғатқа жақын болу және таза ауада, орманда көп уақыт өткізу мүмкіншілігі, экологиялық таза өнімдермен тамактану, тыныш өмірге деген қажеттілік, басқадай мәдениет пен дәстүрлерді косылу мүмкіндігі. Агротуризмді үйлемдестеру ауылдағы үйлерде тұрумен және тамактанумен ауылдық турларды қалыптастыратын арнаулы «туристік ауылдарды» құрумен қамтылады. Агротуризмнің «бір күндігі» Канада және АҚШ-та тараған. Адамдар ауылдық жердегі егін алқаптары мен плантацияларға өздеріне қажетті жеміс-жидектерді жинау үшін келеді. Бұл қаланың адамдары үшін өз мәніндегі демалыс және қоңыр көтеру, ақшалай қаражаттың үнемдеу, себебі жеміс-жидектерді өздігінен жинау, дүкеннен сатып алуға қараганда, арзанға түседі, ал фермерлерге көлікке және оны тасымалдауға кететін шығынды азайтады. АҚШ-та Хэллоуин мерекесінің алдында жастар өз компанияларымен немесе отбасымен қала сыртына барып демалады және өзіне ұнаған қауынды таңдалап алады [24].

Экзотикалық-шытырман және төтенше туризм ерекше табиғи нысандарға және шытырман әрекеттерге баруга бағытталған (сарқырамалар, шөлдер және басқалар). Заманауи туризмнің арнаулы түрлеріне келесі белгілерімен сипатталатын турлар жатады: көлемді емес; туризмнің өте аз танымал түрі; соңғы тур өнім құрастырудагы киыншылықтар; капитал қажет ететін туризм түрі; туризмнің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіріп турлар, адамдар екінші қайта қажет ететін, туризмнің жаңа түрлері; акша берудің дәсүрлі емес қозғаланатын туризм түрі. Арнаулы туристік-рекреациялық әрекеттің категориялары және сандарының арнаулы турлдері берілмеген. Туристердің қажеттіліктерінің өзгеруіне қарай жана арнаулы түрлер пайдаланып бола бастайды, ал олардың қатары біртекті және үйреншікті түрге айналады.

Туризм саласындағы алғашқы теориялық зерттеулерді XX-ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Францияда Р. Бланшер, Италияда А. Мариотти еңбектерінен көреміз. Олар Еуропадағы туристік қозғалыстар мен Альпі таулы аумағындағы туристік шаруашылыкты дамыту мәселелерімен айналысып бірнеше құнды еңбектер жариялады. XX-ғасырдың отызыншы жылдарында туризм географиясының мазмұндық саласына, Германияда – Р. Глюксман, А.Борман, Х. Позер, Францияда - Д. Мидж, Швейцарияда – В. Унцикер, Жапонияда – М. Сато, К.Мисава, Й. Танаке, К. Танака, Т. Осаки сонымен қатар, АҚШ-та – Р. Браун, К.С. Мак-Мерри көлтегер мен толықтырулар енгізді. Олардың

зерттеулерінде туризмнің ауылдық елді мекендер мен жергілікті жердегі кеңістік пен туристік ресурстарға тигізетін әлеуметтік-экономикалық әсерлер туралы болды. Еуропа ғалымдарының зерттеулер нәтижесінде Берлинде жоғарғы сауда мектебінің жанында (1929-1934) алғаш рет туризм зерттеу институты ашылып, алғаш туризм теориясының іргетасы каланды. Туризмді ғылыми тұрғыдан қарастырған, мамандар даярлайтын жоғары білім беретін бірінші туристік орталық болып Ягеллон университетінің жанынан 1970 жылы М. Бачваров ашқан Краков туризм студиясы. Сол жылдары поляк географы С.Лещицкийдің туристік теориялық зерттеу еңбектері жарық көрді. Ол бірінші рет ғылыми әдебиеттерге «туризм географиясы», «туристік география» түсініктеріне аныктама беріп, географиялық әдебиеттерге «туризм» терминін енгізді. Туризм географиясының осы кезеңдегі дамуында туристік қозғалыстарға, оның даму үрдісіне байланысты теориялық, шаруашылық, географиялық, құқықтық, қоғамдық мәселелерін қарастырылды. Туризм түсінігін анықтау маңызды мәнге ие болды және басты рөл аткарды [40].

КСРО-да 1960-жылдардан бастап демалыс пен туризм, демалыс орындары орналасатын аудандарды жоспарлау жұмыстары қолға алынды. Табиғат кешендерін рекреациялық бағалауды Л.И.Мухина, В.В. Савельева (1973), олардың рекреациялық сыйымдылығын, рекреациялық салмаққа тұрақтылығын Н.С. Казанская (1972), Е.Г.Шеффер (1973) анықтау максатында зерттеулер жүргізді. М.В.Ломоносов атындағы ММУ-тің ландшафттанушы ғалымдары Е.Д. Смирнова, В.Б.Нефедова, шипажайлы емдік сауықтыру аймақтарында географиялық зерттеу бағытында колданбалы зерттеулер жүргізіп, рекреациялық аумактарды анықтап пайдалану туралы ұсыныстар жасады. Осыған орай рекреациялық аудандастырудың мәні анықталып, қагидалары мен әдістері жасалынды. Экономикалық-географиялық сипаттама беру бағытын көздейтін И.В.Зорин (1969), Б.Б.Родоман (1971), М.Бачваров (1970) зерттеулері маңыздылығы жоғары. Туризм экономиканың бір саласы ретінде қарастырыла отырып экономикалық тұрғыдағы зерттеулер П.Самуэльсон, К.Эрроу, В.Леонтьев концепциялары шаруашылық стратегиялық жоспарлаудағы, И.А.Александров, А.И.Анчишкин, А.Г. Аганбегян, Н.Е. Колсовский, А.М.Алексеев, т.б., аумактық жүйелердің әртүрлі деңгейдегі даму теориясы мен практикасы негізделді. Ресейлік және шетел ғалымдары В.Г. Гуляев, Е.П.Голубков, Ф. Котлер, Е. Криппендорф, А.М. Лавров және т.б. аумактық рекреациялық кешендердің даму проблемасын маркетингтік тұрғыда қарастырды. 1973 жылы алғаш рет КСРО-да профессор В.С.Преображенскийдің мектебі (КСРО Ғылым Академиясының География институты) алғаш рет рекреациялық аудандастыруды жүзеге асырып оның нәтижелері 1980 жылы нақтыланып

іске аса бастады. КСРО аумағы 4 аймакқа, 20 ауданға бөлінді. Бес жыл өткен соң И.В. Зорин рекреациялық аудандастыруды нактылай отырып, КСРО аумағын 5 аймакка, 31 ауданға бөлді. Ал КСРО-ның ыдырауына байланысты Ресейдің халықаралық туризм академиясының ғалымдары ТМД елдерінің аумағын 4 рекреациялық аймакқа, 20 ауданға (2008) бөлгеген.

Қазақстанда табиғи шипажайлыш жергілікті жерлерді анықтау бағытындағы экспедициялық зерттеулер 1930-жылдары жүргізіле бастады. Экспедицияның құрамына бальнеолог М.С.Лавров, климатолог Н.Н. Коростелев, инженер-химик Э.Э. Картерс, сонымен қатар дәрігерлер енді. Олар Ку, Аяқ Қалқан минералды су көздерін зерттеп, емдік мақсатта пайдалану мүмкіндіктерін анықтады. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, Қазак КСР-ның ғылым академиясының емдік және экспериментальды хирургия институтының курортология секторының ғылыми зерттеушілері Б.А. Атшабаров, Ш. Сабденов Қапал-Арасан шипажайында науқастарды сумен емдеу әдістерін одан әрі жетілдіру жүмыстарын бастады. Географиялық зерттеулер Қазақстандық ғалымдар тарапынанда 1970-2016 жж. А.С. Бейсенова, А.Р. Медеу, Ж.Д.Достай, В.П.Благовещенский, И.В. Северский, Г.В. Гельдиева, Г.М.Джаналеева жүргізді [9, 11-12 б]. Туризмнің маңыздылығы жөніндегі теориялық-әдіснамалық анықтамаларды отандық С.Р. Ердәүлетов (1993), А.М. Мелдебеков (1998), С.Тілеубергенов (1995), К. Мусин (1997), Д. Вудворд (2008), Е.А. Токпанов (2008), О.Б. Мазбаев (2010), А.А. Жакупов (2016) зерттеулерінен және т.б ғылыми танымдық әдебиеттерде кездестіруге болады. Қазақстанда туризм географиясының ғылыми зерттеу бастасы 1970-жылдары Мемлекеттік жобалау институтынан (Казгипрограм) басталды. Онда әртүрлі маман иелері Қазақстанның туризмінің аумақтық орналасу мәселелерімен айналысты. Алғашкы туристік зерттеулерге С.Р.Ердәүлетовтің «Жамбыл облысында 1990-2005 жж. туризм индустриясын даму және орналасу схемасы 1993 жылы КР туризм индустриясының үлттүк даму бағдарламасы жасалынды. Л.К.Чиковани, М.К.Назарчук, Н.Н.Гировка, Т.Б.Байзаков, С.Н. Дудукалова, И.Л. Фишман, О.Е. Фирсова туристік карталары пайда болды. 2008 жылы Туризм және спорт министрлігі тапсырысымен Қазақстан республикасы туристік карта-схемасы құрастырылды, авторлары - Т.Бекбергенов, Б. Кожахметов, Г. Парамонов. Алматы облысының ландшафт-экологиялық 1:600000 масштабтағы картасы М.К. Назарчук басшылығымен 2007 жылы алдымен орыс тілінде, сонынан О.Б. Мазбаев авторлық аудармасымен қазак тілінде жарық көрді. 1990-жылдары география институты мамандары В.И. Попов (1997-1999), В.П. Благовещенский басшылығымен Солтүстік Тянь-Шань, Жетісу Алатауы рекреациялық табигатты

пайдалану мәселелерімен айналысты. Нәтижесінде рекреациялық аудандастыру принципі қаланды, картографиялық рекреациялық әдістеме негізделді. 2000-жылдардан бергі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің экономикалық географиядан коргалаган кандидаттық диссертациялар туристік зерттеулерге өзіндік үлес қости. С.Р.Ердәuletov Қазақстанда туризмді аумактық ұйымдастыру мен кешенде дамытудың теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік мәселелерін зерттеумен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нде 1999 жылы құрылған туризмнің ғылыми-оку орталығында С.Р. Ердәuletovтың басшылығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Фылым Академиясының гранты бойынша 2000 жылдан бастап «Рекреациялық ресурстарды бағалау Қазақстан Республикасында туризм индустриясын тұракты дамытудың кепілі» тақырыбында іргелі зерттеулер жүргізілді.

Қазақстаниң табигат ресурстарын рекреациялық бағалау Т.С. Гуляева, Т.С.Русманова, В.И. Попов, Л.Ю. Абулхатаева, С.Ф. Буланин, Н.П. Гасanova, Н.В.Пиманкина И.Г. Васильева, С.А. Шабельникова еңбектерінде көрініс тапса, география институтының монографиялық басылымдарында географияны тұракты дамыту мәселелері туралы деректерді көреміз. Сонымен катар, академик Ә.С.Бейсенова «Қазақстан табигатын зерттеулері», Г.М. Джаналеева «Теоретические и методологические вопросы географии» монографиялық еңбектерінің географиялық мазмұны туристік зерттеулерге негіз бола алады. Қазіргі кезде Қазақстанда географиялық-рекреациялық тақырыптағы зерттеудердің басталғандығын көреміз [25].

Туристік ресурстарды жіктеу поляк экономисі М.Труаси (*M. Troisi*) 1963 жылы және Француз экономисі П. Дефер 1972 жылдары берген анықтамалары жіңі колданыска ие. М.Труаси жіктеулерінің негізінде туристік ресурстарды адам әрекетімен жасалынған және адамдардың қатысы жоқ қалыптасқан ресурстық топтарға жіктелуі басым. Ол негізінен уш топқа бөледі:

- табиги туристік ресурстар «әлеуетті туристік капитал». Олар климат, өзен, көл, тауар, орман алаптары. Бір сөзben айтқанда табиги климаттық ресурстар деп атауға болады. Осы ресурстар қалпына келмейтін және ұзак жылдар бойы кайта түзілетін деп саналады;
- адам қолымен жасалынған туристік ресурстар. Архитектуралық кешендер, құрылымдар мен ескерткіштер, өнер туындылары. Оларды экскурсиялық танымдық нысандар тобына жатқызымыз;
- «Қосымша» туристік ресурстар тобы дей отырып адамдардың іс-әрекеті барысында қызмет көрсетуге бағытталған нысандар мен инфрақұрылымдық жағдайларды жатқызады.

П. Дефер туристік ресурстарға адамдарға қызмет көрсететін кешендерді жатқызбай барлық туристік ресурстарды төртке беліп карастырады. Әр тол өзіндік элементтерге белінеді: гидроном – туристік ресурстар тобына суға байланысты ресурстар топталған. Олар: теңіз, көл, өзен, мұздықтар, сарқырамалар, минералды су көздері; фитом – туристік ресурстар тобы жерге байланысты топтастырылған. Фитом элементі болып тау, орман, жанартаулар, шығанактар мен фьордтар, әдемі табиғат көріністері, адамдар іс-әрекеті барысында қалыптасқан ұлттық саябақтар саналады; литом – адамдар еңбегімен пайда болған туристерді қызықтыратын нысандар тобын санайды. Тарихи археологиялық құрылымдар, мұражайлар, этнографиялық ауылдар, әуежайлар, қала көшелері мен архитектурасы т.б. жатқызады; антропом туристік ресурстар тобына адам тіршілігімен тікелей қатысты ұлттық салт-дәстүр, қоленер, әлеуметтік-тұрмыстық, фольклор, өнер туындылары, карнавалдар, ұлттық мейрамдар мен мерекелер, шаруашылық, өндірістік кәсіпорындар т.б. жатқызуы орынды.

Егер де П. Дефер туристік ресурстар жіктемесіне сүйенсек, барлық туристік рекреациялық ресурстарды екі топқа бөле отырып карастырған орынды.

Негізгі туристік ререациялық ресурстар тобы деп оған табиғи, тарихи, мәдени ресурстарды топтастыру кажет.

Жанама – ресурстық топтар деп оған әлеуметтік экономикалық ресурстарды (материалды, каржылық, еңбек, акпараттық) топтастырамыз.

Ғылыми басылымдар мен әдебиеттерге шолу жасау нәтижесінде туристік рекреациялық ресурстарды казіргі кезде табиғи-климаттық, мәдени-тарихи және әлеуметтік экономикалық ресурстар деп жіктей отырып талдау жасаймыз.

Табиғат ресурстары туризмнің дамуына алғашқы ықпал етуші фактор. Оның қызметі алуан түрлі. Ең басты қызметі адамдардың денсаулығын ретке келтіруші күш қуат беруші рекреациялық маңыздылығы бар. Табиғат ресурстарының пайда болуы жағынан және рекреациялық пайдаланыстағы өзі жіктеледі.

Пайда болуы жағынан физикалық (геологиялық, климаттық, термальді, гидрологиялық ресурстар), биологиялық (топырак ресурстары, флора, фауна), энергоакпараттық (жергілікті жер, ландшафт) болып жіктеледі. Географиялық ортаның алуан түрлі туристік рекреациялық ресурстарға бай болуына, рекреациялық аумақтарды тиімді үйімдастыру, демалыстың түрлерінің қажеттілігін болжау және рекреациялық ресурстардың аймақтық ерекшеліктерін бағалаудың түйінді мәселелерінің ауқымы кен болып келуі нәтижесінде туризм мен демалысты үйімдастыру мақсатында туристік рекреациялық іс-әрекеттің ресурстық

әлеуетін зерттеу, өзекті мәселелерге айналып, арнағы ғылыми танымдық нысанға айналып география салаларының басын біріктіріп жаңа географиялық пән – туризм географиясын калыптастырыды. Туристік рекреациялық іс-әрекеттің өзекті мәселелерін құрумен алғашқылардың бірі болып географияда КСРО география институтының физикалық география бөлімі (бөлім менгерушісі В.С. Преображенский) мен экономикалық география бөлімі (бөлім менгерушісі А.А. Мини) айналысты.

Турист ботаникке қажетті жабдықтар: корапша, жалпақ пышак, курек, жазба дәптер, түсті карандаш, осімдіктер анықтамасы.

Фенеология-табигат заңдылықтарын маусымдық зерттеулері. Фенеологиялық әдісіне көпжылдық бақылаулардың қайталануы жатады.

Турист зоологка қажет аспалтар: суды және жер бетін мекендейтін жәндіктерді аулағын аспалтар; спирт, эфир, фармален және т.б; макта, пинцепт, ине-жіп; газет-қағаздар, жазба кітапша, жазу күралдары.

Осімдіктерді бақылау үшін көктем мен жаз мезгілдеріндегі негізгі бақылау жүргізіледі. Яғни, климатқа тән болуы, топыракпен байланыстылығы, тұқымның себілуі; алғашқы жапырақтың шығуы; ғұлденуі; түсінің өзгеруі; курауы; жануарлар типіне байланысты ірі жануарлар, жәндіктер, құстар болып бөлінеді; тұқым беруі; ортаға бейімделуі

Қазақстанда рекреациялық туризм онша даму деңгейіне жетпеген. Бірақ мұлдем тәмен деп те айта алмаймыз. Себебі Қазақстанның территориясының кай аймағына қарамасаң да рекреацияға қолайлы ресурстар табылады, бірақ сервистің қызмет көрсетуі халықаралық стандарттар деңгейіне сәйкес келмейді. Егер дүниежүзілік стандарттарына жауап беріп жатса онда көптеген шетел валютасын тартуға мүмкіндіктер туар еді. Себебі Қазақстанның табигаты басқа елдердікіне қарағанда таза да, жаңа және де емдік касиеттері мол жерлері көп. Мәселен: Оңтүстік Қазақстан облысында: Сарыагаш, Барыс, Арман және тагы басқа, Көкшетау қаласы маңындағы көптеген рекреациондық аймактар, Алматы облысы территориясындағы санаторилер барлығы-барлығы еліміз Қазақстанның дамына өз үлестерін аз да болса да косып отыр.

Осындағы мол ресурстарды болашақ біздер бүкіл әлемге әйгілі етіп, дамытып, шетел валютасын тарту арқылы еліміздің экономикасын одан әрі даму деңгейіне жеткізуіміз керек.

Казіргі таңда рекреациялық туризмнің дамуының ортақ тенденцияларын анықтай білу қажет. Оған келесі тенденцияларды жатқызуға болады:

-Рекреациялық сұраныс көп ауданға дем алу орындарын жақындауды.

-Азаматтардың аз уақыт ішінде дем алуына жағдай жасау.

-Ұлттық және табиғи парктерді ұйымдастыру, және де орман, гидропарктерді ұйымдастыру, себебі, бүкіл жыл мезгілдерінде туристер табиғатта активті дем алуы үшін.

-Жаңа демалу фирмалары мен түрлөрін ойладап табу.

-Туристік рекреациямен айналысатын фирмалардың қызметін жылдың барлық уақытында тұтынуға мүмкін ету керек.

Шығыс Қазақстан облысының бірегей туристік әлеуеті бар. Туризм дамуының күшті жақтары болып табылатындар: ыңғайлы географиялық жағдай (Еуразия орталығы), Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен және Монголиямен шекаралас ынтымақтастық, ұланғайыр аумақ және табиғат ландшафтының сан алуандығы, бірегей рекреациялық ресурстар, бай мәдени-тарихи мұра, сондай-ак көрші мемлекеттердің шекаралас өнірлерінде қазақ диаспорасының тұруы. 2006 жылы облыста 55 туристік фирма тіркелген. Туризм дамуының басым бағыттарынан келіп-кету бағыттарын және ішкі бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Облысымыздың болып кайтқан туристер негізінен Ресей Федерациясынан, Германиядан, Қытайдан, Франциядан туыстарына барып қайту мақсатымен, іскерлік максаттармен, сондай-ак демалу және танымдық максатпен келді. Облыс аумағында 15 санаторийлер, емделу пансионаттары және демалу базалары жұмыс істейді. Қонақ үй шаруашылығы 38 қонақ үйінен тұрады, оның 5-үйінің мейрамханалары бар, 16-сының мейрамханасы жок және 17-сі аз уақыт тұруға арналған. Объектілер санының өсуі және олардың толығуының тұрақтылығы байқалады. Облыс аумағында 670 тарихи-мәдени мұра ескерткіштері, сондай-ак туристік жағынан қызықты бірнеше ондаған бірегей табиғат объектілері орналаскан. Облыс шегінде бірнеше маңызды рекреациялық аймактар айқындалған: Бұқтырма жағалауы, Сібе көлдері, Алакөл көлі, Катон-Карағай ауданы және Риддер қаласына жақын аймактар. Осы аумақтарда ТМД-ның ғана емес, алыс шетелдердің де көптеген туристерін қызықтыратын Кенді Алтай табиғатының негізгі көрікті жерлері орналасқан. Бұған қоса, бай табиғат және мәдениет әлеуетіне негізделген облыстың қазіргі заманғы туристік индустриясы халықаралық талаптарға сай емес және туристік саланың және туризммен аralас салалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етпейді. Бұғынғі күні туризмнің инфрақұрылымы, сервис деңгейі нашар дамыған, екінші буындағы білікті туристік кадрлар жетіспейді, автомобиль жолдарының, көптеген мәдениет және тарих ескерткіштерінің канаттаганғысыз жағдайы, батыстық туристің біздің өлкө туралы хабарының аздығы, туризмнің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесінің жетілмелегендігі, облыстың кейбір аудандарындағы экологиялық жағдайдың қолайсыздығы.

Жоғарыда аталған рекреациялық демалу аймақтарының экологиялық жағдайының проблемаларын шешу байсалды қырдан келуді талап етеді. Мысалы, «Голубой заливтің» Орталық аймагындағы, Алакөл көлі мен Сібе көлдеріне жақын аумактардағы антропогендік жүктеме өте жоғары және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян әкеледі. Бұл аумакгарда көптеген құрылыштар санитарлық және су корғау нормаларының талаптары ескерілмей тұрғызылған. Жер белу катанды келісімсіз және құрылыштың бас жоспарлары әзірленбей жүзеге асырылған. Бұл жағдайды тексеру арнағы түгендеге зерттеулерін қажет етеді, соның негізінде осы аймақтар құрылышын қайта үйымдастырудың бас жоспары әзірленетін болады, оларды пайдаланудың және жағдайды бакылаудың бірынғай жүйесі құрылатын болады. Осы бағытта біршама жұмыстар жүргізілуде [26].

Бұктырма жағалауы, Алакөл көлі және Сібе көлдері рекреациялық аймақтарының сыйбалары жасалды. Осы аймақтардағы жерлерді мемлекеттік қордан алып, рекреациялық мақсаттағы жерлер санатына жатқызу жүзеге асырылды. Құрылышты және оларды пайдалануды реттеу жөнінде шараларды қабылдау үшін осы аумактардағы объектілерді түгендеге жөніндегі ведомствоаралық жұмыс комиссиясы құрылды. ШҚО-да табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы қолда барларын ұтымды, ұқыпты игеру және оларды кейіннен ақылмен игеру және болашак ұрпақ үшін сактау қажеттілігінен туындауы қажет. Шығыс Қазақстан облысының табиғи кешені және оның қурамдас бөлігі, мәдени-тарихи ескеркіштері өзінің туристік мүмкіншілігі жөнінде бірегей. Географиялық және саяси ерекшелігіне байланысты ол экологиялық таза қалпын сактап қалды. Шығыс Қазақстан аумағы шөлдерімен, даласымен, тайласымен, тауларымен, өзендерімен, көлдерімен табиғи ландшафттар спектрімен бай.

Альпинистер мен тау туристеріне Белуха тауына саяхат ұсынылады. Туризмді дамыту жөніндегі негізгі бағыттар: экологиялық туризм, панта емі, санаториялық, корыктарда болу (экосокәпфы), ауыл үлгісіндегі демалыс, альптурлар, рафтингтер, арнағы турлар: геологиялық, археологиялық, орнитологиялық.

Катонқарағай ауданында туристарға радон ваннасын қабылдаумен денсаулық курсын ұсынатын «Рахман көздері» санаториясы, «Долина царей» пантамен емдеу демалыс базасы орналасқан.

Зайсан ауданында туризмнің мына бағыттары әзірленген: шоптурлар (Қытай), балық аулау туры, этнотурлар және маршруттар: сауыр тауларын, «Сауыр және Тарбағатай жоталарының тау етектерін» суретке түсіру; аңшылық турлар: «Қасқыр аулау», «Марал-тау ешкісі» құрама аңшылығы, Зайсантохты». Алматы облысының аумағы солтүстігінде Балқаш каласы арқылы Сарыар-қаның оңтүстік сілемдерімен солтүстік

шығысында Тарбағатай жотасымен, Барлық майлы тауларымен (Алакөл қазаншүңкырымен болған), шығысында Жетісу (Жонғар) қакпасы, Борохор, Боротола жоталары арқылы Қыттаймен, оңтүстік шығысында солтүстік Тянь-Шаньнің (Ұзынқара) жотасымен және Күгей Алатауымен, оңтүстігінде Іле Теріскей Алатауымен және Кіндіктас тауларымен, батысында Жусандала үстірті арқылы Шу-Іле тауының Айтау т.б. аласа таулар мен тауаралық анғарлар шектеседі. Солтүстік батыста Балқаш каласы арқылы Бетпақдала қырыштықтасты шөлді өніріне ұласады.

Әнші құм - Іле өзенінің арғы жағында, солтүстік шығыс Алматыда таңғажайып табиғат құбылысы бар. Жұрттың айтуы бойынша бұл - Әнші құм. Ол ашық түсті құм түстерінен, сонымен қатар Жонғар Алатауының Үлкен және Кіші Қалқан бектерінің көленексінен ерекше түске ие болады. Құмнан тұратын таудың ұзындығы 1,5 км, ал биіктігі 120 м. Бархан Қалқан шатқалының ортасында орналасқан. Әнші құмды тамашалауға туристер жиі келеді, олар үшін барханның 2 және 3 төбелеріне шығу өте кызықты, өйткені бүндай білктікten Іле өзені мен Алатау тауларының таңғажайып көріністерін тамашалауға болады.

Шарын каньоны Алматы облысының шығысында, Алматы каласынан 163 км қашықтықта орналасқан. Каньонның аумағы 154 км. Осыдан 25 миллион жыл бұрын осы аймакты үлкен көл алып жаткан, кейіннен бұл көл тартылып, шатқалдық бүкіл тетіктерінен 200-300 м су шайып өткен. Бұл атакты Шарын өзені. Жалпы кантоның биіктігі 300 м, мұнда 300 миллион жыл өмір сүрген, сонау карбон кезіндегі жәндіктер қалдықтары бар. Сонымен қатар Шарын каньонын «Долина замков» те атайды.

Қазан үңгірі Іле Алатауының солтүстік бектерінде орналасқан, бұл Шымбулак шаңғы базасынан 3 километр қашықтықта. Бұл үңгір Қазақстан территориясындағы ең үлкен үңгір болып есептеледі, оның ұзындығы 1390 км, ал ені 1-3 метр, биіктігі 8-10 метр. Қазан үңгір мореналары биіктеген сайын ені кішіреюде, оның кейбір жерлерінде мұзды қалыптасулар бар. Қазіргі кезде үңгір түрғылыксız болып табылады, бұған себеп оның орналасуы: теңіз деңгейінен 3300 метр биіктікте және кауіпті лавалы жерде орнылған, сондықтан бұл жерде туристік саяхаттар жасауға тиім салынады.

Қапал – Арасан санаторийі бұрынғы Талдыкорған облысында орналасқан., нақтырақ айтатын болсақ ол Талдыкорған қаласынан 300 шакырым жерде, Қапал деген ауылда орналасқан. Жалпы бұл демалыс орны облыстағы ең танымал санаторилердің бірі. Қапал – Арасанда тек қана әсем табиғат емес, сонымен қатар казақтың емді сусындарымен емдеу әдістері жүреді. Санаторийде адамды физиологиялық қана емес сонымен бірге психологиялық түрғыдан да қалпына келтіріп, сауықтыру

жұмыстары жүргізіледі. Мұнда шұбат, қымыз, сұттен жасалған әртүрлі тағамдармен ем жұмыстары жүргізіледі.

Алма – Арасан санаторийі Алматы қаласында орналаскан. Жергәләкті санаториде халықтың емдеу салалары колданылады. Жынына Алма – Арасанға тек Алматы облысынан 5000 жуық демалушылар келеді. Облыс ішіндегі ең танымал демалу орны болғаннан кейін, жоғарғы технологиялық шаралар, тәжірибелер колданылады.

Есік обасы - Алматының шығысында 50 км жерде, Іле Алатауы баурайында. Есік обасының салынған кезі б.з.д. 6 ғ. деп есептеледі. Оны 1969—1970 жж. зерттеген археолог К. Ақышев. Обаның диаметрі 60, биіктігі 6 м. Топырақ үйіндісінің астында екі қабыр — орталықтағы және бүйірдегісі бар. Орталық қабыр тоналған. Бүйірдегісі аман жетті. Жерленген 18 жасар ханзада. Ол киіндірліп, кару-жарап тақкан күйінде жерленген. Үйдіс-аяктар, бүйіріне 26 таңбадан тұратын екі жол сөз жазылған күміс тостаған жатыр. Өліктің басына биік былғары қалпак-дулыға кигізілген, оның сыртына алтын бұтақтарына құстар конған, сирек ағашты тау бейнеленген. Дұлығаның төбесіне тәж ретінде титімдей арқар бейнесін койған. Марқұмның мойнына үшін барыс бастарымен безендірілген алтын өніржиек салынған, құлағына бирюзадан салпынишағы бар сырға тағылыпты. Екі саусағында алтын жұзіктери бар. Белбеуінің он жағына қызыл түсті ағаш қынапты, үзын сессер ілініпті. Семсер темірден, оралмалы-орам бедері бар сабы имектев. Сол жағына ақинак-қанжар ілінген.

Есік корғаны Сак- Скиф кезеңінің ең маңызды ескерткіші ретінде саналады. Корған б.з.д. 4-ші ғасырға жатқызылады. Корғанда жалғыз адам сақ дәстүрлеріне сәйкес жерленген; ол Ұлы Құшан империясының бір үлгісі болуы мүмкін.

Алтын Адамның бас киімі оқ тәріздес және үстінде платинкалармен өрнектелген сауыт сайман. Оның белбеуі мен кару-жарапы түгелдей алтын. Костюмді Сак іскері аңдық стильде 4,000 алтын орнаменттермен өрнектеп жасаған. Оның каруы (Ақинак)екі жағынан алтынмен капталып, 21 алтын аң бейнесімен өрнектелген «Аң» стилінде жасалған шедевр; Алтын Адамның көшірмесі Алматы және Астана мұражайларында тұр.

Жонгар Алатауының батыс жағындағы Алтын Емел Ұлттық паркі Қазақстандағы ең үлкен корықтарының бірі. 460,000 гектарға созылған корықта жоғалу қаупі бар өсімдіктер мен жануарлардың түрлері сақталған [27].

Елімізде казакстандық және шет елдік азаматтардың әр түрлі туристік қызметтерге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы аса тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешенді іске асыруға жағдай жасалып жатыр,

ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар өзірленді және қабылданды.

Қазақстан Республикасында туризмнің материалды – техникалық базасын дамытуға инвестиция тарту үшін шарттар анықталды. Бұл ретте әлемдік деңгейдегі «Жана Іле» туристік орталығын құру жөніндегі «серпінді» жобаны іске асyrу маңызды мәнге ие болып отыр.

Қазақстандағы ішкі туризмді дамытуда ұлкен роль атқарады және рольді ұлттық парктерді, нағыз қорыктарды, ботаникалық тапсырыс берушілерді, мәдени және сәулет ескерткіштерін ойнайды, бірақ бұл әлі де көрінбейді. Атап айтқанда, Қазақстанның аумағында 10 ұлттық саябак және 10 қорыкшалар бар, 100-ге жуық археологиялық және тарихи ескерткіштер бар, сондай-ақ біздің еліміздің мәдени мұрасы бойынша З-еуі бар. Барлық кемшіліктеге қарамастан, туризм индустрисының он даму үрдісі соңғы айларда белгіленді және бұл бізге ұзақ мерзімді перспективаларды, оның ішінде Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елнің катарына кіру стратегиясының аясында ескере отырып, мақсаттарды қоюға және міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Ұлттық туризм саласы мүмкіншіліктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл туризм индустрисы жоғары технологиялық инфрақұрылымды құру арқылы отандық және шет елдік инвестицияларға негізделген инициативті және ынталандыру негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан туристік туризмнің экзотикалық туризміне, сондай-ақ туристік-экскурсиялық туризмді қолдана алады. Осы аймақтағы негізгі басымдықтар Ақмола облысы, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және басқа да облыстардың Шучинск-Бурабай курорттық аймағы болып табылады, олар Жібек жолы бойынша Қазақстан аумағында орналасқан.

Астана және Алматы қалаларында туризмнің негізінен дамуы. Көптеген елдердің коньистанған азаматтары әлемнің туристері болып табылады, оларда жұмыс істейтін елдерде бар. Біздің азаматтарымыз үшін жағымды туризм дамып келеді. Бұл, бәрінен бұрын, Капшагайда, Балқашта, демалыс және біздің белгілімізде демалыс. Бұл туризмнің ұлкен мүмкіндіктері Каспий теңізінің жағасында орналасқан. Республика халкы да емдеу-сауықтыру туризміне қойылған. «Сары-Ағаш» (Түркістан облысы), «Арасан-Қапал» (Алматы облысы), «Мойылды», «Баянауыл» (Павлодар облысы), «Жанакорған» (Қызылорда облысы), «Шучинск-Бурабай» деп танылған танымал лебіздер (Ақмола облысы), «Каспий» (Манғыстау облысы) және басқа да көптеген. Кескінде меде туристік ресурстары, сипаттайтын Қазақстан, Шарын шатқаплы, Алтын Емел, Қожа Ахмет Ясауи және Арыстан Баб, Қапшагай су қоймалары, Көлсай

көл, Ыстық көл, Түрген сарқырамалары, Тұйык-Су, Хан Тәнірі, нәзік суреттер Тамғалы.

Қазақстандық туристік өнімдерді дамыту Әлемдік туристік нарықтың дамушы елдердің бірегей туристік имиджін қалыптастыру бойынша іс-шараларды іске асыруды жалғастырмай-ақ жетілдірілмеген.

Туристік нарықтың бәсекеге қабілетті түрін қалыптастырудың негізгі факторы отандық туристік өнімнің дамуы бойынша тиімді жарнама кампаниясы болып табылады, бұл келешегі бар экономистикалық компаниялардың туристік және ішкі туризмін жасауға мүмкіндік береді.

Туристік-белсенді елді мекендердегі туристік мүмкіндіктерге байланысты көптеген қалалардың туристік мүмкіндіктері туралы хабарларға байланысты, республикадағы кез-келген туристердің ресурсы туристік қызметті бюджетке түсіріп отырады. Индустріалды сувенирлік өнімді дамыту арқылы кешенді қабылдау мүмкін емес.

Экологиялық туризмді дамыту арқылы аумак потенциалын пайдалану. Бір басымдыққа ие экологиялық туризмінің дамуы. Экологиялық туризмді дамытуға табиғи әлеуеттің үлкен мүмкіндіктері бар, сонымен катар үлкен-климаттық әртүрліліктің, бірегейлілік, ландшафттармен ерекшеленеттің көрсетеді. Экотуризм, туристік аумактарды үлгайту үшін бағдарланған, қоршаган ортаны қорғауға мүмкіндік береді, сондықтан инвестициялық жобаларды іске асыруды талап етеді. Қазақстан аумағында 118 ерекше коргалатын аумак (ЕҚАА) әрекет етеді, 10 мемлекеттік үлттық паркі, туризмді реттелетін туризмді колдана отырып, экотуризмді дамытуға бағытталған.

Туризмнің балалар мен жасөспірімдерді бейнелеу Бір қызығы, елдегі балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға мүмкіндік береді, бұл Қазақстан азаматтарының азаматтығы мен патриотизміне деген сенімі, туган елін танымдық сезіммен қамтамасыз ету, сондай-ақ балалардың денсаулығы мен өмір сүруін ойдағыдай тәрбиелеу болып табылады. Салуатты-сауықтыру туризмін дамыту Кеңестік уақыттагы мерекелік іс-шаралардың аркасында кеңестік климаттық ресурстардың кең спектрін кеңейте отырып, заманауи тиімді әдістерді қолдануға, емделушілерге және емделушілерге арналған реабилитацияға колдануға болады.

Курорттық қызмет көрсетудің бағасы төмендей отырып, жогары терапевттік эсері бар, біз бәсекелестікке қол жеткіздік және нарықка сапалы-сауықтыру туризмнің үлкен мөлшерін бакылап отырдық. Медицина туризмнің соңғы кездері барлық үлкен популлярлық көрініске ие. Тенденция, бұл әртүрлі елдерге жатқызу сапалы медициналық жәрдем алуға келеді, сондықтан адамдар үшін сапалы, сапалы және кез-келген медициналық қызметтерін көрсетуге болады [28].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Вуколов В.Н., Казарчук. Основы туристско-краеведческая работа
2. Биржаков М.Б. Введение в туризм. СПб., Герда 1999
3. Туристский терминологический словарь
4. Калесник С.В. Общее географические закономерности. Москва.1998
5. Алешин В. М. Серебрянников А. В. Туристская топография. М., 1985.
6. Мазбаев О. Туристік өлкетану. Алматы 2002.
7. О.Мазбаев, Б. Асубаев, Е. Токпанов. Туризм және өлкетану негіздері: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013. – 152 б
8. Балабанов И.Т. Экономика туризма. - М., 2000.
9. Чеботарь Ю.М. Туристский бизнес: практическое пособие. - М, 1997.
10. Вуколов В.Н Управление туризмом: введение в специальность
11. Гуляев В.Т Организация туристской деятельности
12. Эколого-геохимический атлас городов и промышленных центров Казахстана.А.,1996
13. Строев К.Ф. Краеведение 2-е изд., испр. и доп. — М.: Просвещение, 1974. — 144 с.
14. Никонова М.А. Краеведение: учеб. пособие для высш. пед. учеб. заведений / М.А.Никонова
15. Колобова Б.А. Краеведение: Учебное пособие. — Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гуманит. ун-та, 2009. — 194 с
16. Пирожков, Г.П. Краеведение: учебник для вузов культуры и искусств / Г.П. Пирожков. – Тамбов – М. – СПб. – Баку – Вена: Изд-во МИНЦ «Нобелистика», 2006. – 272 с.
17. Суслов, В.Г. Краеведческое исследование – одна из форм краеведческой работы в школе / В.Г. Суслов // Тезисы докладов учебнометодического семинара «География, история, культура Санкт-Петербурга: 106 новые направления, методы и подходы в обучении». – СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2002. – С. 33-36.
18. Ситникова, Т.В. Организация работы по литературному краеведению / Т.В. Ситникова // Литература в школе. – 2016. – № 8. – С. 37- 38.
19. Краеведение: учеб. метод. пособие для студ. геогр. фак. / Е. Н. Мещечко; Брест. гос. ун-т имени А. С. Пушкина, каф. географии Беларуси. – Брест : БрГУ, 2010. – 353 с.
20. Шмакова, Г. В. Краеведение : учеб. пособие для СПО / Г. В. Шмакова. — 2-е изд.,перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2018 — 116 с.
21. Краеведение : пособие для учителя / А. В. Даринский, Л. Н. Кривоносова, В. А. Круглова, В. К. Луканенкова ; под ред. А. В. Даринского. — М. : Просвещение, 1987
22. Методика преподавания региональной географии в школе.Учебное пособие для учителей географии и студентов

географических специальностей высших педагогических учебных заведений /М. А. Никонова, О. А. Бахчиева, И. В. Душина [и др.] ; под ред. М. А. Никоновой. — М. : АСТ ; Астрель, 2003

23. Лукиева Е.Б. Историческое краеведение. Учеб. Пособие / Том. Полит. Унив. - Томск, 2003. – 156 с.

24. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. Монография. Алма-Ата: Казахстан, 1982. — 168 с.

25. Воронкова Л.П. История туризма и гостеприимства : Учеб. Пособие.— М.: Фаир Пресс, 2004 . – 302 с.

26. Мазбаев О.Б. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: географ. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.

27. Жакупов А.А. Павлодар облысының аумақтық рекреациялық жүйесінің табиғи-ресурстық әлеуеті: монография. Нұр-Сұлтан, 2019. – 230 б

28. Аяпбекова А.Е., Демеуов А.Б. Халықаралық туризм географиясы: Оку құралы/ Аяпбекова А.Е., Демеуов А.Б. –Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив., 2019 – 159 б

Мазмұны

KIPIСНЕ		3
1-такырып	Қазақстан Республикасының өлкетанудың негізгі мәні мен мақсаттары	4
2-такырып	Өлкетанудың тарихи негіздері.	7
3-такырып.	Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы. Негізгі кезеңдері	13
4-такырып	Тарихи өлкетану - дереккөздерінің түрлері	29
5-такырып	Археологияғы ғылымының тарихи өлкетанудағы рөлі.....	41
6-такырып	Тарихи өлкетануды оқытуда этнография және этнология ғылымдарының орны.	47
7-такырып	Тарихи өлкетанудағы жазба деректердің және ауыз әдебиеттің рөлі	53
8-такырып	Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы	57
9-такырып	Қазақстанда өлкетану салаларының калыптасуы және дамуы	61
10-такырып	Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстандағы өлкетану жұмысына қосқан үлесі	65
11-такырып	XX ғ. 20- жылдарындағы Қазақстандағы тарихи-өлкетану ісінің дамуы	69
12-такырып	Тәүелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану	73
13-такырып	Қазақстанның тарихи өлкетануын зерттеудегі мұражай, мұрағат, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының рөлі	76
14-такырып	Мұражай тандаудың негіздері	84
15-такырып	Туристік қызмет және туристік ресурстар	89
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ		102

А.А. Жакупов, Д.И. Джангельдина.

Өлкетану

Оқу құралы

Басылуға 11.10.2021 қол койылды.

Пішіні 60x84 1/16.

Көлемі 6,5 б.т.

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 0028350

ЖШС «Лантар Трейд»

Тел.: +7 702 251 02 18

e-mail: lantar2018@mail.ru

Алматы қаласы, Егизбаева 7В, офис 704.